

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Қылмыстық құқық және процесс кафедрасы

Б.З.Байсарин

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ.
ЖАЛПЫ БӨЛІК**

Оқу-әдістемелік құрал

Қостанай, 2017

УДК 343

КБЖ 67.408.0 (5Қаз)

Б18

Автор:

Байсарин Бейбіт Зейноллаұлы, қылмыстық құқық және процесс кафедрасының аға оқытушысы

Рецензенттер:

Тұрлыбеков Батырхан Салимович - заң ғылымдарының кандидаты, доцент, Заң факультетінің деканы.

Хакимова Гульнара Еркеновна - заң ғылымдарының кандидаты, доцент, азаматтық құқық және процесс кафедрасының меңгерушісі.

Меңдібаев Талғат Амангельдыевич - ҚР ІІМ Оқу орталығының (Қостанай қаласы) бастығы, заң ғылымдарының кандидаты.

Байсарин Б.З.

Б18 Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлік: Оқу-әдістемелік құрал. Б.З.Байсарин. - Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2017.- 98 бет.

ISBN 978-601-7933-00-5

Қылмыстық Заңға жыл сайын көп өзгерістер енгізіліп отырады. Осы Заңның ағымынан қалып қоймас үшін бұл оқу материалдарында қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің, Жалпы бөлігінің баптарына түсініктеме берілген. Сондықтан ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал білім алушыларға өздерінің білімдерін, Заң талабына сай жетілдіруге мүмкіншілік жасайды.

Бұл оқу-әдістемелік құралды, тек қана күндізгі оқу бөлімінің білім алушылары ғана емес, сонымен қатар сырттай оқитын білім алушылармен қатар құқық қорғау органдарының мамандарына да қолдануға болады.

5В030100 – Құқықтану мамандығы бойынша күндізгі оқу бөлімінің білім алушыларына арналған.

УДК 343

КБЖ67.408.0

Б18

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің оқу әдістемелік кеңесімен бекітілген және басып шығаруға ұсынылған хаттама № 4 14.06.2017ж.

ISBN978-601-7933-00-5

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті,

© Байсарин Б.З., 2017

М а з м ұ н ы

Кіріспе	4
1 Тақырып Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығының түсінігі, міндеттері, жүйесі, қайнар көздері және қағидаттары.....	5
2 Тақырып Қылмыстық заң.....	10
3 Тақырып Қылмыстың ұғымы.....	21
4 Тақырып Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері. Қылмыс құрамы	23
5 Тақырып Қылмыстың объектісі.....	27
6 Тақырып Қылмыстың объективтік жағы.....	29
7 Тақырып Қылмыстың субъектісі.....	35
8 Тақырып Қылмыстың субъективтік жағы.....	36
9 Тақырып Іс-әрекеттің қылмыс екенін жоятын мән.....	40
10 Тақырып Қылмыс істеу сатылары.....	47
11 Тақырып Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу.....	51
12 Тақырып Қылмыстардың көптігі.....	54
13 Тақырып Жазаның түсінігі және мақсаттары.....	57
14 Тақырып Жазаның жүйесі мен түрлері.....	59
15 Тақырып Жаза тағайындау.....	69
16 Тақырып Қылмыстық жауаптылықтан босату.....	79
17 Тақырып Қылмыстық жазадан босату.....	83
18 Тақырып Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы.....	89
19 Тақырып Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.....	92
Пайдаланылған дереккөздер тізімі	97

КІРІСПЕ

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев халыққа Жолдауында азаматтардың іскерлік белсенділігін жүзеге асыруына барынша мүмкіндік туғызу мемлекеттің міндеті екенін, осы мақсатта ұлттық құқықтық жүйені жаңғыртудың кезекті кезеңін бастау қажеттігіне баса мән берді. Жолдауды жүзеге асыру мақсатында Қылмыстық кодекстің жобасы әзірленіп, жан-жақты талқылау-сараптамадан кейін оған Елбасы қол қойды. 2015 жылдың 1 қаңтарынан жаңа Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қолданысқа енді, оның құрылымы Жалпы және Ерекше бөлімдерден тұрады, 467 бап көзделген (бұрынғы ҚК-те 393 бап), бұл 74 бапқа артық.

Жаңа кодекстің жалпы бөлімі бұрынғыдай, ҚК 7 бөлімнен және 98 баптан тұрады (бұрынғыда 95 бап), онда қылмыстық жазаның жаңа түрлері және қылмыстық жауапкершіліктен босату негіздері көзделген.

Жаңа Қылмыстық кодексте, ірі, аса ірі зиян және мөлшер түсініктерінен басқа, елеулі зиянның болмашы мөлшері және жекелеген баптарға қолданылатын мөлшер түсініктері, денсаулыққа ауыр зиян, елеулі зиян, ауыр салдар түрлері, қызмет бабын пайдаланып жасалған қылмыс субъектілерінің түрлері түсіндірілген, сыбайлас жемқорлық қылмыс түрлері келтірілген, оларға 21 қылмыс құрамы, 15 құрамнан тұратын террористік қылмыстар және 12 құрамнан тұратын экстремистік қылмыстар, қылмыстық топтардың 10 түрі жатқызылған. Барлығы 41 түсінік келтірілген.

Қылмыстық кодекстің басты жаңалықтардың бірі, қылмыстық жазаланатын әрекеттердің екі буынды жүйесін енгізу болып табылады, ол: қылмыстық құқық бұзушылықтар жалпы түсінігімен біріккен қылмыстан және қылмыстық теріс қылықтан тұрады, оларға жаңа ҚК-тің 4 бабында анықтама берілген, оған сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни ҚК-те көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады.

Теріс қылықтарды жеке қылмыстық жазалатын әрекет етіп бөлу, қылмыстық кодекске жаңа құқық бұзушылықтар құрамын, сондай-ақ жаза тағайындау мәселелері енгізуге ықпал етті.

Осыған байланысты, осы оқу әдістемелік құралы Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлігінің баптарына енгізілген өзгерістерге сай өзгертіліп жасалынған.

1 Тақырып: Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығының түсінігі, міндеттері, жүйесі, қайнар көздері және қағидаттары

Мақсаты: қылмыстық құқық пәнін құқық саласы ретінде қарастыру, қылмыстық заңдардың міндеттерін, жүйесін түсіндіру, қылмыстық құқықтың ғылымы қағидаларын зерттеу

Жоспар:

1. Қылмыстық құқықтың түсінігі, міндеттері және жүйесі
2. Қылмыстық құқықтың қайнар көздері
3. Қылмыстық құқықтың қағидаттары

1. Қазақстанның қылмыстық құқығының түсінігі, міндеттері және жүйесі. Қылмыстық құқық дегеніміз — құқық саласының негізгі түрлерінің бірі ретінде қылмыстық құқық бұзушылықтың түсінігі мен белгілерін, қылмыстық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауаптылықтың негізі мен шектерін, сондай-ақ қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатудың шарттарын анықтайтын құқықтық нормалардың жиынтығы. Сондай-ақ құқықтың тиісті саласын зерделейтін ғылым мен оқу пәні де қылмыстық құқық болып табылады. Қылмыстық құқық субъектілері (қылмыстық-құқықтық қатынастарға қатысушылар) — мемлекет органдары және азаматтар. Мұнда мемлекет белсенді рөл атқарады: ол қылмыстық-құқықтық санкцияларды белгілейді және қолданады. Азаматтар мен басқа да жеке тұлғалар қылмыс субъектісінің, сондай-ақ қажетті қорғаныс, аса қажетті жағдайда және қылмыстық жауаптылықты жоққа шығаратын басқа да жағдайларда әрекет ететін тұлғалар рөлін атқаруы мүмкін.

ҚР Қылмыстық құқығында заңды тұлға қылмыс субъектісі бола алмайды, ол қылмыстық-құқықтық қатынастарға тек жәбірленуші ретінде ғана қатысады.

Қылмыстық құқықтың ерекшелігі мен мазмұны оның алдына қойған міндеттерімен байланыста. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 2-бабының бірінші бөлігінде осы кодекстің мынадай міндеттері айқындалған:

- адамның және азаматтың құқықтарын;
- бостандықтары мен заңды мүдделерін;
- меншікті;
- ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін;
- қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті;
- қоршаған ортаны;
- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын;
- қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан қорғау;
- бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау;
- қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу.

Адам құқығы. Адам және азамат құқығын қарастыру алдында "адам", "жеке адам", "азамат" санаттарының арақатынасын білу маңызды. "Адам" ұғымы табиғи тұрпатта сипатталады, яғни арнайы физиологиялық қасиеттерді бойына сіңірген тіршілік әлемінің өкілі ретінде. "Жеке адам" ұғымы адамды әлеуметтік тұрғыда сипаттайды, яғни қоғамда өзінің рөлі мен орнын және оның алдындағы жауапкершілігін сезінуі. "Азамат" ұғымы адамды заңды тұрғыда сипаттайды, яғни адамның нақты бір мемлекетпен тұрақты құқықтық байланыстылығын қарастырады. Адам құқығы адамның мүддесін қанағаттандыруға бағытталған, заңмен қорғалатын демократиялық құндылық. Адам құқығына мынадай белгілер тән:

-олар қоғамда өмір жағдайының үнемі өзгеріп отыруына байланысты, адамның табиғи және әлеуметтік мәнділігі негізінде туындайды және дамиды;

-объективті түрде қалыптасады және мемлекеттің мойындауына тәуелді емес;

-туғанынан беріледі;

-ең жоғары әлеуметтік құндылық болып танылады;

-құқықтың қажетті бөлігі ретінде адамның өмір сүруінің нақты бір тұрпатын білдіреді;

-жеке адамның өз қалауынша әрекет жасауына мүмкіндік жасайтын, нақты бір игіліктер алуын қамтамасыз ететін адамдар мен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастарды тұжырымдайтын қағидаттар мен нормаларды білдіреді;

-оларды мойындау, сақтау және қорғау - мемлекеттің міндеті.

Адамның өмір сүруі мен лайықты өмір кешу құқығын жүзеге асыру үшін оның дүниеге келуі ғана жеткілікті. Ал басқаша құқықтарын жүзеге асыру үшін адамда азамат, жеке адам қасиеттері болуы шарт. Адамның құқығы мен бостандығы табиғи және ажыратылмас болып табылады, туғаннан бастап беріледі және жоғары құндылық болып табылады. Мемлекеттің міндеті - адам құқықтарын сақтау, қорғау және мойындау. Мемлекет өзінің азаматтарына жеке адамның қажеттілігіне сәйкес келетін құқық пен бостандықтарды (өмірінің қауіпсіздігі, адамның бостандығы мен ар ожданы, өзінің жеке ерекшелігін сақтау және дамыту) қамтамасыз етуге міндетті.

Адам құқығы мен азамат құқығының арасында ерекшеліктер бар. *Біріншіден*, адам құқығы мемлекеттік мойындаудан және заңдық бекітулерден оның қандай да бір мемлекетке қатынасына қарамай тәуелсіз өмір сүреді. Азаматтың құқығы өмір сүріп жатқан мемлекеттің қорғалуында болады. *Екіншіден* — әлемде көптеген адамдардың азаматтық мәртебесі (азаматтығы жоқ тұлғалар) жоқ, яғни олар формальді түрде адам құқығының иегері болып табылады, бірақ азаматтық құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де

нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.

Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады.

Меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі.

Соттың шешімсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүлкінен күштеп айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін.

Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды.

Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті.

Қылмыстық заңдағы аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін қылмыстық заңда қылмыстық жауаптылық негіздері белгіленгені, жеке адам, қоғам немесе мемлекет үшін қандай қауіпті іс-әрекеттердің қылмыстық құқық бұзушылықтарға жататыны, яғни қылмыстар немесе қылмыстық теріс қылықтар болып табылатыны айқындалған, оларды жасағаны үшін жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары белгіленген.

Қылмыстық құқықтың жүйесі Жалпы және Ерекше бөлімнен тұрады.

Жалпы бөлім Қазақстан Республикасы қылмыстық заң нормаларының міндеттері мен қағидаттарын, қылмыс және қылмыстық теріс қылық, жаза ұғымын, қылмыстық заңның түсінігін анықтайды; қылмыстық жауаптылықтың негізі және одан босату, қылмыс құрамының түсінігі, қылмыстық іс-әрекетті жоятын мән-жайлардың түсінігі, сондай-ақ қылмыс істеу сатылары, қылмысқа қатысу ұғымы және түрлері, жазаның мақсаты және жүйелері, жаза тағайындау немесе Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату мәселелерін және т.б. мәселелерді зерттейді.

Ерекше бөлімде нақты қылмыс құрамдары және қылмыс құрамдары бар әрекет жасағаны үшін белгіленген жаза түрлері көрсетіледі.

2.Қылмыстық құқықтың қайнар көзі. Қазақстандағы қылмыстық құқықтың бірден-бір жалғыз формальды қайнар көзі — 2014 ж. қабылданған — Қылмыстық кодекс болып табылады.

Қылмыстық жауаптылықты көздейтін өзге заңдар Қылмыстық кодекске енгізілгеннен кейін ғана қолданылуға жатады.

Қылмыстық кодекс Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары заңдық күші бар және Республиканың барлық аумағында тікелей қолданылады. Осы Кодекс пен Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары арасында қайшылықтар болған жағдайда Конституцияның ережелері қолданылады. Осы Кодекстің конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайтын нормалары заңдық күшін жояды және қолданылуға жатпайды. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Кодекс алдында басымдыққа ие болады және халықаралық шартта оны қолдану үшін заң шығару талап етілетіннен басқа жағдайларда олар тікелей қолданылады (ҚР ҚК 1 бап.).

Қазақстан Республикасының Конституциясы қылмыстық-құқықтық сипаттағы бірқатар нормаларды қамтиды мысалы, ҚР Конституцияның 15 бабында: «Әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамның кешірім жасау туралы өтініш ету хақы бар» деп, атап көрсетілген.

3.Қылмыстық құқықтың қағидаттары. Бірінші кезектегі қағидат — **заңдылық** қағидаты, яғни қылмыстық құқық бұзушылық әрекет және жазалылық тек қана қылмыстық заңмен анықталуы тиіс. Қылмыстық заңда көрсетілмеген жағдайда адамның іс-әрекеті қылмыстық құқық бұзушылыққа жатпайды. Құқық қорғау органдары жүйесі заңдылық қағидасы негізінде әрекет етеді. Заңдылық — бұл қылмыстық құқық бұзушылық жасауға байланысты қоғамдық қатынастарға қатысушылардың құқық нормаларын қатаң, бұлжытпай орындау және сақтау қағидаты, әдісі мен тәртібі. Заңдылықтың мәні — құқық қорғаушы органдардың құқықтық нормаларды адал, жауапкершілікпен сақтауында, орындауында, пайдалана және қолдана білуінде. Заңдылық, ең алдымен, осы органдардың қылмыстық заң негізінде және оның шеңберінде дұрыс қолдануын көздейді.

Қылмыстық құқықтың келесі бір басты қағидаты болып — **азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі** танылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабында «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне,

әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп көрсетілген.

Қылмыстық құқықтың үшінші бір қағидаты-жауаптылықтан құтылмайтындық қағидаты. Қандай да болмасын адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасаған жағдайда сол кездегі қолданыстағы қылмыстық заңның тиісті бабына сай жазаға тартылатындығында.

Сонымен қатар бұл қағиданың орындалуы құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің өздеріне жүктеген міндеттерді жоғары деңгейде орындай алуларына байланысты (қылмысты ашу, тергеу мен анықтауды жүргізу, заңды шешім қабылдау және т.б.). Сонда ғана жауаптылықтан құтылмайтындық қағидатының орындалуын байқаймыз.

Қылмыстық құқықтың маңызды қағидаттарының бірі қылмысы үшін **кінәлі жауаптылық** — қағидаты болып табылады. Бұл кінәсі дәлелденбей адамды қылмыстық жазаға тартуға болмайды деген мағына береді. ҚР ҚК 19-бабында кінәнің толық сипаттамасы берілген: «Адам өзінің кінәсі анықталған қоғамға қауіпті іс-әрекеттері (әрекеттері немесе әрекетсіздігі) және оның қоғамға қауіпті зардаптарының туындауы үшін ғана қылмыстық жауаптылыққа жатады. Объективті айып тағуға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді. Іс-әрекетті қасақана немесе абайсызда жасаған адам ғана қылмыстық құқық бұзушылық үшін кінәлі деп танылады. Абайсызда жасалған іс-әрекет осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында арнайы көзделген жағдайда ғана қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады».

Кінәлі жауаптылық қағидатымен тікелей байланыста — **жеке кінәлі жауаптылық** қағидаты. Бұл қағидатқа сәйкес адам өзінің жеке істеген немесе қылмыстық құқық бұзушылыққа басқалармен бірлесіп қатысуы арқылы істеген қылмыстық құқық бұзушылығы үшін де өз іс әрекетінің қауіптілігіне қарай жазаға тартылады. Жеке жауаптылық қағидатына байланысты қылмыстық жауаптылықтың субъектісі болып, есі дұрыс, қылмыстық заңда белгіленген жасқа толған жеке тұлға танылады (ҚР ҚК 15-бап). Заңды тұлғалар қылмыс субъектісі болып саналмайды.

Келесі қағидат — **әділеттілік** қағидаты. Бұл қағиданың мәні қылмыстық жауаптылыққа іс-әрекетінде қылмыс құрамының толық белгілері бар адамдар тартылып, жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарына сай әділ жазаның тағайындалуы.

Қылмыстық құқықтың тікелей Конституциядан туындайтын келесі бір қағидаты — **ізгілік** қағидаты болып саналады.

Қылмыстық заңда адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау екендігі жайлы басты міндеттері ретінде көрсетілген. Сонымен қатар қылмыстық заң әрбір адамға қажет болған жағдайда қорғануға құқық береді және қорғану шегінен аспаса қылмыс болып саналмайды. Бұл қағидаттың қылмыстық заңды бұзған адамдарға да қатысы бар. Қылмыстық жазаның мақсаты әлеуметтік

әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Қылмыстық заң бойынша осы заңның конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайтын нормалары заңдық күшін жояды және қолданылуға жатпайды.

2 Тақырып: Қылмыстық заң

Мақсаты: қылмыстық заң ұғымын, заңның құрылысымен жүйесін түсіндіру, қылмыстық заңның кеңістікте қолданылуын, қылмыстық заңның мезгілдегі күшін түсіндіру, қылмыстық заңды түсіндіру түрлерімен таныстыру

Жоспар:

1. Қылмыстық заңның түсінігі және оның мәні
2. Қылмыстық заңның құрылымы
3. Қылмыстық заңның мезгілдегі күші
4. Қылмыстық заңның кеңістіктегі күші
5. Қылмыстық заңды түсіндіру

1.Қылмыстық заңның түсінігі және оның маңызы. Қылмыстық заң — Қазақстан Республикасының жоғарғы заң шығарушы органы Парламент қабылдаған, қылмыстық жауапкершіліктің негіздері мен жағдайын белгілейтін, қандай іс-әрекеттің адам, қоғам және мемлекет үшін қауіпті қылмыс екендігін және қандай жаза түрлерінің және қылмыстық құқықтық сипаттағы өзге шарттардың болатындығын анықтайтын нормативтік құқықтық акт.

Қылмыстық жауапкершілік — құқықтық жауапкершіліктің бір түрі; қылмыстың құқықтық салдары — қылмыскерді жазалау түрінде көрініс табатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы.

Қылмыстық жауапкершілікке тарту қылмыстық іс қозғаудан, тергеуден және сот талқысынан тұрады. Қылмыс жасау — кінәлі адам мен сот төрелігін атқарушы мемлекет арасында арнаулы қатынас тудыратын құқықтық факт. Мұндай фактіден кейін екі тарап үшін де міндет пайда болады. Мемлекет үшін өзінің арнайы органы арқылы қылмысты тергеу, қылмыскерді тауып, қылмыстық жауапкершілікке тарту міндеті, ал қылмыскер үшін Қылмыстық жауапкершілікті өтеу міндеті туындайды. Қылмысқа дайындалғаны, қылмыс жасауға оқталғаны, қылмыс жасауға қатысқаны үшін де адам қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Қылмыс жасаған адамға қолданылатын жаза немесе басқа да қылмыстық құқықтық шара қылмыстың табиғаты мен қоғамға қауіптілігінің деңгейіне,

қылмыс жасалу кезіндегі жағдайға сай болуы тиіс. Ешкім бір қылмысы үшін екі рет қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды.

Қылмыстық заңның ережелері міндетті болып табылады. Оларды орындау немесе сақтау лауазымды адамдардың, сондай-ақ барлық азаматтардың міндеті.

2.Қылмыстық заңның құрылымы. Құқықтық норманың құрылымы мынадай үш түрлі элементтен тұрады: гипотеза, диспозиция және санкция.

Гипотеза қылмыстық заңда негізінен жалпы бөлімге қатысты. Яғни, құқық нормалары қолданатын гипотезаны, қылмыстық заңда жалпы бөлім баптары жүзеге асырады. Мысалы, белгілі бір адам не болмаса азамат заңда көрсетілген жасқа толып, қылмыстық құқық бұзушылықты қасақана немесе абайсыздықпен жасаса және қылмыс жасаған сәтінде жауаптылыққа қабілетті болып танылса, қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Ерекше бөлім нормаларында баптар диспозициядан және санкциядан тұрады. Осы құрылым ішінде басты орынды диспозиция алады.

Диспозиция — нақты қылмыстық қол сұғушылықтың белгілеріне сипаттама береді. Диспозиция өзінің құрылым ерекшеліктеріне байланысты жай, сипаттамалы, бланкеттік және сілтемелі болып негізгі төрт түрге бөлінеді:

Жай диспозиция қылмыстық іс-әрекеттің атын ғана атап, оның нақты белгілерін ашып көрсетпейді. Мысалы, ҚК-тің 125-бабындағы "Адам ұрлау", 136-бабындағы «Баланы ауыстыру». 461-бабындағы "Әскери мүлікті жоғалту" және т.б..

Сипаттамалы диспозиция деп қылмыстың барлық белгілерін заңның өзінде-ақ нақты көрсететін диспозицияны айтамыз. Мысалы, ҚК-тің 188-бабындағы "Ұрлық", 140-бабындағы " Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау", 272-бабындағы " Жаппай тәртіпсіздік" және т.б.

Бланкеттік диспозиция бойынша бапта көрсетілген нақты қылмыс құрамын анықтау үшін басқа заңдарға немесе нормативтік актілерге, жарлықтар мен үкімет қаулыларына, бұйрықтар мен ережелерге, нұсқауларға жүгінеді.

Бұлар қылмыстық құқықтың басқа салалармен тығыз байланысты екендігінің айқын дәлелі. Қылмыстық заңның талаптарын орындау басқа заңдармен не басқа актілермен де анықталады. Бланкеттік диспозицияның мысалы ретінде мынадай баптардың диспозициясын көрсетеміз: ҚК-тің 277-бабының «Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу», 279-бабының «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қағидаларды немесе нормативтердің талаптарын бұзу», 317-бабының «Медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы», 324-бабының «Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу» және т.б.

Сілтемелі диспозиция қылмыстың белгілерін қамтымайды, керісінше қылмыстық заңның басқа, тиісті бабына немесе оның бөлігіне сілтеме жасайды.

Мысалы, 347-бабындағы "Жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалу" қылмыстық құқық бұзушылығын айтуымызға болады. Мұндағы диспозицияда былай деп көрсетілген: « Осы Кодекстің 345, 346-баптарында көзделген ауыр зардаптар туындаған жағдайда, көлік құралын басқаратын және жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзған адамның жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалуы». ҚК 345-бабының 2-ші бөлігінде көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы, абайсызда адамның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соққан дәл сол іс-әрекет, деп көрсетілген. Егерде осындай жағдай да тұлға жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалса қылмыстық жазаға тартылады.

Санкция — Ерекше бөлім баптарында белгіленген жазаның түрі мен мөлшерін анықтайды. Қылмыстық заңның баптарында санкцияның екі түрі қолданылады: салыстырмалы-айқындалған (относительно-определенные) және балама (альтернативные).

Салыстырмалы- айқындалған санкция жазаның түрін және мөлшерін көрсетеді. Оны екі негізгі түрге бөлуге болады: жазаның жоғарғы және төменгі шегін анықтайтын санкция. Мысалы,

ҚК 99-бабы «Адам өлтіру», яғни басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату – сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Тағайындалған жазаның ең төменгі мөлшері болып мұнда сегіз жыл болатын болса, жоғарғы шегі он бес жыл болады.

Балама санкция Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарындағы жазаның екі немесе одан да көп түрлерінің тек біреуін ғана қолдануға мүмкіндік береді.

Мысалы, 106-баптың (Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру) 1-ші бөлігінің санкциясы бойынша денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені үшін – үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Қылмыстық заңның мезгілдегі күші. ҚК-тің 5-бабында іс-әрекеттің қылмыстылығы мен жазаланушылығының сол әрекет жасалған уақытта қолданылып жүрген заңмен белгіленетіндігі көрсетілген. Қоғамға қауіпті әрекет (әрекетсіздік) жүзеге асырылған уақыт, зардаптардың туындаған уақытына қарамастан, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған уақыт деп танылады.

Іске асырылудағы, күшіндегі заң деп өзінің күшіне енген және белгіленген тәртіп бойынша өз күшін жоғалтпаған заң танылады.

Қолданыстағы заң деп өзінің күшінде тұрған және өз күшін жоғалтпаған заң танылады.

Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қабылдау, тіркеу, қолданысқа енгізу, өзгерту, толықтыру, олардың қолданысын тоқтату, тоқтата тұру және оларды жариялау тәртібіне байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін «Құқықтық актілер туралы»

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ Заңы.

Осы Заңға сәйкес қылмыстық заңды жариялау және күшіне енгізу тәртібі былайша белгіленген: Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының қаулыларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары – егер актілердің өздерінде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы актілерде өзге мерзімдер көрсетілмесе, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң.

Егер нормативтік құқықтық актінің өзінде немесе оны қолданысқа енгізу туралы актіде өзгеше көзделмесе, мұндай акт мерзімсіз қолданылады.

Бүкіл нормативтік құқықтық акт немесе оның жекелеген бөлігі (жекелеген бөліктері) үшін уақытша қолданылу мерзімі белгіленуі мүмкін. Бұл жағдайда нормативтік құқықтық акт немесе оның бір бөлігі қандай мерзімде қолданысын сақтайтыны көрсетілуге тиіс. Актіні шығарған орган бұл мерзім өткенге дейін актінің қолданылуын жаңа мерзімге ұзарта алады немесе оған мерзімсіз сипат бере алады.

Нормативтік құқықтық актінің немесе оның жекелеген нормаларының қолданылуы белгілі бір мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін. Нормативтік құқықтық актінің немесе оның жекелеген нормаларының қолданылуын тоқтата тұру жеке нормативтік құқықтық актімен жүзеге асырылады.

Нормативтік құқықтық акт (оның бір бөлігі немесе бөліктері) мынадай жағдайларда:

- 1) акт (оның бір бөлігі немесе бөліктері) қабылданған мерзім өткенде;
- 2) бұрын шығарылған нормативтік құқықтық актінің, оның бөліктерінің (бір бөлігінің) ережелеріне қайшы келетін немесе бұрын шығарылған актіні немесе оның бір бөлігін (бөліктерін) қамтитын жаңа нормативтік құқықтық акт қабылданғанда;
- 3) қабылданған акт Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген тәртіппен конституциялық емес деп танылғанда;
- 4) осы актіні қабылдаған орган немесе қабылдауға уәкілеттік берілген өзге де орган актінің немесе оның бір бөлігінің (бөліктерінің) күші жойылды деп танығанда, өзінің қолданылуын тоқтатады.

Мерзімдерді есептеудің жалпы қағидаттарына сәйкес белгіленген мерзімнің соңғы тәулігі өтісімен заң күшіне енген болып саналады.

Қылмыстық заңды дәлме-дәл, дұрыс қолдану үшін қылмыстың жасалу уақытын анықтаудың маңызы зор.

ҚК-тің 6-бабы қылмыстық заңның кері күшін қолдануға, яғни жаңадан қабылданған қылмыстық заңның күшінің ол заңды күшіне енгенге дейінгі болған әрекеттерге қолданыла беруіне мүмкіндік береді.

ҚК-нің 6-бабында белгіленген қылмыстық заңның кері күші Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі – Конституция) 77-бабы 3-тармағы 5) тармақшасының, сондай-ақ Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (Нью-Йорк, 1966 жылғы 16 желтоқсан, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 91-III Заңымен ратификацияланған, Қазақстан Республикасы үшін 2006 жылғы 24 сәуірде күшіне енген) 15-бабының талаптарына негізделген.

ҚК-тің 6-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, жаңадан қабылданған қылмыстық заң келесі жағдайларда ғана кері күшке ие болады:

- Іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын жоятын;
- қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жауаптылығын немесе жазасын жеңілдететін;
- қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жағдайын өзге де түрде жақсартатын заңның кері күші болады, яғни осындай заң қолданысқа енгізілгенге дейін тиісті іс-әрекетті жасаған адамдарға, оның ішінде жазасын өтеп жүрген немесе жазасын өтеген, бірақ сотталғандығы бар адамдарға қолданылады.

Егер жаңа қылмыстық заң адамның жазасын өтеп жүрген іс-әрекеті үшін жазаланушылықты жеңілдетсе, онда тағайындалған жаза жаңадан шығарылған қылмыстық заң санкциясының шегінде қысқартылуға жатады (ҚК-тің 6-бабының екінші бөлігі).

Әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын жоятын заң деп қылмыстық іс-әрекеттерден жеке, бұрын қылмыстық құқық бұзушылық деп танылған іс-әрекет алынып тасталатын заң танылады. Бұл ҚК-ден сол немесе өзге норманы толық алып тастау арқылы жүргізілуі мүмкін.

Неғұрлым жеңіл жазаны көздейтін заң онша қатаң емес, ал жазаның түрі бірдей болғанда – ең жоғары мерзімнен немесе оның санкциясының мөлшері кемі болып табылады. Жазалаудың жоғары мөлшері неғұрлым жеңілмен тең болған кезде жазалаудың төменгі мерзімі немесе мөлшері неғұрлым жеңіл болып табылатын немесе балама санкциясы бар заң танылады.

Құқық бұзушылық жасаған адамның жағдайын өзге түрде жақсартатын заң деп жазаны тағайындау қағидаларын, қылмыстық жауаптылықтан немесе жазалаудан босату шарттарын жұмсартатын, соттылықты өтеу немесе алып тастау мерзімдерін азайтатын заң танылады.

Жауаптылықты немесе жазалауды жұмсартатын заңдарға:

- қылмыстық заң нормасының санкциясы жеңіл жағына өзгерген;
- баптың санкциясына неғұрлым жеңіл жазалаудың балама түрі енгізілген;
- баптың санкциясынан қосымша жаза алынып тасталған құқық нормалары жатады.

ҚК-тің 6-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, мына жағдайда қылмыстық заңның кері күші болмайды:

- 1) егер ол іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын белгілесе;
- 2) егер ол жауаптылықты немесе жазаны күшейтсе;

3) егер ол әрекетті жасаған адамның жағдайын өзге де түрде нашарлататын болса.

Егер жаңа қылмыстық заң бұрынғы заң сияқты санкция белгілейтін болса және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жағдайын қандай да болмасын жақсартпаса, онда оның кері күші болмайды және ол қолданылуға жатпайды. Бұл жағдайда іс-әрекеттің қылмыстылығы мен жазалануы осы іс-әрекет жасалған уақытта қолданыста болған заңмен айқындалатындығы туралы ҚК-нің 5-бабының ережелері қолданылады.

Іс-әрекетті қылмыстықтан арылту – қылмыстық заң нормасының диспозициясына өзгерістер енгізу арқылы, ал іс-әрекетті қылмыстықтан ішінара арылту қылмыстық құқық бұзушылық құрамының қосымша белгілерінің диспозициясына енгізу не қазіргі барын алып тастау арқылы, сондай-ақ ҚК-нің Жалпы бөлімінің нормасына өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Жаңа қылмыстық заңмен іс-әрекеттің қылмыстылығын жойған (қылмыстық құқық бұзушылықты қылмыстықтан арылтқан) кезде осындай іс-әрекеті үшін сотталған адам сотталғандығы жоқ болып танылады және оны соттау фактісі қылмыстық-құқықтық салдарына әкеп соқпайды және қылмыстардың бірнеше рет жасалғандығын, қайталанғандығын, жаза тағайындауды анықтаған кезде ескерілмейді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы, бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыдағы соттар өздерінің іс жүргізуінде жатқан қылмыстық істер бойынша кері күші бар заңды тікелей қолданады. Бұл ретте, егер жаңа қылмыстық заң қылмыстықты және іс-әрекеттің жазалануын жоятын болса, онда Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК)35-бабы бірінші бөлігі 6-тармағының талаптарына сәйкес іс қаралу сатысына қарамастан, осы негіздер бойынша іс жүргізу тоқтатылуға тиіс.

Қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның жағдайын жақсартатын заң неғұрлым жеңіл болып табылатындығы жөніндегі нұсқау қылмыстардың қайталануын тану, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуі, мерзімінен шартты түрде бұрын босату, сотталғандықтың өтелуі және алынуы туралы нормаларға және тағы басқаларға да қолданылады.

Қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамға жаза ҚК Ерекше бөлігінің нормалары санкцияларының жоғарғы шектерінде тағайындалған және осы жоғары шек жаңа заңмен төмендетілген жағдайда, ҚК-нің 6-бабында көзделген қағида қолданылады.

Егер адам жасаған әрекет неғұрлым ауыр қылмыстық құқық бұзушылық санатына өтсе немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жағдайын өзге де тәсілмен нашарлатса, онда жаңа қылмыстық заңның кері күші болмайды.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасалған күн мен үкім не апелляциялық сот инстанциясының сот актісі шығарылған күн арасында қылмыстық заң

бірнеше рет өзгерген жағдайларда, қылмыстық жауаптылыққа тартылған адам үшін неғұрлым қолайлы қылмыстық, оның ішінде аралық заң қолданылады.

Жаңа, неғұрлым жеңіл қылмыстық заңның кері күші туралы қағида сотталған адамның және жазасын өтеп жатқан немесе жазасын өтеп келген, бірақ күші жойылған неғұрлым қатаң заң бойынша сотталғандығы бар адамдарға қолданылады.

Соттардың жазасын өтеп келген адамдарға қатысты қылмыстық заңның кері күші туралы қағидаларды қолданған кезде мыналарды ескергені жөн:

- егер жаңа қылмыстық заң жауаптылықты жеңілдететін, қылмыстылықты немесе жазаланатын іс-әрекетті (қылмыстықтан арылтуды) жоятын болса, бірақ осы қылмыс үшін жаза өтелген немесе орындалған болса және жаңа заңды қолданудың сотталған адам үшін құқықтық салдарға әкеп соқпаса, онда жаңа заң қолданылмайды. Мұндай жағдайда өтінішхаттарды қанағаттандырудан бас тартылады;

- егер адам жазасын өтесе және сотталғандығы жойылмаса, ал жаңа заңды қолдану сотталған адам үшін сотталғандықтың жойылу мерзімдерін азайту, қылмыстардың қайталануын алып тастау сияқты құқықтық салдарларға әкеп соқса, жаңа қылмыстық заң қолданылуға тиіс.

Қылмыстық жазасын өтеген адамдардың өтінішхатын үкім шығарған сот қарайды.

Жазаны орындайтын мекеменің немесе органның ұсынысын немесе сотталған адамның кері күші бар қылмыстық заңның шығуы салдарынан жазадан босату немесе жазаны жеңілдету туралы өтінішхатын қанағаттандырудан бас тарту туралы, я болмаса мұндай өтінішхатты немесе ұсынысты қараусыз қалдыру туралы қаулыға ҚПК-нің 49-тарауында белгіленген тәртіпте шағымдалуы және наразылық білдірілуі мүмкін.

4. Қылмыстық заңның кеңістіктегі күші. Қылмыстық заңның күші белгілі бір аумақ бойынша шектелген. Қылмыстық заңның кеңістіктегі күші жөніндегі нормаларда жүйелі түрде мынадай екі қағидат: аумақтық және азаматтық, қағидаттар жүзеге асырылады.

ҚК-тің 7 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам ҚР ҚК бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылуға тиіс. Осыған орай Қазақстан Республикасының аумағында басталған немесе жалғастырылған не аяқталған іс-әрекет Қазақстан Республикасының аумағында жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады. Қылмыстық заңның күші Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында және айрықша экономикалық аймағында жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарға да қолданылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 16 қаңтардағы № 70-V Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының континенттік қайраңы (бұдан әрі – континенттік қайраң) – Мемлекеттік шекарадан (аумақтық сулардың (теңіздің) сыртқы шегінен) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда

белгіленген шектерге дейін өлшенетін теңіз түбінің және жер қойнауының учаскесі.

«Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі № 469-IV Заңына сәйкес арнайы экономикалық аймақ - қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру үшін арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын, дәл белгіленген шекаралары бар Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі.

Қазақстан Республикасының портына тіркелген және Қазақстан Республикасының шегінен тыс ашық су немесе әуе кеңістігінде жүрген кемеді қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауаптылыққа жатады. Қазақстан Республикасының әскери кораблінде немесе әскери әуе кемесінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам да, өзінің қай жерде болғанына қарамастан, қылмыстық заң бойынша қылмыстық жауаптылықта болады.

Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдерінің және иммунитетті пайдаланатын өзге де азаматтардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселе осы адамдар Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған жағдайда, халықаралық құқық нормаларына сәйкес шешіледі.

Қылмыстық заңның кеңістіктегі күші аумақтық қағидаттармен ғана шектеліп қоймайды. Ол Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыс жасаған ҚР азаматтарына қолданылатын азаматтық қағидаттармен де толықтырылады.

Қылмыстық Заңның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты қолданылуы ҚК-тің 8-бабымен анықталады: "Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Қазақстан Республикасының азаматтары, егер олар жасаған іс-әрекет ол аумағында жасалған мемлекетте қылмыс деп танылса, егер бұл адамдар басқа мемлекетте сотталмаған болса, осы Кодекс бойынша қылмыстық жауаптылыққа жатады».

Бірақ, аталған адамдарды соттаған кезде жазаның жоғарғы шегін қылмыстық құқық бұзушылық жасалған мемлекеттің заңында көзделген санкцияның жоғары шегінен асыруға болмайды. Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының халықаралық шартына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе жазасын өтеу үшін шет мемлекетке беруге болмайтын жағдайларда, олар да осы негіздерге сай жауаптылықта болады.

Адамның басқа мемлекеттің аумағында сотталғандығының және қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасауының өзге де қылмыстық-құқықтық салдары, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмеген болса, іс-әрекет Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қозғамаса, осы адамның Қазақстан Республикасының аумағында жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін әсері болмайды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде қылмыс жасаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрмайтын шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, егер олар басқа мемлекеттің аумағында Қазақстан Республикасының мүдделеріне қарсы бағытталған қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасау жағдайларда және Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген жағдайларда, егер олар басқа мемлекетте сотталмаған болса және Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық жауаптылыққа тартылатын болса, қылмыстық заң бойынша қылмыстық жауаптылыққа жатады.

5. Қылмыстық заңды түсіндіру. Заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, азаматтардың құқықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғау, қылмыстық құқықты дәл және дұрыс қолдануды талап етеді және оның қандай мақсатта қабылданғанын түсіну үшін, құқықтың мәнін, туындаған жағдайды, әлеуметтік-саяси жағдайды түсінуісіз мүмкін емес.

Түсіндірме қылмыстық құқықты бірыңғай қолданылуын қамтамасыз ете отыра, ол қылмыстық заңдағы кемшіліктерді жоюға көмектеседі.

Түсіндірулерді айырады:

- субъектісі бойынша;
- тәсілі бойынша;
- көлемі бойынша.

Субъектісі бойынша түсіндіру болады: аутентикалық, соттық және доктриналдық (ғылыми).

Қылмыстық заңды түсіндіру деп, сол заңды дұрыс қолдану үшін оның мазмұнын заң шығарушының еркіне сәйкес ашып көрсетуді айтамыз. Қылмыстық заңды түсіндіру әр түрлі негіздерге байланысты бірнеше түрлерге бөлінеді. Яғни ол:

Аутентикалық түсіндіру — бұл заң шығарушы органның өзінің заңға түсініктеме беруі. Аутентикалық түсіндірудің заңдылық күші бар және ол оны қолданушыларға міндетті. Ол заңнамадағы олқылықтарды (пробелы) толтыру құралы және ең беделді түсіндірудің түрі болып табылады.

Легальды/ресми түсіндіру — заң бойынша арнайы өзіне жүктелген осы міндетті атқаруға құзыретті органның заңға түсініктеме беруі.

Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме берудің келесі шарттары бар:

1. Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің мәні оларға түсіндірме беру кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңнамалық актілерге толық сәйкестікте ашылуға тиіс.

2. Заңнамалық актілердің нормаларына Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерімен толық сәйкестікте түсіндірме берілуге тиіс.

Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар:

1. Жеке не заңды тұлғалардың заңнамалық актілерді (Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының қаулыларын

қоспағанда) білмеуі немесе дұрыс түсінбеуі заңнамалық актілерді не адамның және азаматтың немесе тұлғалардың шексіз тобының құқықтары мен бостандықтарын бұзуға алып келуі мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіздер болғанда, прокурор заңнамалық актінің мазмұнына түсіндірме береді.

Мұндай түсіндірме беру прокурорлық қадағалау актісі болып табылады және "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес енгізіледі.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне ресми түсіндірме беруді Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік саясатты жүргізетін, белгілі бір салада (қызмет аясында) реттеу мен басқаруды жүзеге асыратын немесе тиісті мәселелерді шешу өз құзыретіне жатқызылған мемлекеттік органдар не өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттіктерге сәйкес нақты субъектілерге қатысты немесе нақты жағдайға қолдануға қатысты нормативтік құқықтық актілерге өз құзыреті шегінде түсіндірме бере алады.

Мұндай түсіндірмелердің міндетті заңдық күші болмайды және олар ұсынымдық сипатқа ие.

Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру актілерінің құрылымы келесіден тұрады:

1. Нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісі кіріспе, сипаттау және қарар бөліктерінен тұрады.

2. Нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісінің кіріспе бөлігінде:

1) нормативтік құқықтық актінің нормасына түсіндірме беруші уәкілетті органның атауы;

2) түсіндірме берілетін норма қамтылған нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементін, түсіндірме берілетін норманы қамтитын нормативтік құқықтық актінің қабылданған күні мен нөмірін көрсете отырып, ресми түсіндірме беру актісінің атауы;

3) нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісінің қабылданған жері мен күні;

4) нормативтік құқықтық актінің нормасына соның бастамасы бойынша түсіндірме беріліп отырған органның не жеке немесе заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.

3. Нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісінің сипаттау бөлігі түсіндірме берілетін норманың сипаттамасы мен мазмұнын талдауды қамтуға тиіс.

4. Нормативтік құқықтық актіге ресми түсіндірме беру актісінің қарар бөлігі нормативтік құқықтық акт нормасының мәні мен мазмұнын түсінікті ететін уәкілетті органның қорытындысын қамтуға тиіс.

Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру актілерін жариялау

Нормативтік құқықтық актілерге ресми түсіндірме беру актілерін жариялау нормативтік құқықтық актіде қамтылған нормаларға түсіндірме берген уәкілетті органның (лауазымды адамның) интернет-ресурсында жүзеге асырылады.

Соттық түсіндірме деп — соттың нақты бір қылмыстық істі қараудағы беретін түсіндірмесін айтамыз. Сот талқылауын жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құзыретінде.

Нақты бір жағдайларға байланысты қылмыстық істі қараудағы беретін соттық түсіндірмені кездейсоқ (казуалдық) түсіндірме деп айтамыз.

Жоғарыда аталған барлық түсіндірулердің түрлерін ресми түсіндіру деп атаймыз.

Түсіндірілудің ресми емес түріне мыналар жатады: (доктринальных) ғылыми, кәсіби, күнделікті.

Доктриналдық/ғылыми түсіндіру — ғылыми мекемелердің, заңгер-ғалымдардың, оқулықтарда, монографияларда, ғылыми-тәжірибелік мақалаларда, баяндамаларда, дәрістерде заңды күшіндегі қылмыстық заңдарға түсініктеме беруі.

Мұндай түсіндірудің міндеттік күші жоқ, бірақ ол заңды дұрыс түсінуге және қолдануға ықпал етеді.

Осы қылмыстық заңды қолданудың әр түрлі аспектілері бойынша заңгерлердің, құқық қолдану және құқық қорғау қызметкерлерінің берген түсіндіру болып табылады. Мұндай түсіндірудің де міндетті күші жоқ және кез-келген заңды салдарға әкеп соқпайды. Бұл да заңның мағынасын түсінуге көмектеседі.

Жай түсіндіру - кез келген кәсіби емес құқықтық қатынастарға қатысушының тұрмыстық деңгейде жүргізілген түсіндіруі.

Әдістеріне қарай түсіндіру, грамматикалық жүйелі және тарихи болып табылады.

Грамматикалық, (филологиялық) түсіндіру — заңның мазмұнына грамматикалық анализ жасаумен қатар этимологиялық және синтаксистік ережелердің көмегі арқылы қылмыстық заңда қолданылатын жекелеген терминдердің, сөздердің және анықтамалардың мәні мен мағынасын ашып көрсетуден тұрады. Заңда қолданылатын терминдердің, ұғымдардың түсінігі, қылмыстық заң нормаларының өзінде де берілуі мүмкін. Мысалы, ҚР ҚК 3-бабында Кодексте қамтылған кейбір ұғымдарға нақты түсіндірме берілген.

Жүйелі түсіндіру — қылмыстық заңның мазмұнын, оның қылмыстық заң жүйесіндегі алатын орнын басқа қылмыстық заңдармен және мазмұны жағынан ұқсас қылмыстық-құқықтық нормалармен салыстыра отырып, ажыратуды белгілейді.

Тарихи түсіндіру — қылмыстық заңды қабылдауға негіз болған әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайларды ескере отырып, заңның мәнін,

заң жобасының тарихын және заңның шығарылу себептерін анықтай отырып және бұрынғы қылмыстық заңмен салыстыра отырып түсіндіруден тұрады.

Түсіндіру қылмыстық заңның әсер ету көлеміне сай таралуына байланысты бөлінеді: шектелген, таралған және дәлме-дәл.

Шектелген (тар көлемдегі) түсіндіру — заңдағы өз мәтініндегі дәлме-дәл көрсетілгенінен гөрі тар мағына беретін және заң нормасының тар шеңберде қолданылуын сипаттайтын түсіндіру.

Таралған (кең көлемдегі) түсіндіру — заңға дәлме-дәл түсіндіруден гөрі және заңдағы анықтамадан гөрі кең мағына беретін түсіндіру болып табылады.

Дәлме-дәл түсіндіру деп заңның өз мәтіні мен заң нормаларының оның мазмұнына және мәнісіне, оның сөйлем құрамына тура келетін түсіндіруді айтамыз.

3 Тақырып: Қылмыстың ұғымы

Мақсаты: білім алушыларды қылмыс ұғымымен таныстыру, қылмыс белгілерін, қылмыстың басқа да құқық бұзушылықтан айырмашылығын, қылмыс санаттарын түсіндіру

Жоспар:

1. Қылмыстың ұғымы және белгілері.
2. Қылмыс санаттары.

1. Қылмыстың ұғымы және белгілері. Қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдары ҚР ҚК-нің 10-бабында берілген. Осы бапқа сәйкес айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады.

Ал, қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады.

Қылмыстың құрылымы мен сипатының өзгеруі түрліше әлеуметтік жағдайларға, құбылыстар мен үдерістерге, мысалы: экономикалық жағдайға; қалыптасқан ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге; қылмыс заңнамасының өзгеруіне, қылмыстың алдын алу бойынша жұмыс сапасына және басқа факторларға тәуелді болады. Адамның теріс қылығы ғана қылмыс деп танылады. Сырттай көрініс таппаған, қоғамдық қауіп тудырмаған ой-пікір, ниет-пиғыл қылмыс деп танылмайды.

Қылмыстық құқықтың материалды және формальды анықтамасы бар, яғни формальды анықтамасында әрекеттің құқыққа қайшы екендігіне басты

назар аударылса, материалды анықтамасында әрекеттің құқыққа қайшылығымен қатар оның қоғамға қауіптілігіне көңіл бөлінеді.

Қылмыстың бірінші белгісі — оның қоғамға қауіптілігі. Қоғамға қауіптілік — қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға нақты қауіп төндіретін немесе зиян келтіретін қылмыстың объективті белгісі (әрекет немесе әрекетсіздік).

Қылмыстың міндетті белгілерінің бірі құқыққа қайшылық — яғни қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) жасау болып табылады.

Іс-әрекет екі нысанда көрініс табуы мүмкін, олар: әрекет (субъектінің белсенді ісі) немесе әрекетсіздік (адамның жасауға міндетті және жасай алатын әрекетті жасамаған енжарлығы).

Әрекеттің қандайын қылмысқа жатқызу, қандайын жатқызбау әр мемлекеттің өз еркіндегі іс. Бір елде қылмыс ретінде жазаланатын әрекет өзге мемлекетте қылмысқа жатпауы мүмкін. Мысалы, ішімдік ішу не зинақорлық жасау - ер мен әйелдің некесіз жақындасуы ислам мемлекеттерінде қылмыс ретінде жазаланса, батыс елдерінде бұл әрекеттер қылмысқа жатпайды. Тек әйел адамның еркінен тыс болған жыныстық қатынас қана қылмыс болып есептеледі. Ал ислам елдерінде бұл әрекеттер ер мен әйелдің өз қалауымен іске асса да қылмыс болып саналады.

Құқыққа қайшылықпен байланысты қылмыстың екі белгісі: кінәлілік және жазалылық болып табылады. ҚК-тің 19-бабыны, үшінші бөлігіне сәйкес, қасақана немесе абайсызда әрекет жасаған адам ғана қылмыстық құқық бұзушылық үшін кінәлі деп танылады.

Кінәлілік - құқыққа қайшылықтың міндетті шарттарының бірі болғандықтан, субъектінің әрекетінде кінәнің жоқтығы оның әрекетін және қылмыстық құқыққа қайшылық белгісін де жоққа шығарады.

Қылмыстың ендігі бір міндетті белгісі — қылмыстық жазаланушылық болып табылады. Жазаланушылық – бұл атынан-ақ айтылып тұрғандай әрбір заңға қайшы, қоғамға, қауіпті әрекет не әрекетсіздіктер заңмен міндетті түрде жазалануы тиіс. Кейбір жағдайларда қоғамға қауіпті, заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасаушы кінәлі тұлға жазаға тартылмауы да мүмкін, яғни қылмыстық жауапкершілікке тартуға ескіру мерзімі өтіп кетсе, кешірім, рақымшылық және т.б. жағдайлармен.

Бұл белгілердің қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін де қатысы бар, тек қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған іс-әрекетке (әрекет не әрекетсіздік) байланысты.

Жоғарыда айтылғандарға негізделе қылмыс дегеніміз қолданыстағы Қылмыстық кодексте көрсетілген баптардағы қоғамға қауіпті әрекет не әрекетсіздікті жасауға байланысты жаза қолдану.

2. Қылмыс санаттары. Қылмыстарды санаттаудың (11-бап) негізіне жатады- іс-әрекеттің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі.

ҚК-тің Ерекше бөлімінде көзделген барлық әрекеттер сипатына және қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай:

- онша-ауыр емес;
- ауырлығы орташа;
- ауыр;
- аса ауыр қылмыстарға бөлінеді.

Онша ауыр емес қылмыстарға жасалғаны үшін қылмыстық заңда көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін қылмыстық заңда көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын абайсызда жасалған іс-әрекеттер танылады.

Ауырлығы орташа қылмыстарға жасалғаны үшін қылмыстық заңда көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру бес жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер, сондай-ақ жасалғаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген абайсызда жасалған іс-әрекеттер танылады.

Ауыр қылмыстарға жасалғаны үшін қылмыстық заңда көзделген ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру он екі жылдан аспайтын қасақана жасалған іс-әрекеттер танылады.

Аса ауыр қылмыстарға жасалғаны үшін қылмыстық заңда он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру, өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жаза көзделген қасақана жасалған іс-әрекеттер танылады.

4 Тақырып: Қылмыстық жауаптылық және оның негіздері. Қылмыс құрамы

Мақсаты: қылмыстық жауаптылық ұғымын түсіндіру, қылмыстық жауаптылықтың құқықтық жауаптылықтың басқа түрлерінен ажырату білу. Қандай жағдайда қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Жоспар:

1. Қылмыстық жауаптылықтың түсінігі.
2. Қылмыстық жауаптылықтың негіздері.
3. Қылмыс құрамының түсінігі және оның мәні.
4. Қылмыс құрамының элементтері мен белгілері.
5. Қылмыс құрамының түрлері.

1. Қылмыстық жауаптылықтың түсінігі. Қылмыстық заңда қылмыстық жауаптылықтың түсінігі берілмеген. Мұндай анықтама тек қылмыстық құқық ғылымында ғана айқындалған. Мемлекетіміз өз азаматтарынан, елімізге

сырттан келгендерден конституцияда көрсетілген белгілі бір әлеуметтік талаптарды қатаң орындауды талап ете отыра, оны орындамаған ретте оларға заңда көрсетілген негізде моральдық немесе құқылық жауапкершілік жүктеледі. Құқылық жауапкершіліктің ішіндегі ең қатал түрі қылмыстық жауаптылық болып саналады. Қылмыстық жауаптылық мемлекеттік заң шығарушы органы арқылы қылмыстық жазалау қатерімен тиым салынған қоғамға қауіпті кінәлі түрде істелген іс-әрекет үшін ғана белгіленеді.

Қылмыстық жауаптылық — бұл қылмыс жасаған адамның тек мемлекет алдында жауапты болуы ғана емес, сонымен қатар, қылмыстық-құқықтық шараны қолдану нәтижесінен болған кінәлінің қиналуы, оның кейіп, өкінуінен тұратын және мемлекет алдында қылмысы үшін тәуелді түрде айыпты болуы.

2. Қылмыстық жауаптылықтың негіздері. Қылмыстық жауаптылықтың негіздері мәселесінің үлкен теориялық және тәжірибелік мәні бар. Өйткені бұл құқық қорғау қызметіндегі заңдылықтың сақталуымен, қоғамдық қатынастардың реттелуімен, адамның құқықтары мен бостандықтарының қорғалуымен, сот әділдігінің жүзеге асуымен тығыз байланысты.

Қылмыстық жауаптылықты талдай келе оның негізін былайша тұжырымдауға болады: «Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни қылмыстық заңда көрініс тапқан қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады» (4-бап). Адамның қоғамға қауіпті іс-әрекеті заңмен қарастырылған мән-жайларға байланысты қауіпті деп танылып, қылмыс құрамының белгілері анықталса, сотпен кінәлі деп табылып қылмыстық құқықтық шара қолданылады.

Бір жасаған қылмыстық құқық бұзушылық үшін ешкімді де қылмыстық жауаптылыққа қайтадан тартуға болмайды. Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді.

3. Қылмыс құрамының түсінігі және оның мәні. Нақты қоғамға қауіпті әрекетті қылмыс ретінде сипаттайтын қылмыстық заңда белгіленген объективтік және субъективтік белгілердің жиынтығын қылмыстық құқықта қылмыс құрамы деп атау қабылданған.

Егер қылмыс, яғни оны жасау қылмыстық жауаптылыққа тартуға іс жүзінде негіздеме бола алса, қылмыс құрамы оның заң жүзіндегі негіздемесі. Сондықтан да, жалпы ҚК-тің 4-бабына сәйкес заң шығарушы да, теория да, тәжірибе де қылмыстық заңда қарастырылған қылмыс құрамының барлық белгілері бар қоғамға қауіпті әрекетті ғана қылмыстық жауаптылықтың бірден бір негізі ретінде қарастырады. Бұл қандай да бір басқа мән-жайлар (сол субъектінің жеке басын сипаттайтын деректер, жасалған әрекеттің саяси маңызы т.б.) қылмыстық жауаптылыққа негіздеме бола алмайды дегенді білдіреді.

4. Қылмыс құрамының элементтері мен белгілері. Заң әдебиеттерінде қылмыстық құқық бұзушылықтың әрбір құрамында оның келесі міндетті төрт элементі: объектісі, объективтік жағы, субъектісі және субъективтік жағы болады деп көрсетілген.

Қылмыс объектісі дегеніміз қылмыстық заңмен қорғалатын және қылмыстық құқық бұзушылықтан зиян шегетін қоғамдық қатынастар.

Адамның мінез-құлқының сыртқы көрінісін сипаттайтын белгілердің жиынтығы қылмыстың объективтік жағын құрайды. Мұндай белгілерге адамның қоғамға қауіпті *әрекеті* (белсенді мінез-құлқы) немесе әрекетсіздігі (енжар мінез-құлқы) жатады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптеген құрамдарының объективтік жағы қылмыстық әрекеттен немесе әрекетсіздіктен басқа қылмыстық салдарды, (қылмыстың зардабын) онымен құқық бұзушының әрекеті арасындағы себепті байланысты да қамтиды. Бұл аталған белгілерден басқа, объективтік жаққа — қылмыстың жасалу жағдайы, уақыты, орны, тәсілі, және оны жасау қаруы мен құралы да жатады.

Қылмыс субъектісі дегеніміз қылмыс жасаған және бойында қылмыстық заңда көзделген белгілер бар жеке тұлға. Ол белгілерге оның есінің дұрыстығы, белгілі бір жасқа жеткендігі, ал кейбір жағдайларда, арнайы белгілер де (қызмет жағдайы, мамандығы, кәсібі т.б.) жатады.

Қылмыстың субъективтік жағы адам мінез-құлқының ішкі, психикалық кейпін сипаттайтын белгілер жиынтығынан құралады. Мұндай белгілерге кінә, қылмыс жасаудағы ниет (себеп) пен мақсат жатады.

Теория жүзінде қылмыс құрамының негізгі (міндетті, жалпы, қажетті) және арнаулы (факультативтік, қосымша) белгілері бөлініп көрсетілген. Негізгі белгілер — әрбір қылмыстық құрамда болатын белгілер, олардың ең болмағанда біреуінің болмауы қылмыстық құрамның жоқ екендігін көрсетеді.

Қылмыс құрамының арнаулы белгілері дегеніміз заң шығарушы негізгі белгілерге қосымша ретінде қылмыстың кейбір жеке құрамдарын құрастырғанда пайдаланатын белгілер.

5. Қылмыс құрамының түрлері өздерінің нақты белгілері бойынша бөлінеді үш түрге:

- 1) іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесіне байланысты;
- 2) қылмыс құрамының сипатталу тәсіліне қарай;
- 3) қылмыс құрамының құрылысына қарай.

Іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесіне байланысты қылмыс құрамдары бөлінеді:

- негізгі;
- сараланған (ауырлататын, саралаушы белгілері бар);
- артықшылықты (жеңілдететін белгілері бар) болып бөлінеді.

Қылмыстың негізгі құрамы — бұл белгілі бір түрдегі әрекеттің негізгі, тұрақты белгілерінің жиынтығы бар құрам және ол жасалған әрекеттің қоғамға қауіптілік деңгейін көтеретін немесе төмендететін қосымша белгілерді қарастырмайды.

Егер қылмыс құрамында осы тектес әрекеттің негізгі белгілерімен қатар жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар да көрсетілсе, онда мұндай қылмыс құрамы сараланған құрам деп аталады.

Негізгі белгілерінің болуымен қатар жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлары да бар қылмыс құрамы артықшылықты құрам деп аталады.

Қылмыс құрамының белгілерін заңда сипаттау тәсіліне байланысты қылмыс құрамдары бөлінеді:

- жай;
- күрделі;
- балама (күрделі құрамға катысты) болып бөлінеді.

Қылмыстың жай құрамы дегеніміз құрамның қандайда бір элементінің күрделенуі болмайтын құрам, яғни оның бір ғана объектісі және бір ғана объективтік жағының болуы.

Қылмыстың күрделі құрамы дегеніміз құрамның қандай да бір элементінің (объектінің, объективтік жағының, субъективтік жағының) күрделенуі орын алатын құрам, яғни екі объектіге бірдей қол сұғуы, кінәнің екі түрлі нысанының болуы.

Балама құрам, мұнда қылмыстық әрекеттің (әрекетсіздіктің) бірнеше нұсқасы (варианты) болады, олардың әрқайсысы қылмыстық жауаптылықтың негіздері бола алады.

Қылмыстың объективтік жағының құрылысына байланысты қылмыс құрамдарын жіктеудің практикалық маңызы зор. Осы критерий бойынша қылмыс құрамдары:

- материалдық;
- формальды;
- келте (усеченный) болып бөлінеді.

Қылмыстың салдары оның аяқталуының қажетті белгісі болып табылатын қылмыстың құрамдарын қылмыстың материалдық құрамдары деп атайды. Мұнда іс-әрекет пен зардаптың арасында себепті байланыс болуы тиіс. Егерде материалдық қылмыс құрамында іс-әрекет пен зардаптың арасында себепті байланыс болмаса немесе зардап туындамаса, онда қылмысқа оқталғандық болып сараланады.

Қылмыстың формальды құрамдары дегеніміз қылмысты аяқталған деп санау үшін қылмыстық заңда көзделген әрекетті жасау жеткілікті болатын құрамдар, бұл жерде салдардың қылмыстың міндетті белгісі болуы шарт емес.

Мысалы, формальды қылмыс құрамына жататын қылмыстар: экономикалық контрабанда (234-бап), қарақшылық (192-бап), қызметтік жалғандық жасау (369-бап) т.б.

Кей жағдайларда заң шығарушы қылмыстың аяқталу кезін алдын ала қылмыстық әрекет кезеңдерінің біріне — қылмысқа дайындалу немесе оқталу кезіне жатқызады. Мұндай қылмыс аяқталды деп танылу үшін қылмыстық зардаптың болуы да, оны тудыратын әрекетті аяғына дейін жеткізу де қажет емес. Қылмыстың мұндай құрамдары келте құрамдар деп аталады. Мысалы,

бандитизм (268-бап) бұл келте қылмыс құрамына жатады, сондықтан бұл қылмыстық ұйымға мүше болып кіргеннен бастап, қылмыс осы бап бойынша аяқталған болып есептеледі.

Заң шығарушы кейде нақты қылмыстың объективтік жағын белгілегенде бір құрамның өзінде қоғамға зиянды зардаптың болуын немесе болуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Мұндай құрамдарда балама формальды-материалдық құрамға жататын қылмыстар деп танылады.

Заң шығарушы кейде нақты қылмыстың объективтік жағын белгілегенде бір құрамның өзінде қоғамға зиянды зардаптың болуын немесе болуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Мұндай құрамдарда балама формальды-материалдық құрамға жататын қылмыстар деп танылады. Мысалы, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, яғни жымқыру (189-бап), Радиоактивті заттарды, радиоактивті қалдықтарды немесе ядролық материалдарды сақтау, пайдалану, есепке алу, көму, тасымалдау қағидаларын және олармен жұмыс істеудің басқа да қағидаларын бұзу, егер бұл адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соғуы мүмкін болса (285-бап 1-бөлігі), абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол іс-әрекет (285-бап 2-бөлігі).

5 Тақырып: Қылмыстың объектісі

Мақсаты: қылмыс құрамының түсінігімен таныстыру, қылмыс объектісінің түрлерін, қылмыс заты ұғымын, қылмыс құрамындағы объектісін сипаттай тәсілдерін түсіндіру

Жоспар:

1. Қылмыстың объектісінің түсінігі және оның мәні.
2. Қылмыстың объектілерінің түрлері.
3. Қылмыстың заты.

1. Қылмыстың объектісінің түсінігі және оның мәні. Объект — құрамның міндетті элементтерінің (жақтарының) бірі, сондықтан да объектісіз қылмыс жоқ.

Бұрынғы Одақ құрамында болған елдердің көптеген теоретиктерінің пікірі бойынша қылмыс объектісіне қоғамдық қатынастар жатқызылған.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 2-бабында: " Осы Кодекстің міндеттері: адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті

қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады" делінген.

2. Қылмыстың объектілерінің түрлері. Қылмыстық құқық теориясында жалпы, тікелей (негізгі) және текті деп аталатын объектілер бөлініп көрсетіледі.

Жалпы объект дегеніміз- қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар жиынтығы (2-бап).

Негізгі (тікелей) объект дегеніміз — бұл қылмыстық құқық бұзушылық оған зиян келтіретін немесе зиян келтіру қаупін туғызатын нақты қоғамдық қатынастар. Мұндай объект Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің жүйесіндегі норманың орнын анықтаудың басты негізі болып табылады.

Текті объект дегеніміз – қылмыстық қол сұғушылықтан қылмыстық заң қорғайтын біртектес немесе өзара ұқсас қоғамдық қатынастардың бір бөлігі.

Қосымша объект дегеніміз негізгі объектіге қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтан "жол-жөнекей" залал шегетін (немесе залал шегуі мүмкін болатындай қауіпке ұшырайтын) объект.

Мысалы, қарақшылық меншікке де, адамның денсаулығына да қол сұғады, алайда бұл жерде негізгі объект болып меншіктік қатынастар, ал қосымша объект болып адамның денсаулығы танылады, себебі қарақшылықтың негізгі мақсаты денсаулыққа зиян тигізу емес, бөтеннің мүлкін заңсыз алып қою.

3. Қылмыстың заты. Қол сұғушылық жасалатын объектіні зерттеудегі маңызды да, сонымен қатар даулы көзқарастардың бірі — қылмыс заты болып табылады. Егерде қылмыстың заты адам болса, онда ол қылмыстық құқық мағынасында жәбірленуші болып табылады.

Қылмыс заты — кез-келген қылмыс объектісінің қажетті элементі, оған ықпал жасай отырып қылмыскер қылмыстық заң нормалары қорғайтын мүдделерге елеулі зиян келтіреді. Қылмыстардың барлығы сыртқы әлемнің заттарына әсер ету жолымен жасала бермейді, сондықтан да қылмыстың заты қылмыс құрамының факультативті белгісі болып табылады.

Мысалы, ұрлықтың, тонау және қарақшылықтың объектісі- меншіктік қатынастар, ал заты болып меншігі танылады. Ал, үкімет өкіліне қарсы зорлық-зомбылық қолдануда жәбірленуші үкімет өкілі немесе оның жақын туыстары болып табылады.

Жәбірленуші адам ретінде, қылмыстың затынан айырмашылығы, оның сипаттамалары билік өкіліне қатысты қызметіне байланысты болуында, мысалы, билік өкіліне қатысты күш қолданудың (380-бап) қылмыс құрамында орын алады.

6 Тақырып: Қылмыстың объективтік жағы

Мақсаты: қылмыстың объективті жағының ұғымы, қоғамдық қауіпті салдарының түсінігін, қылмыс құрамының объективтік жағының факультативтік белгілерін түсіндіру

Жоспар:

1. Қылмыстың объективтік жағының түсінігі.
2. Қылмыстың объективтік жағының белгілері.
3. Қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік.
4. Қоғамдық қауіпті салдардың/зардаптың/ түсінігі.
5. Себепті байланыс және оның қылмыстық құқықтағы мәні.
6. Қылмыс құрамының объективтік жағының факультативтік белгілері.

1. Қылмыстың объективтік жағының түсінігі. Қылмыс құрамының объективтік жағы қылмыстық-құқықтық нормалардың диспозицияларында көрсетілген қылмыстық әрекеттердің сыртқы белгілерінің жиынтығында тұжырымдалады.

Қылмыстың нақты құрамының объективтік жағы — оны қоғамға қауіпті және қылмыстық құқыққа қарсы деп тануға, сондай-ақ оны қылмыстың аралас құрамдарынан ажыратуға қажетті белгілердің ғана жиынтығын құрайды.

Қылмыстың объективтік жағының маңыздылығы біріншіден, оның белгілерін дәлме-дәл анықтау арқылы істелген қоғамға қауіпті іс-әрекетті дұрыс саралаудың негізі болып табылады. Екіншіден, объективтік жақтың белгілері арқылы өзара жақын, ұқсас қылмыстарды бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік туады (мысалы, қарақшылықты тонаудан, адам өлтіруді абайсызда кісі өлтіруден).

2. Қылмыстың объективтік жағының белгілері. Қылмыс құрамының объективтік жағы мыналарды қамтиды:

- әрекет немесе әрекетсіздік;
- қоғамға қауіпті салдар (зардап);
- әрекет (әрекетсіздік) пен салдар арасындағы себепті байланыс;
- қылмыстың жасалу уақыты, орны, жағдайы, тәсілі, құралы және қаруы.

Сонымен қылмыстарды ажыратып жіктеуде, оның қоғамға қауіптілігінің дәрежесін белгілеуде, қылмысты саралауда объективтік жақтың осы белгілерінің маңызы зор.

Осы белгілердің ішіндегі ең негізгісі қылмыстық заң құрайтын және заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қиянатпен қол сұғатын және оған қол сұғу қаупін тудыратын қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

3. Қоғамға қауіпті әрекет немесе әрекетсіздік. Әрекет — адамның белсенді қимылы. ҚК-те көзделген қылмыстардың басым көпшілігі әрекет арқылы жасалады.

Қылмыстық әрекетсіздік — жасауға болатын және жасалуға тиісті қандай да бір әрекетті адамның жасамауы. Әрекетсіздікке байланысты көзделген қылмыс құрамдары онша көп емес.

Құқыққа қайшы, қоғамға қауіпті іс-әрекет қандай да болсын қылмыстың объективтік жағының қажетті белгісі болып табылады.

Қоғамға қауіпті іс-әрекет бұл кінәлі тұлғаның құқыққа қайшы, саналы, белсенді немесе енжар түрде қоғамдық қатынастарға зиян келтіретін мінез - құлқының сыртқы көрінісі болып саналады.

Кез келген қылмыстық іс-әрекет объективтік тұрғыдан алғанда қоғамға қауіпті. Оның қауіптілігі құқық қорғайтын қоғамдық қатынастарға қиянат пен қол сұғу қауіпін туғызу арқылы сипатталады. Іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің дәрежесін біріншіден келтірілген зиянның мөлшері, қол сұғылатын объектінің құндылығы арқылы анықтайды.

Іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігінің негізгі белгілерінің бірі оның құқыққа қайшылығы болып табылады. Мұндай белгінің болуы азаматтарды заңсыз қылмыстық жауапқа тартуға жол бермеудің кепілі болады және заңдылықтың қатаң сақталуын қамтамасыз етеді.

Іс-әрекет – адам мінез-құлқының сыртқы шынайы көрінісі болып табылады. Осыған орай адамның ниеті, пікірі, қаншалықты зиянды болғанымен, ол белгілі бір іс-әрекетпен ұштаспаса, ол қылмыстық жауапқа тартылмайды. Іс-әрект – адамның саналы мінез-құлқының көрінісі. Сонымен адамның санасынан тысқары болған кезкелген дене қозғалысы, ол қаншалықты қоғамға зиянды залал келтіргені не зиян келтіру қауіпін төндіргеніне қарамастан, қылмыстық-құқықтық тәртіппен жазаланатын іс-әрекетке жатпайды.

Адамның өзінің еркіне байланысты емес, одан тыс жағдайда тойтарылмайтын күштер (күш қолдану мен қорқыту) арқылы қоғамға зиянды залал келтірілген болса, онда қылмыстық-құқықтық іс-әрекет туралы сөз болуы мүмкін емес.

Тойтарылмайтын күштерге-табиғат апатының, хайуанаттар, есі ауысқан адамдар мен дүлей күштің әсерінен адамның өз ойы, еркі арқылы белгілі бір іс-әрекетті істеу мүмкіндігінен айырылуы жатады.

Кейбір жағдайларда қылмыстық әрекет жазбаша түрде де істеледі. Мысалы, қызметтік жалғандық жасауды. Бұл қылмыстың объективтік жағы, яғни мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адамның не оған теңестірілген адамның ресми құжаттарға көрінеу жалған мәліметтерді енгізуі, сол сияқты аталған құжаттарға олардың шын мазмұнын бұрмалайтын түзетулер енгізуі, не көрінеу жалған немесе қолдан жасалған құжаттар беруі, егер бұл әрекеттер өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылық алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында жасалған болса.

Кейбір жағдайларда қылмыстық іс-әрекет сөз жүзінде де жасалады.

Мысалы қорлау, яғни басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту, жала жабу, яғни басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату немесе дайындалып жатқан терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау.

Әрекетсіздік әрине мінез құлықтың енжарлық нысаны болып саналады. Әрекетсіздік қылмыстық құқықтық мағынаға ие болуы үшін мынадай бірнеше белгілердің жиынтығына сәйкес келуі тиіс:

- Әрекетсіздіктің нақты көрінісі неде, яғни кінәлі адам өзіне жүктелген нақты қандай міндеттерді істемеді?

- Әрекетсіздік жасаған адам осы нақты әрекеттерді істеуге міндетті ме?

- Осы әрекеттерді ондай адамның істеуге нақты мүмкіндіктері болды, ма?

Кінәлінің өзіне жүктелген белгілі бір міндеттерді, талаптарды орындамауы әр түрлі жолдармен белгіленеді:

-Заң талабынан. Мысалы заңға сәйкес немесе арнайы ереже бойынша көмек көрсетуге міндетті адамның дәлелді себептерсіз науқасқа көмек көрсетпеуі, егер бұл абайсызда науқастың денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса.

-Кәсіптік немесе қызмет талаптарынан, санитарлық-эпидемиологиялық ережелермен.

-Келісім шарттан, контрактіден.

-Отбасылық, туыстық қатынастардан, қамқоршы және қорғаушы құқығынан.

-Адамгершілік нормасы мен мінез құлық ережелерінен. Мысалы, өміріне немесе денсаулығына қауіпті жағдайдағы және сәбилігіне, қарттығына, науқастығына немесе өзге де дәрменсіз күйінің салдарынан өзін-өзі сақтап қалу шараларын қабылдау мүмкіндігінен айырылған адамды көрінеу көмексіз қалдыру, кінәлі кісінің ол адамға көмек көрсету мүмкіндігі болған және ол адамға қамқорлық жасауға міндетті болған не оны өміріне немесе денсаулығына қауіпті күйде өзі қалдырған жағдайларда немесе көлік құралын жүргізуші және жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзған адамның зардаптар болған жағдайда жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалуы.

4.Қоғамдық қауіпті салдардың/зардаптын/ түсінігі. Қылмыстық салдар деп тұлғаның әрекетінің (әрекетсіздігінің) себебінен қоршаған ортада болған және қылмыс құрамының объективтік белгілеріне жататын өзгерістер танылады. Қолданыстағы қылмыстық заңның Ерекше бөлімінде көрсетілген нормаларға талдау жасап, қылмыстық іс-әрекетті жасау арқылы заң қорғаған, Қылмыстық кодекстің тиісті бабының диспозициясында бейнеленген қоғамдық қатынастарға қандай өзгерістер келтірілгенін айтамыз. Әр тарау Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде тектік объектілеріне,

ұқсастықтарына қарай орналасқан. Қылмыс жасалғанда, сол объектілерге байланысты зардап тиеді. Мысалы, жеке адамға қарсы қылмыстар, адамның өміріне, денсаулығына зиян тигізетін болса, меншікке қарсы қылмыстар, меншік иесіне материалдық зиян тигізеді. Қылмыстық кодекстің нақты баптарының диспозицияларындағы қоғамға зиянды зардаптарды анықтау үшін заң шығарушы әр түрлі терминдерді, түсініктерді қолданады.

Қылмыстық кодекстің көптеген баптарының диспозицияларында қоғамға зиянды нақты іс-әрекеттен туындайтын зардаптардың бірнеше балама түрлері көрсетілген.

Қылмыстық кодексте қоғамға зиянды іс-әрекеттен келтірілген зиянды анықтағанда «ауыр, орташа ауырлықтағы немесе жеңіл зиян», «елеулі зиян», «ауыр зардап», «болмашы мөлшер, айтарлықтай мөлшер, ірі мөлшер, аса ірі мөлшер немесе айтарлықтай залал, ірі залал, аса ірі залал» деген түсініктер қолданылады.

Мысалы, Қылмыстық кодекстің 156-бабында қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік санитария қағидаларын немесе еңбекті қорғаудың өзге де қағидаларын осы қағидаларды сақтауды ұйымдастыру немесе қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер жүктелген адам жасаған, абайсызда денсаулыққа ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соққан бұзуы үшін жауапкершілік туындайтынын белгілеген.

Қол сұғушылық жасау затына келетін зиян әртүрлі нысанда болуы мүмкін. Олар материалдық залал (бөтеннің мүлкін ұрлау, жою, т.б.), денеге (денсаулыққа) зақым келтіру түрінде болуы мүмкін. Материалдық залал қылмыстық заңда қол сұғушылық жасау заттарын қалайда жоюмен немесе бүлдірумен әркез байланысты емес. Ұрлау материалдық залал келтіретін болғанымен, бірақ ол мүлікті жоюмен де, бүлдірумен де байланысты емес.

Қылмыстық салдар бейматериалдық сипатта да болуы мүмкін.

Қоғамға қауіпті іс-әрекетті дұрыс саралап шешу үшін көп жағдайда келтірілген зиянның түрін ғана емес, оның шамасын анықтаудың маңызы өте зор. Сот медициналық сараптама бойынша денсаулыққа зиян келтірілуі мүмкін ауыр, орташа, жеңіл.

Жеке адамға қарсы қылмыстар туралы істер жөніндегі қылмыстарды саралау және тиісінше, оларды жасаған адамдарға әділ жаза тағайындау кезінде қылмыстық заңды дұрыс қолдануды қамтамасыз ету үшін кінә нысанын, ниетінің түрін, қылмыс жасаудың мәні мен мақсатын, тәсілін, жағдайы мен сатысын, келтірілген зардаптардың ауырлығын анықтау қажет. Қылмыстық процесті жүргізетін органдар іс жүргізу құжаттарында (айыптау қорытындысында, үкімде) өз тұжырымдарын жол берілетін анық дәлелдемелерді келтіре отырып негіздеулері тиіс. Дене жарақаттары бойынша міндетті түрде сараптама тағайындалады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 20 мамырдағы N 368 Бұйрығымен, "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында «Сот медициналық сараптама жүргізу және ұйымдастыру Ережесі қабылданды. Бұл Ережеде Қазақстан

Республикасының қарастырылған заңымен көзделген денсаулыққа келтірілген әр-түрлі дәрежедегі зиянның медициналық (критерилері) белгілері келтірілді. Денсаулыққа келтірілген медициналық зиян белгілеріне сәйкес сот-медицина сарапшысы бұл зиянның ауырлығын белгілейтін болады.

Денсаулыққа келтірілген зиян ауырлығын белгілеу үшін осы медициналық зиян белгілерінің біреуі де жеткілікті. Бірнеше квалификациялық белгілер бар болған жағдайда, денсаулыққа келтірілген зиян ауырлығын, денсаулыққа келтірілген аса ауыр зияндықты көрсететін белгі бойынша анықтайды.

Денсаулыққа келтірілген зиян мағынасында ағзалардың бүтіндігінің бұзылуы немесе олардың физиологиялық қызметтерінің бұзылуы (дененің зақымдануы) және де сыртқы ортаның әр-түрлі: механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық, психикалық факторлар әсерінің нәтижесінде пайда болған ауруларды немесе патологиялық жағдайларын түсіну керек

Денсаулықтың бұзылуы деп ағзаның нақты жарақаты немесе жергілікті сипаттағы клиникалық айқын сырқаттар пайда болғанда, ағзаның анатомиялық бүтіндігінің немесе физиологиялық қызметінің және де бұлшық ет тарамдарының бұзылу жағдайын түсіну керек.

Жалпы еңбек қабілеттілігі мағынасында адамның белгілі бір зат, бұйым немесе қызмет түрінде әлеуметтік маңызды нәтиже алуына бағытталған туа біткен және жүре пайда болған әрекетке деген қабілеттілікті түсіну керек.

Кәсіби еңбек қабілеттілік деп өз мамандығында немесе оған төлемі немесе біліктілігі бойынша тең дәрежедегі өзге де еңбекке деген қабілеттілікті түсінген жөн.

Зиянның өте қауіптісі денсаулыққа келтірілген ауыр зиян. Денсаулыққа келтірілген ауыр зиянның квалификациялық белгілері ретінде:

1) денсаулыққа келтірілген зиянның адам өміріне қауіптілігі;

2) адам өміріне қауіпті емес, бірақ денсаулыққа келтірілген ауыр зиянның әсерінен:

- көздің көрмей қалуы, есту, сөйлеу қабілеті немесе басқа мүшелердің қызметінің жоғалуы (бұзылуы);

- бет пішінінің қалпына келмейтіндей зақымдануы;

- еңбек қабілеттілігінің үштен бірінен айырылуы (33% және жоғары) денсаулықтың бұзылуы;

- кәсіби еңбек қабілеттілігінен толық айырылуы;

- жүктіліктің үзілуі;

- психиканың бұзылуы (психикалық сырқаттар);

- наркомандық немесе токсикомандық сырқаттар болып табылады.

Денсаулыққа келтірілген зиянның адам өміріне қауіптісі деп, зақымдану кезінде зақымданушы тұлғаның өміріне қауіп туғызатын, сыртқы факторлардың әсерінен пайда болған дене жарақаттарын және патологиялық жағдайларды, олардың қалыпты ағысы немесе заңды түрде асқынуы адам өміріне қауіп төндіруін санау керек.

5. Себепті байланыс және оның қылмыстық құқықтағы мәні.

Материалдық деп аталатын қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалғанда адамның әрекеті (әрекетсіздігі) мен келген зиянды салдар арасындағы себепті байланыстың бар-жоқтығы жайында мәселе туындайды.

Себепті байланыс мәселесі қылмыстық құқық теориясындағы ең күрделі және даулы мәселелердің бірі.

Қоғамға қауіпті іс-әрекет пен әрекетсіздіктен туындайтын зардаптың арасын байланыстыратын белгіні себепті байланыс деп атайды.

Бұл материалдық құрамға жататын қылмыстардың объективтік жағының міндетті белгісі болып табылады.

Қылмыстық құқық қағидасы бойынша қоғамға қауіпті іс-әрекеттен туындаған зардап үшін оның әрекеті немесе әрекетсіздігі сол зардаппен себепті байланыс болғанда ғана аяқталған қылмыс бойынша жауаптылық көзделеді.

6. Қылмыс құрамының объективтік жағының факультативтік белгілері. Адамның мінез-құлқының сыртқы көрінісі болып табылатын қауіпті іс-әрекет немесе әрекетсіздіктің белгілері бір кеңістікте және уақытта орын алатын нақты көрініс болып саналады. Қылмыстық құқықтағы кеңістік деген ұғым нақты іс-әрекеттің істелген орны ретінде қарастырылады.

Осыған орай, қылмыстың объективтік жағының мазмұнын ашып көрсететін белгілердің қатарына қоғамға қауіпті іс-әрекет, істелген орын және уақыт қосылады.

Кейбір жағдайларда қылмыс жасалған уақыт, орын, жағдай және қылмыс жасау тәсілі сол жасалған қылмыстың зияндылық деңгейіне елеулі әсер етуі мүмкін, ол заң шығарушыға осы мән-жайлардың кейбіреулерін қылмыстың кейбір құрамдарының міндетті белгісі ретінде тануға құқық береді.

Кез келген қоғамға қауіпті іс-әрекет белгілі бір тәсілмен, айламен, кейбір жағдайларда нақты құралдар мен қару-жарақтар қолданылу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Қасақана кісі өлтіру де аса қаталдықпен немесе көптеген адамның өміріне қауіпті тәсілмен жүзеге асырылуы мүмкін. Кінәлі адамға қаза келтірілген кезде адам өлтіру тәсілі және басқа да мән-жайлармен байланысты аса қатыгездік көрсетіліп жасаған адам өлтіру ҚК 96-бабы екінші бөлігінің д) тармағы бойынша саралануға жатады.

Қаза келтіру тәсіліне қатысты мән-жайларды бағалаған кезде кінәлінің аса қатыгездік көрсеткенде жәбірленушіге аса тән немесе жан күйзелісі мен қасіретін келтіретін әрекеттерді қасақана жасайтынын ескеру керек.

Аса қатігездік белгілері, атап айтқанда, мына жағдайларда көрінеді: адам өлтіру алдында немесе оны орындау процесінде жәбірленушіге азаптау, қинау немесе оны қорлау қолданылуы, кісі өлтіру кінәлі үшін әуелден жәбірленушіге ерекше күйзелістер мен қасіреттер (мысалы, жәбірленушіні өлер алдында ұрып-соғу немесе көптеген жарақаттар келтіру, ұзақ уақыт бойы азаптау, аса қиналыс

тудыратын у пайдалану, тірідей өртеу, аязда жылы киімсіз қалдыру, астан, судан айыру және т.с.с.) келтіретін тәсілмен жасалуы.

7 Тақырып: Қылмыстың субъектісі

Мақсаты: қылмыс субъектісі ұғымын, есі дұрыстық, есі дұрыс еместік ұғымын, қылмыстың жай субъектісі, арнаулы субъектісі ұғымын түсіндіру

Жоспар:

1. Қылмыс субъектісінің түсінігі
2. Есі дұрыстық – қылмыстық жауаптылықтың шарты. Есі дұрыстықтың түсінігі
3. Қылмыстың арнаулы субъектісі

1. Қылмыс субъектісінің түсінігі. Есі дұрыс, қылмыс жасаған кезде қылмыстық заңда көзделген белгілі бір жасқа толған жеке адам қылмыстық заң бойынша қылмыс субъектісі бола алады.

Қылмыс субъектісінің белгілері жалпы ҚК-тің 15-бабының бірінші бөлігінде былай делінген: "Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатады.". Ал, осы баптың екінші бөлігі 14 жастан бастап қандай қылмыстық құқық бұзушылық үшін

қылмыстық жауаптылыққа жататындығы көрсетілген, сонымен қатар ҚК-тің 15-бабының екінші бөлігінде көрсетілген қылмыстар үшін жауаптылық егер бұл қылмыстар қасақана жасалса 14 жастан басталады.

2. Есі дұрыстық – қылмыстық жауаптылықтың шарты. Есі дұрыстықтың түсінігі. Есі дұрыстық — қылмыстық заңда көзделген қоғамға қауіпті әрекетті жасаған кезде адамның өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипатын және қоғамға қауіптілігін ұғынып, соған ие болу қабілеті.

Есі дұрыс еместік ұғымы және оның белгілері ҚК-тің 16-бабында берілген. Қылмыстық кодекстің 16-бабының бірінші бөлігінде, қылмыстық заңда көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған уақытта есі дұрыс емес күйде болған, яғни созылмалы психикалық ауруы, психикасының уақытша бұзылуы, ақыл-есінің кемдігі немесе психикасының өзге де дертке ұшырауы салдарынан өзінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғына алмаған немесе оларға ие бола алмаған адам қылмыстық жауаптылыққа жатпайтындығы атап өтілген.

Есі дұрыс емес деп танылған адамға сот қылмыстық заңда көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануы мүмкін (16-бап).

Заң есі дұрыс еместіктің екі критерийін белгілейді: медициналық, (биологиялық) және заңдық (психологиялық).

Есі дұрыс еместіктің медициналық критеріі ҚК-тің 16-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген психикалық қызметтің бұзылуының төртеуінің біреуі болуын талап етеді, олар:

- а) созылмалы психикалық ауру;
- ә) психиканың уақытша бұзылуы;
- б) кемақылдылық;
- в) психиканың өзге де дертке шалдығуы.

ҚК-тің 16-бабына сәйкес есі дұрыс еместіктің **зандық критеріі** екі белгіні қамтиды: 1) интеллектуалдық және 2) еріктік.

Интеллектуалдық белгі заңда мынадай сөздермен келтірілген: "өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғына алмаған адам". Есі дұрыс еместіктің интеллектуалдық белгісі психикалық аурудың салдарынан сананың бұзылғандығын білдіреді.

Заңдық критерийдің, еріктік белгісі — адамда өз іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) ие болу қабілетінің жоқтығы.

4. Қылмыстың арнаулы субъектісі.

Қылмыстық заң белгілі бір жасқа толған, есі дұрыс кез-келген жеке тұлға ғана емес, ерекше қосымша белгілері бар адамдар субъекті бола алатын қылмыстарды да көздейді.

Арнаулы субъектінің ҚК-тің Ерекше бөлімінің нормаларында көзделген барлық белгілері мына топтарға бөлінеді:

1. Адамның құқықтық жағдайын сипаттайтын белгілер.
2. Демографиялық белгілер айыпты адамның дене құрылыс қасиеті.
3. Қызметтік жағдайды атқарылатын жұмысты сипаттайтын белгілер және адамның кәсібін сипаттайтын белгілер.
4. Адамның бұрынғы әлеуметтікке қарсы қызметін немесе неше қайтара қылмыс жасағандығын.

8 Тақырып: Қылмыстың субъективтік жағы

Мақсаты: қылмыстың субъективтік жағы, кінәсі, жағдайы туралы ұғымды түсіндіру, кінәнің нысандарын білу, екі кінәнің арасындағы айырмашылықты түсіну, қылмысты кінәнің екі жақты нысандарымен сипаттауды білу

Жоспар:

1. Қылмыстың субъективтік жағының түсінігі және оның мәні
2. Кінәнің түсінігі және нысандары
3. Қасақаналық және оның түрлері
4. Абайсыздық және оның түрлері
5. Қылмыстық ниет және мақсат
6. Кінәнің қосарланған (аралас) нысаны

1. Қылмыстың субъективтік жағының түсінігі және оның мәні
Қылмыстың субъективтік жағы дегеніміз — адамның өзі жасаған қылмыстық іс-әрекетке және оның салдарына/зардабына/ психикалық қатынасы.

Қылмыстың субъективтік жағына мыналар жатады: кінә, қылмыс жасаудағы ниет (себеп) және мақсат.

Кінә — қылмыстың кез келген құрамының субъективтік жағының міндетті белгісі. Қылмыс жасаудағы ниет пен мақсаттың кінәдан айырмашылығы, олар бір құрамдар үшін міндетті болып табылса, екіншілері үшін — субъективтік жақтың факультативтік белгілері болып табылады.

2. Кінәнің түсінігі және нысандары. Қылмыстық құқықтың ең маңызды қағидаты жауаптылықты кінә болған жағдайда ғана белгілеуді білдіретін — кінәлі жауаптылық қағидаты болып табылады.

Кінә — адамның қасақана немесе абайсызда өзі жасаған қоғамға қауіпті әрекетіне және оның қоғамға қауіпті зардабына психикалық қатынасы. Кінә әрқашанда қасақана немесе абайсызда жасалған іс-әрекеттен туындайды.

Кінәнің әлеуметтік-саяси мағынасы — адамның өз әрекетінің және оның зардабының әлеуметтік мәнін, яғни олардың қоғамға қауіптілік сипатын ұғынуында немесе ұғынуға мүмкіндігі барлығында.

3. Қасақаналық және оның түрлері. Қасақаналықтың мазмұны ҚК-тің 20-бабының - бірінші бөлігінде ашылып көрсетілген: "Тікелей немесе жанама пиғылмен жасалған іс-әрекет **қасақана** жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады".

Егер адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынған болса, оның қоғамға қауіпті зардаптарының болу мүмкіндігін немесе болмай қоймайтынын алдын ала болжап білген болса және осы зардаптардың туындауын қалаған болса, қылмыстық құқық бұзушылық тікелей пиғылмен жасалған деп танылады (ҚК-тің 20-бабының екінші бөлігі).

Егер адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынған болса, оның қоғамға қауіпті зардаптарының болу мүмкіндігін алдын ала болжап білген болса, осы зардаптардың орын алуын қаламаса да, оларға саналы түрде жол берсе не оларға немқұрайлы қараса, қылмыстық құқық бұзушылық жанама пиғылмен жасалған деп танылады (ҚК-тің 20-бабының үшінші бөлігі).

4. Абайсыздық және оның түрлері. ҚК-тің 21-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, менмендікпен немесе немқұрайлылықпен жасалған әрекет абайсызда жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.

Сонымен ҚК-тің 21-бабында абайсызда жасалған кінәнің екі түрі — менмендік және немқұрайлылық қарастырылған.

ҚК-тің 21-бабының екінші бөлігіне сәйкес, егер адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті зардаптар туғызу мүмкіндігін алдын ала

болжап білген болса, бірақ бұған жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен бұл зардаптарды болдырмауға болады деп есептеген болса, қылмыстық құқық бұзушылық менмендікпен жасалған деп танылады.

ҚК-тің 21-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, егер адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті зардаптар туғызу мүмкіндігін алдын ала болжап білмеген болса, дегенмен тиісті ұқыптылық пен сақтық танытқанда, осы зардаптарды алдын ала болжап білуге тиіс және біле алатын болғанда, қылмыстық құқық бұзушылық немқұрайлылықпен жасалған деп танылады.

Немқұрайлылықта кісі өз әрекетінің қоғамға қауіпті екендігін ұғынбайды да, залалды зардаптардың болуы мүмкін екендігін алдын ала біле қоймайды, себебі сақтық шараларын ұстанбайды, жеке кісінің мүддесін, мемлекет пен қоғам мүдделерін қорғауға қажетті ұқыптылық, сақтық және жетерлік қамқорлық көрсетпейді. Егер қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кісі ұқыптырақ болып, сақтық шарасын сақтауға өз міндеттеріне жауаптырақ қараса, ол өз іс-әрекетінің не болмаса әрекетсіздігінің зардап туғызу мүмкін екендігін ұғынған болар еді, залалды зардаптардың болуы мүмкін екендігін алдын ала біліп, оларды болғызбаған болар еді.

Немқұрайлылық болған кейбір жағдайларда кісі жасалатын әрекетті сол сәтте толық ұғына алмайды, сол себепті да ол қоғамға қауіпті зардаптардың болуы мүмкін екендігін алдын ала болжап біле алмайды.

Немқұрайлылықтың еріктік жағдайы екі түрмен сипатталады. Біріншісі - кісі өз іс-әрекетінің немесе әрекетсіздігінің нәтижесінен қоғамға қауіпті зардаптардың болатынын алдын ала білуге тиіс еді; екіншісі - кісінің оларды алдын ала білуі мүмкін болғандығы. Қоғамға қауіпті зардаптарды алдын ала білу міндеті, заң жүзімен айтқанда «болжап білу тиіс» деген сөз немқұрайлылықтың объективтік өлшемі болып саналады.

Алдын ала білу мүмкіндігі, заң жүзінде айтқанда «біле алатын болғанда» деген түсінігі немқұрайдылықтың субъективтік өлшемі болып саналады.

Заң (ҚК-тің 21 бабының 3 бөлігі) немқұрайлылыққа екі өлшемде түсініктеме береді - субъективтік пен объективтік.

Немқұрайлылықтың объективтік өлшеміне жатады кінәлінің өз іс-әрекетінің не болмаса әрекетсіздігінің қоғамға қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екендігін алдын ала білуі қажеттілігінде. Бұл міндет заңның, басқа да нормативтік актілердің талаптарынан, тұрмыс ережелерінен, қызметтік және кәсіби міндеттерден, сақтықты талап ететін басқа да тәртіптерден туындайды. Бұл міндеттің мәні кінәлінің өзіне жүктелген міндетті орындау кезінде, әрекет жасалынатын нақты жағдайда ұқыпты, сақ болуға, залалды зардаптардың болуы мүмкін екендігін алдын ала біле алуға және оларды болдырмау үшін қандай да болмасын шара қолдануға тиістігінде. Егерде сақтық пен ұқыптылық танытып, бұл зардаптарды алдын ала болжап білуге тиісті емес және біле алмайтын жағдайда болған болса, онда бұл қылмыстық құқық бұзушылық болып саналмайды.

Объективтік өлшем сақтықтың белгілі бір талаптарын ескеруді міндеттейді, ондай талаптарға жатуы мүмкін, адамгершілік, құқықтық, кінәлі

тұлға айналысқан белгілі бір кәсіптің, мамандықтың немесе қызметтің тұрмыстық ережелердің нормалары.

Объективтік өлшем тұрғысынан алғанда, мұндай жағдайға тап болған кезде, қандай да болмасын кісі зардаптарды алдын ала білуге тиіс болса ғана сол зардаптардың болатындығын алдын ала білу мүмкіндігі бар деп саналады.

Абайсыздық жағдайдайдағы құқықбұзушылықтың тікелей ниетпен жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтағы, әсіресе жанама ниеттің жағдайымен біраз ұқсастығы бар. Бұл екі жағдайда да кінәлі өз іс-әрекетінің не болмаса әрекетсіздігінің қоғамға қауіпті зардаптарының болатынын алдын ала біледі. Алайда қасақаналық ниеттегі алдын ала білудің мазмұны абайсыздықтағы алдын ала білуден басқаша. Мысалы жарылыс жасау арқылы кінәлі басқа кісілерге зардап тигізуі мүмкін екенін болжап біле алады, брақ саналы түрде соған жол береді.

Ал абайсыздықтағы менмендікте кінәлі өзі жасаған іс-әрекеттің не болмаса әрекетсіздіктің жалпы қоғамға қауіпті зардаптар әкелуі мүмкін екендігін алдын ала біледі, алайда нақты бұл жағдайда бұл зардаптарды болдырмаймын деп өзіне, өз күшіне сеніммен қарайды.

Субъект сенген мән-жайлар әртүрлі сипатта болуы мүмкін. Ол өзінің күшіне, практикасына, біліміне, сондай-ақ, басқа кісілердің іс-әрекетіне, табиғат күшіне, техникаға, т.б. сенуі мүмкін. Кінәлінің сенімі бойынша залалды зардаптарға тосқауыл бола алатын мән-жайларда сол зардаптарды шын мәнінде болдырмайтындығына күш қабілеті болуы тиіс.

Кінәлінің белгілі бір мән-жайларға сенімі оның жеңілтектігі қорытындысында дұрыс болмай шығуы зардаптардың болуына, туындауына жол береді.

5. Қылмыстық пиғыл (ниет) және мақсат. Қылмыстық пиғыл — субъекті қылмыс жасаған кезде басшылыққа алатын ішкі қажеттілік, талап, мүдде, түрткі.

Қылмыстың мақсаты — зиянды әрекет жасағанда субъектінің қол жеткізуге ұмтылатын нәрсесі.

6. Кінәнің қосарланған (аралас) нысаны. Субъективтік жағынан алғанда қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар тек қасақана, екіншілері тек абайсызда, ал үшіншілері — бір жағынан қасақана, бір жағынан абайсызда жасалуы мүмкін.

Осылай жасалуында бірден кінәнің екі нысаны (қасақаналық және абайсыздық) болатын бірқатар қылмыстар бар. Бір қылмыстың өзінде ғана кінә нысандарының осылай бірігуі әдебиетте кінәнің қосарланған (аралас), не курделі нысаны деп аталады.

ҚР ҚК құқық бұзушылықтардың басым бөлігі тек кінә формасының бір түрімен ғана жасалады. Алайда кейбір жағдайларда құқықбұзушылықта кінәнің екі формасының да қатар келуі әбден мүмкін. Алайда, заңшығарушы кейбір жағдайларда заңда қоғамға қауіпті әрекетке және әрекетсіздіктің оның

зардабына қатысты кінәнің формасын жеке анықтау қажет болып саналатын қылмыстық құқықбұзушылық құрамдарында қарастырады. Мұндай жағдайларда бір құқықбұзушылықта кінәнің екі түрлі формасы қатарласып келеді.

Мұндай қылмыстық құқықбұзушылықтық оқиғалар тергеу органдарында жиі кездеседі, кісінің жасаған қылмысы қасақана әрекетпен болғанымен, келтірілген зардап абайсызда жасалады. Мұндай құқық бұзушылықтарды талдау кезінде заңды сұрақ туындайды: жалпы алғанда қылмыстық құқық бұзушылық қасақана немесе абайсызда жасалды ма? Егер қылмыстық құқық бұзушылықты субъектінің құқық бұзушылықтық әрекетке деген қарым-қатынасы бойынша қарайтын болсақ, бұл жағдайда ол қасақана болып саналады, ал егер келтірілген зардапқа қатысты қарастырсақ абайсызда болады.

Мысалы, ҚР ҚК 319-бабы бойынша заңсыз түсік жасау, абайсызда адам өліміне немесе денсаулыққа орташа, ауыр зардап тигізген жағдайды қарастыруға болады. Аталған түрге жататын ҚР ҚК 120-бап зорлау және 121-бап сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері сипатындағы күш қолдану қылмысын саралау кезінде зорлау немесе жыныстық күштеу сипатындағы әрекетті қолданған жағдайда: (қасақана немесе абайсызда) абайсызда жәбірленушінің денсаулығына ауыр зардап келтіруге, оның адамның иммун тапшылығы вирусын/жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы жұқтырып алуына немесе басқа да ауыр зардаптарға әкеп соқса, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан зардап орын алған жағдайда туындайды.

9 Тақырып: Іс-әрекеттің қылмыс екенін жоятын мән-жайлар

Мақсаты: іс-әрекеттің қылмыс екенін жоятын мән-жайлар туралы ұғымымен және олардың түрлерімен таныстыру, осы жағдайлардың іс-әрекеттің тек қылмыстық жауаптылығын және жазаланушылығын жоққа шығаратынын түсіндіру

Жоспар:

1. Іс-әрекеттің қылмыс екенін жоятын мән-жайлардың сипаттамасы
2. Қажетті қорғаныс
3. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстап алу кезінде зиян келтіру
4. Аса (мәжбүрлі) қажеттілік
5. Жедел-ізвестіру іс-шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру
6. Негізді тәуекел ету
7. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу
8. Бұйрықты немесе өкімді орындау

1. Іс-әрекеттің қылмыс екенін жоятын мән-жайлардың сипаттамасы.

1997 жылғы 16 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі іс-әрекеттің қылмыс екендігін жоятын мән-жайлар — қажетті қорғану мен аса (мәжбүрлі) қажеттіліктің қатарын тұңғыш рет басқа да мән-жайлармен толықтырды. Атап айтар болсақ, бұлар: қылмыскерді ұстау кезінде зиян келтіру, орынды тәуекел, күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу және бұйрықты немесе өкімді орындау. Ал, 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі кейбір баптардың атауларына өзгертілген мазмұнына сай өзгерістер енгізіп, қазіргі қолданыстағы қылмыстық заңда «қажетті қорғану», «қажетті қорғаныс» (32-бап) болып, «орынды тәуекел», «негізді тәуекел ету» (36-бап), «қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру», «қол сұғушылық жасаған адамды ұстап алу кезінде зиян келтіру» (33-бап) болып өзгертілді.

2. Қажетті қорғаныс. Қажетті қорғану - әр адамның өміріне, денсаулығына, мүлкіне, тұрғын үйіне, меншігіне және басқа да заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделеріне қоғамға қауіпті қол сұғушылықтардан қорғануға ажырамас конституциялық құқығы болып табылады. Осыған байланысты қаза келтіру не денсаулығына зиян келтіру бойынша істерді жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 32-бабының қажетті қорғаныс және оның шектері туралы ережелеріне сүйене отырып, мақсат, себеп, кінә нысанын, құқық бұзушылықтың жасалу тәсілін және әрекетті дұрыс саралауға қажетті басқа да мән-жайларды мұқият анықтау керек.

ҚК-тің 32-бабының бірінші бөлігінде "Қорғанушының және басқа да адамдардың жеке басы мен құқықтарын, сондай-ақ қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан, оның ішінде қолсұғушы адамға зиян келтіру жолымен заңды түрде қорғау қажетті қорғаныс деп танылады.

Барлық адамдардың өздерінің кәсіптік немесе өзге де арнаулы даярлығына және қызмет бабына қарамастан, олардың тең дәрежеде қажетті қорғануға құқығы бар. Қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан құтылу не басқа адамдардың немесе мемлекеттік органдардың көмегіне жүгіну мүмкіндігіне қарамастан, бұл құқық адамға тиесілі болып табылады» деп көрсетілген.

Қажетті қорғаныс жағдайында, яғни қорғанушының немесе өзге де адамдардың жеке басын, тұрғынжайын, меншігін, жер учаскесін және басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қолсұғушыға зиян келтіру арқылы қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау кезінде қолсұғушы адамға зиян келтіру, егер бұл ретте қажетті қорғаныс шегінен шығуға жол берілмеген болса, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды.

Егерде, нәтижесінде қолсұғушыға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін зиян келтірілетін, қолсұғушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне қорғанудың анық сай келмеуі қажетті қорғаныс шегінен шығу деп

танылады. Мұндай шектен шығу қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Адамның өміріне қол сұғушы адамға не қорғанушының немесе басқа адамдардың өміріне қауіпті қарулы шабуылмен немесе зорлық-зомбылықпен не осындай зорлық-зомбылықтың тікелей қатерімен, не тұрғын үйге, үй-жайға басып кірумен ұштасқан өзге де қолсұғушылыққа тойтарыс беру кезінде адамға зиян келтіру, сондай-ақ егер қорғанушы қолсұғушылықтың кенеттен болуы салдарынан шабуыл қаупінің дәрежесі мен сипатын объективті бағалай алмаса, қажетті қорғаныс шегінен шығу болып табылмайды.

Адам одан қорғануға құқылы қол сұғушылық қасақана және абайсызда жасалуы мүмкін, онда құқық бұзушылық құрамы болуы немесе құқық бұзушылық болмауы мүмкін, алайда, бұл мән-жайлар қорғанушының қорғану құқығына әсер етпейді, өйткені қорғанушы қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жататын адамнан, және есі дұрыс емес немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жасы жетпеген адамнан тікелей келген қасақана немесе абайсыз қол сұғушылықтан бірдей мөлшерде қорғануға құқылы.

Зиян қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасаған адамның өзіне тікелей келтірілсе ғана ол қажетті қорғану жағдайында жасалған деп танылуы мүмкін (соның ішінде олар техниканы, жануарларды, есі дұрыс емес адамдарды, жасөспірімдерді пайдаланған жағдайларда да).

Шабуыл жасаушының қасақана немесе абайсыз әрекеттерімен зиян келтіріліп болғанда ғана емес, зиян келтіру әлі басталмаған, бірақ нақтылы келтірілу қаупі төнген (мысалы, қол сұғушылықты іске асыруға дайындық әрекеттері жасалған және б.), не қол сұғушы құқыққа қарсы әрекеттерін әлі аяқтамаған (ұрып-соғуын жалғастырған, ұрланған заттарды пәтерден әкетіп үлгермеген) кезде, сондай-ақ негізінен аяқталған, бірақ істің мән-жайларына қарай қорғанушы үшін оның қай сәтте аяқталғаны айқын болмаған қол сұғушылықтан кейін іле-шала жалғасқан қорғану кезінде қажетті қорғануға жол беріледі. Аталған жағдайларды қол сұғушылықтың басталу және аяқталу сәттерінің айыпталушыға қаншалықты көрінеу болғанына, оның нақтылы қалыптасқан жағдайда ахуалды дұрыс бағалауға мүмкіндігі болған-болмағанына қарап бағалау қажет.

Құқық бұзушылықтың формальды жағынан белгілері бар, бірақ маңызының шамалылығына қарай қоғамдық қауіп тудырмайтын әрекеттер жасаған адамға зиян келтірген, сондай-ақ өзінің мінез-құлқымен әдейілеп шабуыл жасауға киліккен (арандатқан), содан кейін осы жағдайды құқыққа қарсы әрекеттер жасауға (мысалы, төбелес шығару, жазалау, кек алу және т.б.) сылтау ретінде қолданғысы келген адам қажетті қорғану жағдайында болды деп танылмайды.

Егер арандатушылық жасаған адам нақтылы зиян келтірмесе, онда арандатуға ұшыраған адамның қарсы әрекеттерін қажетті қорғану жағдайында жасалған деп есептеуге негіз жоқ. Мұндай әрекеттер жалпы негіздегі жауаптылыққа әкеп соқтырады.

Сондай-ақ өзі қажетті қорғану жағдайында болған немесе өзге де жағдайларда заңды әрекеттер жасаған (мысалы, қылмыскерді ұстау кезінде) адамға қарсы бағытталған әрекеттер қажетті қорғану жағдайы ретінде қаралмайды.

Қажетті қорғануды жалған қорғанудан ажырата білу керек. Жалған қорғану кезінде қоғамға қауіпті қол сұғушылық шын мәнінде нақтылы болмайды, бірақ оқиғаның жағдайына қарай қорғанушының қол сұғушылық жасалды деп ойлауына негіз болып, осыған орай ол қол сұғушылыққа қарсы әрекет жасадым деп қате жорамал жасайды.

Жалған қорғану кезінде келтірілген зиян үшін мынандай мән-жайлар бар болған кезде: қалыптасқан жағдайға байланысты зиян келтірушінің қажетті қорғаныс жағдайында әрекет жасадым деп негізді ойлаған, бірақ ол қорғаныс шегінен шығып кеткенде; зиян келтіруші тиісінше мұқият болса жағдайды дұрыс бағалауға және қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың жоқтығы туралы тұжырым жасауға мүмкіндігі болғанда (мысалы, көршілерінің пәтерінен сумка көтеріп шыққан бейтаныс адамды көріп, ұрлық жасады деп ойлап зиян келтірсе, ал жәбірленуші көршілердің туысқаны болып шықса) қылмыстық жауаптылық туындайды.

Мұндай жағдайларда адам нақтылы қателік туралы ережелер бойынша, яғни тиісті тұлғалардың заңмен қорғалатын объектілеріне абайсызда зиян келтіргені үшін жауаптылыққа тартылады.

Шындығында қоғамға қауіпті қол сұғушылық жасамаған, бірақ қорғанушының пікірінше солай жасауы мүмкін адамға келтірілген зиян қажетті қорғануды құрамайды, өйткені әрекет белгілі бір адамнан келетін нақтылы қоғамға қауіпті қол сұғушылықты тойтаруға емес, белгісіз адамдар тобына зиян келтіруге бағытталады (мысалы, жемістерін ұрлатпау үшін жеміс бағының иесі қақпаға бекітіп қойған жарылғыш заттан сол жерге кездейсоқ келген адамға келтірілген зиян).

ҚК 102-бабында (қажетті қорғану шегінен шығу кезінде кісі өлтіру), 112-бабында (қажетті қорғану шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру) қарастырылған құқық бұзушылықтардың белгілері болғанда ғана қажетті қорғану шегінен шығу кезінде келтірілген зиян үшін жауаптылық туындайды. Бұл қажетті қорғану кезінде шабуыл жасаушының денсаулығына келтірілген шағын немесе ауырлығы орташа зиян қорғанушыны қылмыстық жауаптылыққа тартуға әкеп соқпайды дегенді білдіреді.

Қажетті қорғану кезінде, бірақ оның шегінен шығу арқылы жасалған әрекет үшін қылмыстық жауаптылық туралы мәселені шешуде ҚК 66-бабында бекітілген, мұндай адамдарды қылмыстық жауаптылықтан босататын ереженің маңызы зор. Қылмыстық заңның аталған нормасы қоғамға қауіпті қылмыстан болған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғану шегінен шыққан адамды істің мән-жайын ескере отырып, ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігін қарастырады.

Аталған норманы қолданғанда, заң шығарушы, адамның үрейлену немесе қорқумен сипатталатын көңіл-күй жағдайын, сондай-ақ қоғамға қауіпті қол

сұғушылықтың әсерінен болған сасқалақтау салдарынан өзінің әрекетіне есеп бере алмауын қылмыстық жауаптылықтан босатуға негіз ретінде қарастыратынын және бұл мән-жайларды істің мән-жайларымен байланыстыратынын ескеру қажет. Демек, ҚК 66-бабы үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғану шегінен шыққан адамды қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкін екендігін қарастырады, бірақ бұл мән-жайларды адамды міндетті түрде дереу қылмыстық жауаптылықтан босатуға әкеп соқтыратын абсолютті жағдай деп санамайды, яғни ол факультативті болып табылады.

Шабуылға ұшыраған және қажетті қорғану кезінде қол сұғушыға зиян келтірген адамның қорқуы деп - оның өзіне жасалған қол сұғудан қатты үрейленуін, қатты қорқуын түсіну керек. Осыған ұқсас жағдайларда адамның көңіл-күйі аяқ астынан үрей, қорқыныш сезімінің пайда болуымен сипатталады. Қорғанушы адамның сасқалақтауы деп - оның қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан туындаған қорқу, үрейлену салдарынан аяқ астынан абыржуын, сасқалақтауын, ретсіз әрекеттер жасауын түсіну керек.

Қорғанушы қорқу, үрейлену немесе сасқалақтау жағдайында болды ма, оның осы жағдайы өзінің қорғану әрекеттерін бағалауына және қажетті қорғану шегінен шықпайтындай әрекет жасау қабілетіне әсер етті ме деген мәселелерді анықтау үшін психологиялық-психиатрлық сараптама жасап, оның қорытындысын басқа дәлелдемелермен және қоғамға қауіпті қол сұғушылық нәтижесінде қалыптасқан нақтылы жағдаймен және одан қорғану әрекеттерімен бірге бағалау қажет.

Осыған байланысты қорқу, үрейлену, сасқалақтау жағдайында қажетті қорғану шегінен шыққан адам қайсібір жағдайда қылмыстық жауаптылықтан босатылатынын, ал басқа жағдайларда босатылмайтынын ескере отырып, әрбір нақты жағдайда құқық бұзушылықтың жасалуының мән-жайын (қол сұғушылықтың жасалу уақыты мен орнын, қол сұғушылар мен қорғанушылардың санын, шабуыл жасаушылардың шабуыл кезінде құралдар қолданған-қолданбағанын, тараптардың жасын, дене бітімін және психикалық жағдайын және т.с.с.) мұқият анықтау және айқындауды қажет етеді.

Шабуыл жасаушыға келтірілген зиянды бағалау кезінде қорғанушы адам қол сұғушылықтың салдарынан пайда болған толқу жағдайында ұдайы қауіптің сипатын нақты бағалап және соған мөлшерлес қорғану тәсілін таңдай алмайтынын ескеру қажет. Сондықтан қоғамға қауіпті қол сұғушылық кезінде қару есебінде қолданылған құралдардың шабуыл жасаушыдан қорғанушыға өтуі барлық жағдайларда да өздігінен қажетті қорғану шегінен шығуды білдірмейді. Мұндай жағдайларда шабуыл жасаушы мен қорғанушының бұдан кейінгі әрекеттерінің сипатын және басқа да мән-жайлары ескеріледі.

Қажетті қорғану шегінен шығу кезінде кісі өлтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіруді жан күйзелісі (аффект) жағдайында жасаған әрекеттерден ажырату қажет. Бұл орайда қажетті қорғану жағдайында, соның ішінде қажетті қорғану шегінен шыққанда да, айыпты қоғамға қауіпті қол сұғушылықтан қорғануды көздейді, ал жан күйзелісі жағдайында өзін осындай күйге ұшыратқан адамға

зиян келтіруді көздейді. Адамның осындай әрекеттер жасаған кездегі психикалық жағдайын анықтау үшін міндетті түрде психологиялық-психиатрлық сараптама жасап, оның қорытындысын басқа дәлелдемелермен бірге бағалау керек.

Егер айыпты қажетті қорғану шегінен шықса және осы кезде жәбірленушінің құқыққа қарсы әрекеттерінің әсерінен жан күйзелісі жағдайында болса, онда әрекетті салдарына қарай ҚК 102 немесе 112-баптарымен сараланады.

Қажетті қорғану шегінен шығу кезінде қасақана кісі өлтіру немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіру, тіпті ҚК 99-бабының екінші бөлігінде қарастырылған мән-жайлар болса да, тиісінше ҚК 102-бабының екінші бөлігі немесе ҚК 112-бабымен саралануға жатады.

3. Қол сұғушылық жасаған адамды ұстап алу кезінде зиян келтіру.

ҚК-тің 33-бабының бірінші бөлігіне сәйкес қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасаған адамға оны мемлекеттік органдарға жеткізу және оның жаңа қол сұғушылық жасау мүмкіндігін тыю үшін ұстау кезінде зиян келтіру, егер мұндай адамды өзге амалдармен ұстау мүмкін болмаса және бұл орайда осы үшін қажетті шаралар шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыс болып табылмайтындығы көрсетілген.

Ал, егерде адамға анық шектен тыс, жағдай мәжбүр етпейтін қажетсіз зиян келтірілген кезде, ұсталатын адам жасаған құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесіне және ұстап алудың мән-жайларына олардың анық сай келмеуі, қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу деп танылады. Мұндай шектен шығу қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Қылмыстық заңда сонымен қатар қолсұғушылық жасаған адамды ұстап алуға бұған арнайы уәкілеттік берілген адамдармен бірге жәбірленушілер мен басқа азаматтардың да құқықтары берілген.

4. Аса (мәжбүрлі) қажеттілік. Аса қажеттілікке қатысты ҚК-тің 34-бабының бірінші бөлігінде: "Осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге аса қажеттілік жағдайында, яғни осы адамның немесе өзге де адамдардың өміріне, денсаулығына, құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің мүдделеріне тікелей қатер төндіретін қауіпті жою үшін зиян келтіру, егер бұл қауіпті өзге амалдармен жою мүмкін болмаса және бұл ретте аса қажеттілік шегінен шығуға жол берілмесе, қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды" делінген. Төнген қауіптің сипаты мен дәрежесіне және қауіп жойылған жағдайға анық сәйкес келмейтін зиян келтіру, құқық қорғау мүдделеріне болдырмай тасталған зиянға тең немесе оған қарағанда неғұрлым елеулі зиян келтірілген жағдайда, аса қажеттілік шегінен шығу деп танылады. Мұндай шектен шығу тек қасақана зиян келтірілген жағдайларда ғана жауаптылыққа әкеп соғады.

Мұндай жағдайда келтірілген зиянның мөлшері тойтарылған зиян мөлшерінен кем болғанда ғана аса қажеттілік болады.

5. Жедел-іздігіру іс-шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру. Уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерінің не осындай органның тапсырмасы бойынша осы органмен ынтымақтасып жұмыс істейтін өзге адамның Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жедел-іздігіру іс-шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін орындау кезінде жасаған, қылмыстық заңда қорғалатын мүдделерге зиян келтірген іс-әрекеті, егер бұл іс-әрекет адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы, қылмыстық топ жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтарды болғызбау, анықтау, ашу немесе тергеп-тексеру мақсатымен жасалса, сондай-ақ егер құқық қорғау мүдделеріне келтірілген зиян көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар келтіретін зиянға қарағанда аздау болса және егер оларды болғызбауды, ашуды немесе тергеп-тексеруді, сол сияқты қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеуді өзге тәсілмен жүзеге асыру мүмкін болмаса, ол қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды (35-бап).

Бірақ, жоғарыда аталған ережелер адамның өміріне немесе денсаулығына қатер төндірумен, экологиялық апат, қоғамдық күйзеліс немесе өзге де ауыр зардаптар қатерімен ұштасқан іс-әрекет жасаған адамдарға қолданылмайды.

5. Негізді тәуекел ету. ҚК-тің 36-бабының бірінші бөлігінде қоғамдық пайдалы мақсатқа қол жеткізу үшін негізді тәуекел еткен ретте Қылмыстық кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтірудің қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайтындығы бекітілген.

Егер көрсетілген мақсатқа тәуекелмен байланыссыз әрекеттермен (әрекетсіздікпен) қол жеткізілмейтін болса және тәуекелге жол берген адам қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілуін болғызбау үшін жеткілікті шаралар қолданған болса, тәуекел ету негізді деп танылады.

Егер тәуекел ету адамдардың өміріне немесе денсаулығына қатер төндірумен, экологиялық апат, қоғамдық кесапат немесе өзге де ауыр зардаптар қатерімен көрінеу ұштасқан болса, тәуекел ету негізді деп танылмайды.

6. Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу. Жаңа Қылмыстық кодекстің 37-бабының бірінші бөлігінде "Егер күштеп немесе психикалық мәжбүрлеудің салдарынан адам өзінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) ие бола алмаса, мұндай мәжбүрлеудің нәтижесінде осы Кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіру қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды" делінген.

ҚК-тің 37-бабының екінші бөлігі бойынша күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделерге зиян келтірілуінің салдарынан адам өзінің әрекеттеріне ие бола алу мүмкіндігін сақтаған болса, ол үшін қылмыстық жауаптылық туралы мәселе Қылмыстық кодекстің 34-бабының ережелері ескеріле отырып шешіледі.

7. Бұйрықты немесе өкімді орындау. ҚК-тің 38-бабына сәйкес өзі үшін міндетті бұйрықты немесе өкімді орындау жөнінде іс-әрекет жасаған адамның Қылмыстық кодекспен қорғалатын мүдделерге зиян келтіруі қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды. Мұндай зиян келтіргені үшін заңсыз бұйрық немесе өкім берген адам қылмыстық жауапқа тартылады.

Егерде, көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындау үшін қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам жалпы негіздерде қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындамағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды

10 Тақырып: Қылмыс істеу сатылары

Мақсаты: қылмыс істеу сатыларының ұғымын, түрлерін түсіндіру, қылмыс істеу сатыларының түрлерін бір-бірінен ажырата білу

Жоспар:

1. Қылмыс істеу сатыларының түсінігі, түрлері және оның мәні
2. Қылмыс істеуге дайындалу
3. Қылмыс істеуге оқталу
4. Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық
5. Қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту

1. Қылмыс істеу сатыларының түсінігі, түрлері және оның мәні.

Қылмыстық құқық теориясы мен сот тәжірибесі қылмыстық заңға сүйене отырып, қасақана қылмыс істеу сатыларын ажыратып көрсетеді.

Қылмыс істеу сатылары деп қылмысқа дайындалудан басталып, оқталудан — аяқталғанға дейінгі өтетін кезеңдерді айтамыз.

ҚР ҚК қылмыс істеу сатыларын үшке бөледі:

- а) қылмысқа дайындалу;
- б) қылмысқа оқталу;
- в) аяқталған қылмыс.

Кез келген қылмысты жасау үшін адам өзін соған итермелейтін қоғамға зиянды мүдделерді, қажеттіліктерді, зұлымдық пиғылдарды басшылыққа алады. Яғни, адам қылмыс істеу үшін ең алдымен өзінің психологиялық ой-ниетін қалыптастырады.

Бұл адамның ішкі сезімін, ойын, ниетін білдіреді. Бірақ осы сезім, ой-ниет адамның нақты мінез-құлқы, қимылы, әрекеті арқылы сырттай көрініс бермеуі де мүмкін. Сондықтан да адамның мұндай сыртқа шықпаған ішкі жан-дүниесінің белгілі бір іс-әрекет арқылы сырттай көрініс бермеуін қылмыс қатарына жатқызуға болмайды. Яғни, мұндай психологиялық сана-сезім, жалаң ой, қиял, қылмыстық құқық нормасынан тысқары болады, ол үшін-қылмыстық жауаптылық болмайды.

Сондықтан да іс жүзінде жай айтылған, түсінде көрген, қияли пиғылдар қылмыс деп саналмайды. Өйткені, мұндай жалаң ойдан, қасақаналық ниетпен қылмыстық заң қорғайтын объектіге ешқандай зиян келмейді және зиян келтірілу қаупі болуы да мүмкін емес. Сондықтан да қылмыстық ойдың болуы қылмыс істеу сатысына жатпайды. Өйткені, ондай ой, ниет нақты іс-әрекет арқылы сыртқа шықпай іште қалады, сондықтан да қылмыс сатысына жатпайды.

Адамның қасақана, яғни саналы және мақсатқа сай қызметі өзінің даму барысында бірқатар сатылардан өтеді. Алдымен, адамда қылмыс жасау ниеті пайда болады. Ол алдына белгілі бір мақсат қояды, оған қол жеткізу үшін тәсілдерді, орнын, уақытын ойластырады, қылмыс себебін нақтылайды.

Нақты шешім қабылдап болып, адам дайындық әрекеттерін бастайды, ал содан кейін ойлаған әрекетін тікелей орындауға кіріседі. Кейбір жағдайларда адам ойлаған ісін бірден орындауға кіріседі (мысалы, жасырын пәтерге кіріп бағалы заттарды алады). Мұндай әрекеттер аяқталған қылмысты құрайды: (мысалы, ұрлық). Басқа жағдайларда, адам қылмыс жасауға алдын ала дайындалады (мысалы, көшірме бедер арқылы кілт жасау, пәтер қожайындарының келу, кету мерзімдерін анықтау), немесе қылмыстың өзін жасауға кіріседі (мысалы, дайындалған кілттермен пәтер есігін ашады, бірақ сигнал беру жүйесінің қосылғанын білмейді). Бұл екі жағдайда да қылмыс аяқталмай қалады. Осы әрекеттердің барлығы қылмыс жасау сатылары деп аталады.

2. Қылмысқа дайындалу. Қылмыстық кодекстің 24-бабының бірінші бөлігінде "Тікелей пиғылмен жасалған, қылмыс құралдарын немесе қаруларын іздестіру, әзірлеу немесе бейімдеп жасау, қылмысқа сыбайлас қатысушыларды іздестіру, қылмыс жасауға сөз байласу не қылмыс жасау үшін өзге де қасақана жағдайлар жасау, егер бұл ретте қылмыс адамның еркіне байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмеген болса, қылмысқа дайындалу деп танылады" — делінген.

Қылмыстық кодекс бойынша ауыр немесе аса ауыр қылмысқа дайындалғаны үшін, сондай-ақ террористік қылмысқа дайындалғаны үшін ғана қылмыстық жауаптылық туындайды.

Дайындау - бұл заттардан қылмыс жасау үшін қарулар мен құралдарды жасау.

Бейімдеу - заттарды өңдеу, сол арқылы олар қылмыс жасау үшін жарамды болады (мысалы, кілттің түрін өзгерту).

Бірге қылмыс жасаушыларды іздеу басқа адамдармен танысу немесе таныстықтарын жалғастыру, оларды нақты қылмыс жасауға итермелеу, әрқайсысының рөлін талқылау және т.б. тұрады. Іздеу тәсілдері ретінде уәделесу, қорқыту, бірге баюға уәде беру, бопсалау қолданылуы мүмкін. Қылмыс жасауға сөз байласу, қылмыстық жауапкершілік жасына толған екі немесе одан да көп адамдардың бірге қылмыс жасауға сөз байласуларын көздейді. Қылмыс жасау үшін басқа да шарт-жағдайлар жасау әр түрлі

әрекеттерден көрінуі мүмкін. Мұндай әрекеттер ойға алған қылмыстың жоспарын жасаудан, пәтер иелерінің кету, келу уақытын анықтаудан, белгі беру жүйесінің бар жоқтығын білуден және т.б. сипатталады.

Субъективтік жағынан қылмысқа дайындалу тек тікелей қасақаналықпен жасалады. Қылмысқа қылмыс нәтижесін тілемей дайындалуға болмайды.

3. Қылмысқа оқталу. Қылмыстық Кодекстің 24-бабының үшінші бөлігі бойынша қылмыс жасауға тура бағытталған, тікелей ниетпен жасалған әрекеттер (әрекетсіздік), егер бұл ретте қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмеген болса, қылмысқа оқталу деп танылады және ауырлығы орташа қылмысқа, ауыр немесе аса ауыр қылмысқа оқталғаны үшін, сондай-ақ террористік қылмысқа оқталғаны үшін қылмыстық жауаптылық туындайды.

Қылмысқа дайындалғаны және қылмысқа оқталғаны үшін қылмыстық жауаптылық Қылмыстық кодекстегі аяқталған қылмысқа арналған бабы бойынша, 24-баптың тиісті бөлігіне сілтеме жасала отырып туындайды.

Қастандық қылмыс жасауға тікелей бағытталған әрекеттерден тұрады, ол адамның қылмыстық нақты құрамының объективтік жағын орындай бастағанын немесе орындап болғанын білдіреді. Адам өлтіруге қастандық жасағанда, мысалы, адам жәбірленушіге оқ атуға оқталады немесе атқанымен мүлт кетеді, ұрлық жасағанда құлыпты бұза бастайды. Көпшілік жағдайда қастандық әрекет жолымен жасалады (соққы беру, у беру, оқ ату және т.б.) Жеке жағдайларда қастандық әрекетсіздікпен де жасалуы мүмкін (мысалы, анасы жаңа туған баласын өлтіру үшін, оған емшек сүтін бермей қояды).

Қолданыстағы қылмыстық заңда оқталуды түрлерге бөлу көрсетілмеген, бірақ қылмыстық ғылымда оқталуды түрлерге бөлуді кінәліні қылмыстық жауаптылыққа тартуға және жазаның мөлшерін айқындаумен байланыстырады.

Қылмыскер қылмыс жасап оқталуына байланысты қаншалықты қылмысты аяқтауға жақын қалды, соншалықты қоғамдық қауіптілігі жоғары болады. Сондықтан қаншалықты қылмысты аяқтауға қылмыскер іс-әрекетіне қарай жақын болуына байланысты оқталу екі түрге бөлінеді: аяқталған және аяқталмаған.

Аяқталған оқталу-бұл аяқталған қылмысқа жақын оқталу іс-әрекетінің түрі. Аяқталған оқталудың өзіндік белгілері: объективтік жағы бойынша-тұлға қылмысты аяқтау үшін барлық әрекеттерді істегені.

Субъективтік жағы бойынша-тұлға қылмыс аяқталу үшін барлық әрекеттерді істегенін түсінеді және тікелей қылмыс жасауға тура бағытталған ниетпен жасалған іс-әрекетінің арқасында басқа қосымша әрекетсіз ойының іске асатындығын, бірақ, бұл орайда қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмейді.

Қылмыстың адамға байланысты емес мән-жайлары бойынша ақырына дейін жеткізілмеуі-аяқталған оқталудың міндетті белгісі.

Сонымен бітпеген аяқталу деп кінәлінің қылмысын аяқтауға қажетті деп санаған қылмыстың объективтік жағының барлық іс-әрекетті толық емес, жарым-жартылай орындау болып табылады.

Сонымен оқталу түрлерге бөлінеді: аяқталған және аяқталмаған, жарайтын және жарамайтын болып. Соңғы бөлінеді жарамайтын қылмыстың объектісіне оқталу немесе жарамайтын құралдармен оқталу деп.

Жарамайтын объектіге (нақтырақ қылмыс жасауға жарамайтын зат немесе жәбірленуші) оқталу болып саналады, егерде нақты қателесудің арқасында қоғамдық қауіпті зардаптар туындамайды (мәйітті тірі адам деп қасақаналық жасау, ұнды есірткі деп тасымалдау және т.б.)

Жарамайтын құралдармен оқталу дегеніміз, қылмыскер өзінің қылмыстық мақсатына жету үшін, объективтік сипатына қарай қылмысты аяқтауға мүмкіншілік бермейтін жарамсыз құралдарды өздері білмей қолдануды айтамыз (оқ атылмайтын қаруды қолдану, у деп витаминді қолдану және т.б.).

Оқталудың қылмысқа дайындалудан айырмашылығы: дайындалу үзіледі қылмыс құрамының объективтік жағын орындаудың алдында, ал оқталуда қылмыс құрамының объективтік жағын орындау барысында қоғамға қауіпті зардап туындамай үзіледі.

Оқталудың түрлері қылмысты саралағанда әсерін тигізбейді, бірақ Қылмыстық кодекс бойынша жазаның мөлшері төмендетіледі.

4. Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық. Қылмыстық кодекстің 25-бабында " Егер адам жасаған іс-әрекетте осы Кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері болса, қылмыстық құқық бұзушылық аяқталған деп танылады" делінген.

Кейбір қылмыстар белгілі бір қоғамға қауіпті жағдай туғызғында ғана аяқталған болып есептеледі. Яғни, бұл қылмыстың материалдық құрамы (мысалы, адам өлтіру өлім туындаған жағдайда аяқталған деп есептеледі. Егер өлім болмаса, онда адам өлтіруге қастандық жасау болып табылады). Ал басқа қылмыстар әрекетті жасаған сәттен бастап (әрекет немесе әрекетсіздік) қоғамға қауіпті салдардың туындағанынан немесе туындамағанынан тыс аяқталған болып есептеледі (мысалы, қарақшылықта шабуыл жасау фактісінің өзі, адам мүлікті алған, алмағандығына қарамастан, аяқталған қылмыс құрамын құрайды).

Кейбір қылмыстар әрекетті жасау сәтінен бастап емес, дайындау немесе қастандық сатысында-ақ аяқталған болып есептеледі (мысалы, бандитизм банды шабуыл жасаған кезде емес, оны ұйымдастырған сәтте аяқталған болып есептеледі).

Ал кейбір аяқталған қылмыстар бойынша, қылмыс жасау әрекеттері жасырын түрде басталып аяғы ашық түрде қылмыс жасаумен ұласуы мүмкін.

5. Қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту. Адамның дайындалу әрекеттерін тоқтатуы не осы іс-әрекетті жасауға тікелей бағытталған әрекеттерді (әрекетсіздікті) тоқтатуы, егер адам оны ақырына дейін жеткізу

мүмкіндігін ұғынған болса, қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту деп танылады. Егер адам осы іс-әрекетті ақырына дейін жеткізуден өз еркімен және біржолата бас тартса, ол осы қылмыстық құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауаптылыққа жатпайды.

Қылмыстық құқық бұзушылықты ақырына дейін жеткізуден өз еркімен бас тартқан адам, егер оның іс жүзінде жасаған іс-әрекетінде өзге қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болған жағдайда ғана, қылмыстық жауаптылыққа жатады. Егер қылмыстық құқық бұзушылықты ұйымдастырушы және оған айдап салушы мемлекеттік органдарға хабарлауымен немесе өзге де қолданылған шараларымен орындаушының осы құқық бұзушылықты ақырына дейін жеткізуіне жол бермесе, бұл адамдар қылмыстық жауаптылыққа жатпайды.

Егер орындаушы қылмыстық құқық бұзушылықты аяқтағанға дейін оған күні бұрын уәде берген жәрдемінен бас тартса немесе көрсетілген көмектің салдарын жойса, көмектесуші қылмыстық жауаптылыққа жатпайды. Егер ұйымдастырушының немесе айдап салушының осы баптың үшінші бөлігінде көрсетілген әрекеттері қылмыстық құқық бұзушылықты болдырмауға әкеп соқпаса, онда олардың қолданған шараларын сот жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жайлар деп тануы мүмкін.

11 Тақырып: Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу

Мақсаты: қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу ұғымын, қатысушылардың түрлерін, қатысудың нысандарын түсіндіру, қатысушылардың әрекетін дұрыс саралауын білу, қылмысқа жанасушылық ұғымын түсіндіру

Жоспары:

1. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу ұғымы
2. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың түрлері
3. Қылмысқа қатысудың нысандары
4. Қылмысқа қатыстылық

1. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу ұғымы. ҚК-тің 27-бабына сәйкес екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қасақана бірлесе қатысуы қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу деп танылады. Қылмысқа қатысушылардың қатарына: тұлғаның әрекетінің сипатына және оның қылмысқа қатысу дәрежесіне қарай, осы қылмысты орындаушымен бірге қылмысты ұйымдастырған, айдап салушы мен көмектесушілер жатады.

2. Қылмысқа қатысушылардың түрлері. Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңдары қылмысқа қатысушылардың 4 түрін ажыратады: орындаушы, ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші.

Қатысушыларды бұлайша жіктеудің негізінде қылмыстың жасалу барысындағы қылмысқа қатысушылардың әрқайсысының қатысу дәрежесі мен сипатына қарай айыру шарттары жатыр.

Қылмыстық құқық бұзушылықты тікелей жасаған не оны жасауға басқа адамдармен (бірге орындаушылармен) бірлесіп тікелей қатысқан адам, сондай-ақ жасына, есінің дұрыс еместігіне немесе осы Кодексте көзделген басқа да мән-жайларға байланысты қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын басқа адамдарды пайдалану арқылы, сол сияқты іс-әрекетті абайсызда жасаған адамдарды пайдалану арқылы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам орындаушы деп танылады.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық еткен адам, сол сияқты қылмыстық топты құрған не оған басшылық еткен адам ұйымдастырушы деп танылады.

Басқа адамды азғыру, параға сатып алу, қорқыту жолымен немесе басқа да тәсілмен қылмыстық құқық бұзушылық жасауға көндірген адам айдап салушы деп танылады.

Кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат, осы іс-әрекетті жасайтын қару немесе құралдар беруімен не оны жасауға кедергілерді жоюымен қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына жәрдемдескен адам, сондай-ақ орындаушыны, қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруын немесе өзге де құралдарын, осы іс-әрекеттің ізін не құқыққа қарсы жолмен қол жеткізілген заттарды жасыруға күні бұрын уәде берген адам, сол сияқты осындай заттарды иемденуге немесе өткізуге күні бұрын уәде берген адам көмектесуші деп танылады.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушылардың жауаптылығы қылмыстық заңның (29-бап).

Сыбайлас қатысушылардың қылмыстық жауаптылығы олардың әрқайсысының қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға қатысу сипатымен және дәрежесімен айқындалады.

Бірге орындаушылар өздерінің бірлесіп жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін осы қылмыстық заңның 28-бабына сілтеме жасамай, қылмыстық заңның белгілі бір бабы бойынша жауап береді.

Ұйымдастырушының, айдап салушының және көмектесушінің жауаптылығы, олар бір мезгілде бірге орындаушылар болып табылған жағдайларды қоспағанда, жасалған іс-әрекет үшін жаза көзделетін бап бойынша, қылмыстық заңның 28-бабына сілтеме жасала отырып туындайды.

Орындаушы өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша қылмысты ақырына дейін жеткізбеген жағдайда, қалған сыбайлас қатысушылар қылмысқа дайындалуға немесе қылмысқа оқталуға сыбайласып қатысқаны үшін жауаптылықта болады. Өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша басқа адамдарды қылмыс жасауға көндіре алмаған адам да осы іс-әрекетті жасауға дайындалғаны үшін қылмыстық жауаптылықта болады.

Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында арнайы көрсетілген, қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болып табылмайтын,

осы бапта көзделген іс-әрекетті жасауға қатысқан адам осы қылмыстық құқық бұзушылық үшін оны ұйымдастырушы, оған айдап салушы не көмектесуші ретінде қылмыстық жауаптылықта болады.

Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысушының шектен шығуына байланысты, оның шектен шыққаны үшін басқа сыбайлас қатысушылар қылмыстық жауаптылыққа жатпайды. Сыбайлас қатысушының шектен шығуы деп адамның басқа да сыбайлас қатысушылардың пиғылында болмаған қылмыстық құқық бұзушылық жасауы танылады.

3. Қылмысқа қатысудың нысандары. ҚК-тің 31-бабы адамдар тобының қылмыстық құқық бұзушылыққа бірлесіп қатысуының төмендегідей төрт нысанын ажыратады.

Бірінші нысан қылмысты алдын-ала сөз байласпай бірлесіп орындаушылық. Егер қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға екі немесе одан да көп орындаушы алдын ала сөз байласпай бірлесіп қатысса, ол адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.

Адамдар тобының алдын-ала сөз байласу арқылы қылмыс жасауы — бірлесіп қатысудың екінші нысаны болып табылады. Егер қылмыстық құқық бұзушылыққа оны бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдар қатысса, ол алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.

Бірлесіп қатысудың бұл түрінің бірінші түрден айырмашылығы — бұған бірге орындаушылық та, топтағы орындаушылар мен ұйымдастырушылар да, айдап салушылар да және көмектесушілер де кіруі мүмкін.

Егер қылмысты ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда немесе заңсыз әскерилендірілген құралым жасаса, ол қылмыстық топ жасаған қылмыс деп танылады. Бұлардың нақты түсінігі ҚР ҚК 3- бабында көрсетілген.

Бірлесіп қатысудың бұл түрлерінің ерекшелігі — мұндай топқа қатысушылардың арасындағы өзара байланыстың тұрақты сипатта болуы, топтың беріктігі, топты құрудың мақсаты — бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау және т.б..

Қылмыстық топ құрған не оған басшылық еткен адам Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда қылмыстық топты ұйымдастырғаны және оған басшылық еткені үшін, сондай-ақ егер қылмыстар оның пиғылында болған болса, қылмыстық топ жасаған барлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылыққа жатады.

Ал, қылмыстық топтың басқа қатысушылары Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда, оған қатысқаны үшін, сондай-ақ өздері дайындауға немесе жасауға қатысқан қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықта болады.

4.Қылмысқа қатыстылық. Қылмысқа қатыстылық қылмысқа қатыстылықтың ерекше нысаны болып танылады, ол жасалған қылмысқа сыбайлас қатысу болып табылмайды және онымен себептік байланыста болмайды, ал қылмысты анықтауға және оны жасаған адамды әшкерелеуге кедергі келтіретін, қоғамға қасақана қауіп төндіретін іс-әрекет түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жауаптылық көзделген сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмысты күні бұрын уәделеспей жасырып қалу (ҚК-нің 432-бабы) және дайындалып жатқаны немесе жасалғаны анық белгілі аса ауыр қылмыс не дайындалып жатқаны анық белгілі терроризм актісі туралы хабарламау (ҚК-нің 434-бабы) қылмысқа қатыстылықтың негізгі түрлері болып табылады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Конституциясына және қылмыстық заңға сәйкес хабарламағаны үшін қылмыс жасаған адамның жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы, сондай-ақ өздеріне сеніп сырын ашқан адамдардың жасаған қылмыстары туралы хабарламағаны үшін діни қызметшілер қылмыстық жауаптылыққа жатпайды. ҚК-нің 432-бабы бойынша жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы жасаған қылмысты күні бұрын уәделеспей жасырып қалғаны үшін адам қылмыстық жауаптылыққа жатқызылмайды.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 7-бабының 11 тармағына сәйкес ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер, ата, әже, немерелер жақын туыстар деп танылады. Осы жақын туыстардың тізбесі толық болып табылады және кеңейтіп түсіндіруге жатпайды.

Қылмыс туралы хабарламау әрбір адамның дайындалып жатқаны немесе жасалғаны анық белгілі аса ауыр қылмыс не дайындалып жатқаны анық белгілі терроризм актісі туралы тиісті мемлекеттік органдардың назарына жеткізуге қасақана әрекет жасамауына, заңда көзделген құқықтық міндетті орындамауын білдіреді.

12 Тақырып: Қылмыстардың көптігі

Мақсаты: көп қылмыстардың ұғымын, әлеуметті және заңдылық сипаттамасын, түрлерін түсіндіру, көп қылмыстың жекелеген қылмыстардан айырмашылығын білу

Жоспары:

- 1.Қылмыстардың көптігінің түсінігі және олардың жекелеген қылмыстардан айырмашылығы
- 2.Қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы
- 3.Қылмыстардың жиынтығы
- 4.Қылмыстардың қайталануы

1. Қылмыстардың көптігінің түсінігі және олардың жекелеген қылмыстардан айырмашылығы. Тұлғаның қылмыстық жауапқа тартылуының ескіру мерзімі өтпеген немесе соттылығы жойылмаған не алынып тасталмаған немесе қылмыстық жауапқа тартылу заңға сәйкес тоқтатылмаған екі не одан да көп қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауы қылмыстық құқықта қылмыстардың көптігі деп танылады.

Қылмыстардың көптігінің өзіне тән белгісі — бір тұлғанын кемінде екі қылмыстық құқық бұзушылық, яғни қылмыстық құқық бұзушылықтардың дербес құрамдарының белгілері бар әрекеттер (немесе жиынтықталған бір әрекет) жасауы. Ал қылмыс және қылмыстық теріс қылық өзара қылмыстардың көптігін құрамайды. Сонымен қатар әкімшілік құқық бұзушылық, тәртіпке қарсы қылық, азаматтық-құқықтық тәртіп бұзушылық, сол сияқты, ҚК-тің 10-бабының төртінші бөлігінде қарастырылған іс-әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстың көптігіне жатпайды.

Қылмыстардың көптігін жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтардан, яғни қылмыстық құқық бұзушылықтардың бір ғана құрамының белгілерінен тұратын әрекеттен ажырата білу керек.

2. Қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы. ҚК-тің 12-бабының бірінші бөлігінде " Осы Кодекстің Ерекше бөлігінің дәл сол бір бабында немесе бабының бөлігінде көзделген екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы деп танылады» деп көрсетілген.

Бірақ еске алу керек, егер адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сотталған не заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса, қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған деп танылмайды.

Сонымен қатар, жалғасатын қылмыстық құқық бұзушылық, яғни бір пиғылмен және бір мақсатпен ұштасып, тұтас алғанда бір қылмыстық құқық бұзушылықты құрайтын, құқыққа қарсы бірқатар бірдей іс-әрекеттерден тұратын қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылмайды.

Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы осы Кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстары осы Кодекстің Ерекше бөлігінің қылмыстарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады.

Қылмыстық теріс қылықтардың бірнеше рет жасалуы Қылмыстық кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстық теріс қылықтары осы Кодекстің Ерекше бөлігінің қылмыстық теріс қылықтарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады.

3. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы. Қылмыстық кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам

солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы кезінде адам, егер осы іс-әрекеттердің белгілері Қылмыстық кодекстің бір бабының немесе бабының бір бөлігінің неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, әрбір жасалған іс-әрекет үшін Қылмыстық кодекстің тиісті бабы немесе бабының бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықта болады.

Қылмыстық кодекстің екі немесе одан да көп бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілері бар бір әрекет (әрекетсіздік) те қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстардың мұндай жиынтығы кезінде адам, егер бір іс-әрекеттің белгілері Қылмыстық кодекстің бабының басқа іс-әрекет үшін неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, әрбір жасалған іс-әрекет үшін Қылмыстық кодекстің тиісті баптары бойынша қылмыстық жауаптылықта болады.

Егер дәл сол бір іс-әрекет Қылмыстық кодекстің тиісті баптарының жалпы және арнайы нормаларының белгілеріне сәйкес келсе, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы болмайды және қылмыстық жауаптылық Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің арнайы норманы қамтитын бабы бойынша туындайды (13-бап).

Қылмыстар жиынтығының екі түрі болады: идеалды және нақты.

Кінәлі тұлға өзінің бір ғана әрекеті арқылы қылмыстық заңның әртүрлі баптары бойынша сараланатын екі немесе одан да көп қылмыс жасаған жағдайда идеалды жиынтық орын алады..

Тұлғаның өзінің әртүрлі әрекеттері арқылы қылмыстық заңның түрлі баптарына (бір баптың бөліктері мен тармақтарына) сай келетін бірнеше қылмыс жасауы нақты жиынтық деп қарастырылады.

4. Қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы.

Қайталану — қылмыстың бірнеше мәрте жасалуының бір түрі болып табылады. ҚК-тің 14-бабының бірінші бөлігіне сәйкес қылмыстардың қайталануы, егер адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адамның ауыр қылмыс жасауы қылмыстардың қайталануы деп танылады.

Жасалатын қылмыстардың сипатына қарай қайталану — жалпы және арнайы болып бөлінеді.

Жалпы қайталану — бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адамның ауыр қылмыс жасауы.

Ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар тұлғаның ұқсас немесе біртектес жаңадан ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауы арнайы қайталану болып танылады.

Қоғамдық қауіптілігінің деңгейі бойынша қайталану қарапайым және қауіпті болып бөлінеді.

Қарапайым қайталану — бұл қауіпті қайталанудың белгілеріне сәйкес келмейтін қайталану.

ҚК-тің 14-бабының екінші бөлігіне сәйкес қылмыстың қайталануы төмендегідей жағдайларда қауіпті қайталану деп танылады:

1) егер осы адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталса немесе аса ауыр қылмысы үшін сотталған болса, ауыр қылмыс жасағаны;

2) егер ол бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, аса ауыр қылмыс жасағаны танылады.

Он сегіз жасқа дейінгі адамның жасаған қылмыстары үшін сотталғандық, сондай-ақ Қылмыстық кодексте белгіленген тәртіппен алып тасталған немесе жойылған сотталғандық қылмыстардың қайталануын және қылмыстардың қауіпті қайталануын тану кезінде есепке алынбайды.

Қылмыстардың қайталануы және қылмыстардың қауіпті қайталануы Қылмыстық кодексте көзделген негіздер мен шектерде неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғады.

13 Тақырып: Жазаның түсінігі және мақсаттары

Мақсаты: жаза ұғымы және белгілерін, жазаның мақсаттарын түсіндіру

Жоспар:

1. Жазаның түсінігі
2. Жазаның мақсаттары

1. Жазаның түсінігі. Мемлекет өз азаматтарынан конституцияда көрсетілген белгілі бір әлеуметтік талаптарды қатаң орындауды талап етеді, оны орындамаған ретте азаматтарға заңда көрсетілген негізде моральдық немесе құқылық жауапкершілік жүктеледі. Құқылық жауапкершіліктің ішіндегі ең қатал түрі қылмыстық жауаптылық болып саналады.

Қылмыстық жауаптылық мемлекеттік заң шығарушы органы арқылы қылмыстық жазалау қатерімен тиым салынған қоғамға қауіпті кінәлі түрде істелген іс-әрекет үшін ғана белгіленеді.

Жаза - мемлекет қолындағы маңызды құрал, ол арқылы мемлекет адамды, оның құқын, бостандығын, заңды мүддесін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, конституциялық құрылысты, еліміздің аумақтық бүтіндігін, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін, адамзаттың бейбіт өмірі мен қауіпсіздігін қылмыстық қолсұғушылықтан қорғайды.

Ол қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың басты формасы және қылмыскерліктің алдын алу шараларының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі жазаға төмендегідей анықтама береді: " Жаза дегеніміз — сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол осы адамды құқықтары мен бостандықтарынан осы Кодексте көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады" (ҚК-тің 39-бабы). Бұл анықтамада жазаның негізгі белгілерінің жиынтығы берілген.

2.Жазаның мақсаттары. Жазаның мақсаттары деп мемлекеттің жаза тағайындау, оны қолдану мен іске асыру арқылы қол жеткізуге ұмтылатын ең шегіне жеткен, ақтық әлеуметтік нәтижелерін айтамыз.

Жазаның нақты мақсаты Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарының алдында тұрған жалпы міндеттерден туындайды (ҚК-тің 2-бабы).

Жазаның мақсатын анықтаудың, бәрінен бұрын, соттың заң қолдану қызметінде маңызы зор. Нақты адамға қатысты жазаның түрін, мөлшерін анықтай отырып сот жазаның заңда белгіленген мақсаттарын басшылыққа алуға тиіс. Бұл талапты елемей – заңсыз, дәлелсіз жаза тағайындауға, әділетті емес үкім шығаруға әкеп соғуы мүмкін

Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жана қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.

Олай болса жазаның төмендегідей мақсаттары болады:

- а) әлеуметтік- әділеттілікті қалпына келтіру;
- б) сотталушыны түзеу;
- в) сотталған тұлғаны жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаудан сақтандыру (арнайы, жеке сақтандырудың мақсаты);
- в) басқа тұлғаларды қылмыс;
- г) басқа тұлғаларды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаудан алдын алу (жалпы сақтандырудың мақсаты). Айыпкерге жаза тағайындағанда сот тек жәбір шеккен адамға ғана емес, жалпы қоғамға қатысты әлеуметтік әділеттілікті біршама болса да қалпына келтіруге әрекет жасайды.

Түзеу дегеніміз - адам бойындағы қылмыс жасауға итермелейтін қасиеттерді жою. Түзеудің мақсаты адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін қайта қалыптастыру, жаңа қылмыс жасауға себеп болатын бойындағы теріс қасиеттерден оның арылуына мүмкіндік туғызу. Жазаны орындау барысында сотталған адамның көзқарасы, сенімі, жақсы жаққа қарай өзгерсе - түзеу мақсатының орындалғаны болып табылады. Түзелген адам қылмысты жазадан қорыққандықтан ғана емес, жазаны орындау барысында қандайда бір дұрыс ықпал болғандықтан жасамайды.

Жазаның өзіндік, жеке мақсаты - арнайы (жеке) алдын алу мақсаты. Оның мәні де, мазмұны да - сотталған адам тарапынан жаңа қылмыстық құқық бұзушылықты болдырмау. Қылмыстық құқық бұзушылықтан алдын алу шарасы сол қылмыс жасаған адамға тікелей бағытталады

Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Ал, қылмыстан жалпы сақтандырудағы мақсат қылмысты сотталған адам тарапынан болдырмау емес, негізінен, қылмысты басқа адамдарға, заң талаптарын сақтауда сенімсіздік танытатын адамдарға жасатпау.

Қылмыстық құқық бұзушылықтан арнайы сақтандырудан оның айырмашылығы - мұндағы мақсат қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған жеке адамға емес, заңды, басқа да нормативтік актілерді бұзуға икемді, тиянақсыз адамдарға ықпал жасау. Жазамен қорқыту, қылмыс жасаған жағдайда оны қолдану қаупі қылмысқа бейім адамдарға тосқауыл болады, қылмыстық ниеттен қайтарады. Жасалған қылмыс үшін жаза қолдану үрейі қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ойы бар адамдарды одан бас тартуға итермелейді.

Жазаның жалпы сақтандыру шараларындағы ықпалы, біріншіден, қылмыстық заңның жарияланып, онда әрбір нақты қылмыс үшін белгіленген жазаның көрсетілгендігінде; екіншіден, қылмыс жасаған нақты адамға соттың жаза тағайындауында, үшіншіден – тағайындалған жазаның орындалу процесінде.

14 Тақырып: Жазаның жүйесі мен түрлері

Мақсаты: Жазаның жүйесі мен түрлерін білім алушыларға түсіндіру

Жоспар:

1. Жаза жүйесінің түсінігі және оның мәні
2. Жазаның түрлері

1. Жаза жүйесінің түсінігі және оның мәні. Жаза жүйесі деп қылмыстық заңмен бекітілген, салыстырмалы ауырлығы ескеріле отырып, белгілі тәртіппен орналастырылған жаза түрлерінің соттар үшін міндетті және толық тізімі айтылады.

Заң жүзінде бекітілген жазалар жүйесінің мәні — осы жүйеге сүйене отырып, жазаның қайсысы — ең ауыр, ал қайсысы — жеңіл екендігін анықтап білуге болатындығында. Жүйеге енетін жаза түрлерінің барлығы екі топқа бөлінеді: негізгі және қосымша болып.

Негізгі жазалар — жазаның дербес түрі ретінде ғана тағайындалынатын түрлері, оларды басқаларына қосымша ретінде біріктіруге болмайды, және де, жазаның мақсаттарына жету негізінен, осы негізгі жазалармен байланыстырылады.

Қосымша жазалар — негізгі жазаға қосылып тағайындалатын, жазаның мақсатын жүзеге асыруда оған көмекші роль атқаратын жазаларды айтамыз. Жазалардың бұл түрі негізгі жазаларды ғана қолдану жазаның мақсаттарын қамтамасыз етпейтін жағдайда қолданылады.

2. Жазаның түрлері. Қылмыстық заңның 40-бабына сай келесі жаза түрлері көрсетілген:

1. Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға мынадай негізгі жазалар:

- 1) айыппұл;
- 2) түзеу жұмыстары;
- 3) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 4) қамаққа алу қолданылуы мүмкін.

2. Қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға мынадай негізгі жазалар:

- 1) айыппұл;
- 2) түзеу жұмыстары;
- 3) бас бостандығын шектеу;
- 4) бас бостандығынан айыру;
- 5) өлім жазасы қолданылуы мүмкін.

3. Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға негізгі жазамен қатар мынадай қосымша жазалар:

1) мүлкін тәркілеу;

2) арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру;

3) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;

4) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қолданылуы мүмкін.

Жазаның негізгі түрлеріне тек өзінше бөлек тағайындалатын жазалар жатады, олармен басқаларды толықтыруға болмайды, жазаның негізгі мақсаттарын орындау осылармен байланыстырылған ҚК-тің 40-бабына сәйкес, жазаның мұндай негізгі түрлеріне мыналар жатады: айыппұл; түзеу жұмыстары; бас бостандығын шектеу; бас бостандығынан айыру; өлім жазасы. Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға мынадай негізгі жазалар: айыппұл; түзеу жұмыстары; қоғамдық жұмыстарға тарту; қамаққа алу.

Қылмыс жасаған адамға ҚК-тің Ерекше бөліміндегі нормалар санкциясында белгіленген негізгі жазалардың біреуі ғана қолданылады. Мысалы, түзеу жұмыстары бас бостандығынан айырумен бірге бір санкцияда қарастырылғанмен, оларды бір-біріне толықтыру ретінде тағайындауға болмайды.

Айыппұл салу. Айыппұл - ҚР ҚК-нің 41-бабында көзделген шекте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде не пара сомасына немесе құнына еселенген мөлшерде тағайындалатын ақшалай өндіріп алу.

Айыппұл қылмыстық теріс қылықтар үшін – айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен бес жүзге дейінгі шегінде, қылмыстар үшін – айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден он мыңға дейінгі шегінде, ал Қылмыстық кодекстің 366, 367 және 368-баптарында көзделген қылмыстар үшін Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясында белгіленген мөлшерде белгіленеді. Айыппұл мөлшерін жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығын және сотталған адамның мүліктік жағдайын ескере отырып, сот айқындайды.

Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін тағайындалған айыппұлды төлеуден жалтарған жағдайда, қылмыстық заңның 43 және 45-баптарының ережелері ескеріле отырып, ол бір айлық есептік көрсеткіш үшін қоғамдық жұмыстардың бір сағаты есебімен қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бір тәулікке қамаққа алу есебімен қамаққа алуға ауыстырылады.

Қылмыс жасағаны үшін тағайындалған айыппұлды төлеуден жалтарған жағдайда, қылмыстық заңның 46-бабының ережелері ескеріле отырып, ол төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылады. Бұл ретте қылмыстық заңның 366, 367 және 368-баптарында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін айыппұл осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясы шегінде бас бостандығынан айыруға ауыстырылады.

Түзеу жұмыстары. Түзеу жұмыстары дегеніміз – сотталған адамның жалақысынан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде мемлекет кірісіне ақша өндіріп ала отырып, оны негізгі жұмыс орны бойынша еңбекке тарту және ол сотталған адамның жалақысының (ақшалай үлесінің) жиырмадан қырық пайызға дейінгісін ай сайын мемлекет кірісіне аударып отыру арқылы орындалады. Түзеу жұмыстары қылмыстық теріс қылықтар үшін – айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен бес жүзге дейінгі шегінде, қылмыстар үшін айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден он мыңға дейінгі шегінде белгіленеді (42-бап).

Бұл жазалау шарасы қылмыстық заңдарда орын алып отырған адамгершілік принциптерінің бір көрінісі.

Ол онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған, бірақ қоғамнан оқшауламаса да түзелу мүмкіндігі бар адамдарға соттардың бас бостандықтан айырумен байланысты емес жаза тағайындауына мүмкіндік береді. Еңбекке қабілетсіз деп танылған, тұрақты жұмысы жоқ немесе

өндірістен қол үзіп оқу орындарында оқитын адамдарға түзеу жұмыстары тағайындала алмайды.

Түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайларда, қылмыстық теріс қылық үшін тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігі – Қылмыстық кодекстің 43 және 45-баптарының ережелері ескеріле отырып, бір айлық есептік көрсеткіш үшін қоғамдық жұмыстардың бір сағаты есебімен қоғамдық жұмыстарға тартуға не төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бір тәулікке қамаққа алу есебімен қамаққа алуға, ал қылмыс үшін тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігі Қылмыстық кодекстің 46-бабының ережелері ескеріле отырып, төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылады.

Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қоғамдық жұмыстарға тарту көзделген. ҚР ҚК-нің 43-бабына сәйкес, қоғамдық жұмыстар сотталған адамның негізгі жұмыстан немесе оқудан бос уақытта тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындауынан тұрады, олардың түрлерін жергілікті атқарушы органдар немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары белгілейді.

Қоғамдық жұмыстар Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі белгілеген қылмыстық теріс қылық үшін қолданатын жазаның түрі болып табылады, ол Қазақ ССР-ның бұрынғы қылмыстық заңында жоқ еді.

Жоғарыда аталып кеткендей, қоғамдық жұмыстардың түрлерін жергілікті атқарушы органдар немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары белгілейді, олар жазаны орындаушы органға – қылмыстық-орындаушы инспекцияға мұндай жұмыстардың қажеттігін хабарлайды.

Инспекция сотталғандарды жұмысқа жібереді. Сотталғандар қоғамдық жұмыстарды өздері тұрған жерде жасайды.

ҚР ҚК-нің Ерекше бөлімінің айыпкер сотталған бабының санкциясында қарастырылған болса, қоғамдық жұмыстар жазаның негізгі түрі ретінде ғана қолданылады.

Қоғамдық жұмыстар, сонымен қатар, жасалған қылмыс үшін қарастырылған жазадан жеңілірек жаза тағайындалса, және жазаның өтелмеген бөлігін жұмсақ жазамен ауыстырған жағдайда қолданылады.

Бұл жаза мерзімді жазалар қатарына жатады. Ол сотталған адам қоғамдық жұмыста болған сағатпен өлшенеді. Заң бұл жазаны алпыс сағаттан үш жүз сағатқа дейін тағайындауға рұқсат береді.

Қоғамдық жұмыстар алпыс сағаттан үш жүз сағатқа дейін белгіленеді және сотталған адам оларды өтеу уақытына негізгі жұмыс орны бойынша еңбек міндеттерін орындаудан босатыла отырып не оқудан бос уақытында күніне төрт сағаттан асырылмай, ал егер сотталған адамның тұрақты жұмыс орны болмаса және ол оқуда болмаса – күніне сегіз сағатқа дейін, бірақ аптасына қырық сағаттан асырылмай өтеледі.

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза сотталған адамның жергілікті атқарушы органдар оның тұрғылықты жерінде орналасқан қоғамдық орындарда

ұйымдастыратын, белгілі бір біліктілікті талап етпейтін, қоғамға пайдалы ақысыз жұмыстарды орындауынан тұрады.

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза заңды күшіне енген сот үкімінің көшірмесімен бірге сот өкімі пробация қызметіне келіп түскен күннен бастап он күндік мерзімнен кешіктірілмей орындалады.

Сотталғандардың қоғамдық жұмыстарды орындауын бақылауды сотталған адамның тұрғылықты жеріндегі пробация қызметі жүзеге асырады.

Сотталған адамға негізгі жұмыс орны бойынша кезекті демалыс беру қоғамдық жұмыстарды орындауын тоқтата тұрмайды.

Жазасын өтеу кезеңінде сотталған адам жүкті болған кезде пробация қызметі сотқа жүктілікке және босануға байланысты демалыс берілген күннен бастап оның жазаны өтеуін кейінге қалдыру туралы ұсыну енгізеді.

Сотталған адам бірінші немесе екінші топтағы мүгедек деп танылған кезде, пробация қызметі сотқа оны жазасын одан әрі өтеуден босату туралы ұсыну енгізеді (57-бап ҚР Қылмыстық-атқару кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V). Қоғамдық жұмыстардан жалтарған жағдайда осы Кодекстің 45-бабының ережелері ескеріле отырып, олар қоғамдық жұмыстардың төрт сағаты үшін бір тәулікке қамаққа алу есебімен қамаққа алуға ауыстырылады.

Қоғамдық жұмыстарға тарту жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге, әскери қызметшілерге тағайындалмайды.

Бас бостандығын шектеу. Бас бостандығын шектеу - сотталған адамға бір жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеуден тұрады. Бас бостандығын шектеу сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшауланбай өтеледі. Тұрақты жұмыс орны жоқ және оқуда жоқ бас бостандығын шектеуге сотталғандар жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда, бірақ жылына екі жүз қырық сағаттан аспайтын мәжбүрлі еңбекке тартылуға жатады.

Бас бостандығын шектеуге сотталған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер мәжбүрлі еңбекке тартылмайды.

Өзге жазаны бас бостандығын шектеуге ауыстырған жағдайда, ол бір жылға жетпейтін мерзімге тағайындалуы мүмкін, бұл ретте сотталған адам мәжбүрлі еңбекке тартылмайды. Мәжбүрлі еңбекке тарту күніне сегіз сағатқа дейін, бірақ аптасына қырық сағаттан асырылмай өтеледі (ҚР ҚК-тің 44-бабының 1 бөлігі).

Пробациялық бақылауды уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады және сот шешімі бойынша сотталған адамның: сотталған адамның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға хабарламай, тұрақты тұрғылықты жерін, жұмысын, оқуын ауыстырмау; белгілі бір

орындарға бармау; алкоголизмнен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, жыныс жолдары арқылы берілетін аурулардан емделу курсынан өту; отбасын материалдық қолдауды жүзеге асыру міндеттерін; сотталған адамның түзелуіне және оның жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алуға ықпал ететін басқа да міндеттерді орындауды қамтиды.

Бас бостандығын шектеуге сотталған адам жазаны өтеуден қаскөйлікпен жалтарған жағдайда, бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімі дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстырылады. Бұл ретте бас бостандығын шектеуді өтеу уақыты қылмыстық заңның 46-бабының ережелері ескеріле отырып, бас бостандығын шектеудің бір күні үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыру мерзіміне есептеледі.

Қамаққа алу (45-бап.). Қамаққа алу сотталған адамды тағайындалған жазаның бүкіл мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында ұстауды білдіреді.

Қамаққа алу отыз тәуліктен тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Ұстап алу мерзімі қамаққа алу мерзіміне қосылады

Қамаққа алу кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге тағайындалмайды. Әскери қызметшілер қамақта болуды гауптвахтада өтейді.

Бас бостандығынан айыру. Бас бостандығынан айыру сотталған адамды колония-қонысқа жіберу немесе жалпы, қатаң, ерекше режимдегі түзеу колониясына немесе түрмеге отырғызу арқылы оны қоғамнан оқшаулауды білдіреді. Қолданыстағы Кодексте көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыру – алты айдан он бес жылға дейінгі, ал аса ауыр қылмыстар үшін жиырма жылға дейінгі мерзімге не өмір бойына белгіленеді. Абайсызда жасалған қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру он жылдан аспайды. Айыппұл салуды, түзеу жұмыстарын немесе бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыруға ауыстырған жағдайда, ол алты айға жетпейтін мерзімге тағайындалуы мүмкін.

Қылмыстардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде бас бостандығынан айыру мерзімдерін ішінара немесе толық қосқан жағдайда және қылмыстық заңның 47-бабының бесінші бөлігінде, 71-бабының бесінші бөлігінде және 77-бабының бесінші бөлігінде көзделген жағдайларда, бас бостандығынан айырудың ең жоғары мерзімі – жиырма бес жылдан, ал үкімдердің жиынтығы бойынша отыз жылдан аспауға тиіс. Өлім жазасы адамның өміріне қол сұғатын ерекше ауыр қылмыстар үшін, сондай-ақ соғыс кезінде немесе ұрыс жағдайында мемлекеттік сатқындық, бейбітшілікке және адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыс және ерекше ауыр әскери қылмыстар жасағаны үшін ғана қолданылуы мүмкін.

Өмір бойына бас бостандығынан айыру аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ өлім жазасына балама ретінде белгіленуі мүмкін. Өмір бойына

бас бостандығынан айыру он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға, әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге тағайындалмайды. Кешірім жасау тәртібімен өмір бойына бас бостандығынан айыру белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін.

Бас бостандығынан айыруды:

1) абайсызда жасаған қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған, сондай-ақ қасақана қылмыс жасағаны үшін бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза тағайындалған, алғаш рет сотталған адамдарға – колония-қоныстарда;

2) қасақана онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар және ауыр қылмыстар жасағаны үшін бір жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдарға және айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарға – жалпы режимдегі түзеу колонияларында;

3) аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдарға, сондай-ақ егер сотталған адам бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген болса, қылмыстардың қайталануы кезінде және әйелдерге қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде – қатаң режимдегі түзеу колонияларында;

4) қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде, сондай-ақ өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға – ерекше режимдегі түзеу колонияларында өтеу тағайындалады.

Аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға, сондай-ақ қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жаза мерзімінің бір бөлігін, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімді түрмеде өтеу тағайындалуы мүмкін.

Үкіммен тағайындалған түзеу мекемесінің түрін өзгертуді Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес сот жүргізеді.

Өлім жазасы. Егер өлім жазасы мәселесіне тарихи тұрғыдан қарар болсақ, ол туралы сұрақтардың әр кезеңде қозғалғандығын байқай аламыз. Бұл жаза түрін қолдану туралы сұрақтар әр түрлі ғасырларда көтеріліп отырды. Бізге дейін өлім жазасын қолдану туралы таластар сонау Ежелгі Грецияда Пелопонесс соғысы кезінде қызу жүргізілгендігі туралы тарихи деректер жеткен. Алдымен, өлім жазасына тікелей немесе жанама қатысты сұрақтар мен әлемде маңызды орын алатын мемлекеттердің заңнамаларындағы бұл жазалау шарасының анықталатын орны туралы айта кетсек. Өлім жазасының негізі, қылмыстық жазалаудың кез-келген мемлекеттілікке дейінгі қоғамда сияқты қандық кек алу негіз болып табылады. Жалпылай айтқанда, өлім жазасы - негізгі қағидасы «қанға қан, жанға жан» болатын, істелген қылмысқа өзіне тең дәрежелі жауап қайтаратын жазалаудың ең көне түрі. Бұл ережені біздің заманымызға дейінгі, мемлекеттік дамуы мен құқықтық сананың дамуы салыстырмалы түрде бастапқы сатыда болған ежелгі мемлекеттерде кең пайдаланылған. Дегенмен, өркениеттің жоғары дамуымен ерекшеленетін қазіргі біздің уақытта да, қолданыстағы қылмыстық құқықтың негізіне жаңашыл

факторлармен бірге сол баяғы өлім жазасы арқылы әділеттілікке қол жеткізу қағидасы енгізілген.

Қазақстан Республикасы «өлім жазасын қолдану салаларын бірте-бірте азайтуға» бағытталған саясатты ұстануда. 2003 жылдың 19 желтоқсанында республика Президенті өлім жазасын қолдануды мүлдем жойғанға дейін бұл жаза түріне мерзімсіз мораторий жариялаған болатын. Өлім жазасын алмастыратын жаза түрі ретінде 2004 жылы өмір бойына бас бостандығынан айыруды қолдану қабылданды. 2005 жылдың қараша айында Қазақстан Республикасы Азаматтық және Саяси Құқықтар туралы Халықаралық Пактіні ратификациялады.

2012 жылдың желтоқсанында БҰҰ-ң Бас Ассамблеясы өлім жазасына жалпы әлемдік мораторий жариялауды талап етті. Дауыс берудің қорытындысы бойынша (Қазақстанды қосқанда 110 мемлекет қолдады, 39 – қарсы, 36 – дауыс беруден бас тартты) өлім жазасын ресми түрде тоқтата тұрумен алдағы уақытта мүлдем қолданыстан алып тастау туралы резолюция қабылданды.

Қазақстанда өлім жазасы соңғы рет 2003 жылдың 12 мамырында қолданылды. Ол кезде 12 сотталған жазаланған болатын.

Өлім жазасы – ату жазасы адамдардың қаза табуымен ұштасқан террористік қылмыстар үшін, сондай-ақ соғыс уақытында жасалған аса ауыр қылмыстар үшін ең ауыр жаза ретінде белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамға кешірім жасау туралы өтінішхат беру құқығы беріледі. Өлім жазасы он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға, әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге тағайындалмайды. Қазақстан Республикасының Президенті өлім жазасын орындауға мораторий енгізген кезде, өлім жазасы туралы үкімді орындау мораторий қолданылған уақытқа тоқтатыла тұрады.

Өлім жазасы туралы үкім күшіне енген кезінен бастап ерте дегенде бір жыл өткеннен кейін, сондай-ақ өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылған соң ерте дегенде бір жыл өткеннен кейін орындалады. Өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен өмір бойына бас бостандығынан айыруға немесе белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ерекше режимдегі түзеу колониясында жазасын өтей отырып ауыстырылуы мүмкін. Өлім жазасына кесілген адамдардың, өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылған жағдайда, мораторий енгізілгенге дейін олардың өтінішхат бергеніне немесе бермегеніне қарамастан, кешірім жасау туралы өтінішхат беруге құқығы бар.

Жазаның қосымша түрлері. Қосымша жаза - негізгі жазамен салыстырғанда қосалқы сипаттағы жаза, ол тек негізгі жазаны қолдану жазалаудағы мақсатты қамтамасыз ете алмайтын жағдайда қолданылады.

Қосымша жазаны қолданғанда мынадай талаптар сақталуы тиіс:

- қосымша жазаның өзінше тағайындалуы мүмкін емес, ол тек жазаның негізгі түрлерімен бірге тағайындалады;

- қосымша жазалар неғұрлым ауыр қылмыстар жасалғанда, және заңда көрсетілген жағдайларда негізгі жазаларға біріктіріледі.

Заң бойынша қосымша жаза қолданылуы мүмкін емес адамдарға олар тағайындалмайды. Мысалы, бас бостандығынан айыруға шартты түрде сотталған адамның мүлкін тәркілеуге болмайды.

Қосымша жаза негізгі жазадан қатаң болуға тиіс емес, олай болған жағдайда негізгі және қосымша жазаларды үйлестіру принципі ақталмайды, қосымша жазаның түрі негізгі жаза сияқты болуға тиіс емес, бұл жағдайда жазаның бір түрі, өзінің заңда рұқсат етілген мерзімі немесе мөлшері жағынан ұлғайған болып саналады.

Басты жазалау элементтері негізгі жазаның элементтерімен сәйкес келетін қосымша жаза тағайындауға болмайды (мысалы, белгілі бір лауазымда істеу құқығынан айыруды белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға қосымша ретінде). Егер жасалған қылмыс сараланатын заң міндетті түрде қосымша жаза тағайындауды көздесе, мұндай жазаны қолданбау ҚК-тің тиісті бабында көзделген жағдайларда ғана орын алады (осы қылмыс үшін қарастырылған жазадан жеңілірек жаза тағайындағанда).

Мүлікті тәркілеу. Мүлікті тәркілеу- сотталған адамның меншігіндегі, заңсыз жолмен табылған не заңсыз жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мәжбүрлеп өтеусіз алып қою және мемлекеттің меншігіне айналдыру (ҚР ҚК-нің 48-бабының 1 бөлігі).

Тәркілеуге мынадай:

1) заңды иесіне қайтарылуға жататын мүлікті және одан түскен табыстарды қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша мен өзге мүлік және осы мүліктен алынған кез келген табыс;

2) қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүлік пен осы мүліктен алынған табыстар ішінара немесе толығымен ауыстырылған немесе айналдырылған;

3) экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыруға немесе өзге де қамтамасыз етуге пайдаланылатын немесе арналған;

4) қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын ақша және өзге мүлік жатады.

Егер осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген мүлікке кіретін белгілі бір затты тәркілеу осы затты тәркілеу туралы сот шешімі қабылданған кезде оның пайдаланылуы, сатылуы немесе өзге де себептері бойынша мүмкін болмаса, сот шешімі бойынша осы заттың құнына сәйкес келетін ақшалай сома тәркіленуге жатады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 15-бөлімінде көзделген жағдайларда мүлікті тәркілеу соттың шешімі бойынша қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде қолданылуы мүмкін.

Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары, сол сияқты Қазақстан Республикасының Президенті берген арнаулы, әскери,

құрметті немесе өзге де атағы, сыныптық шені, дипломатиялық дәрежесі немесе біліктілік сыныбы бар адамды қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттаған кезде сот үкім шығарғанда сотталған адамды осы наградалардан, атақтардан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен немесе біліктілік сыныбынан айыру туралы ұсыныс енгізе алады, ал сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс енгізеді.

Жазаның бұл түрі сотталған адамға моральдық-психологиялық жағынан әсер етеді, оны бұрынғы қызметі үшін алған, өзі мақтан тұтып жүрген ерекше белгілерінен айырады, белгілі бір жеңілдіктерден, артық құқықтардан айырады, соттылықтың өзіне қарағанда ұзақ уақыт материалдық залал шегеді. Сонымен қатар қосымша жазаның бұл түрі соттылық жойылғаннан кейін де, оның болашақ кәсіби қызметін шектеуі мүмкін.

ҚР ҚК 50-бабы белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға байланысты. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында белгілі бір лауазымдарды атқаруға не белгілі бір кәсіптік немесе өзге де қызметпен айналысуға тыйым салудан тұрады. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бір жылдан он жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру міндетті түрде тағайындалады және мемлекеттік қызметте, судья қызметін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және оның ведомстволарында, мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталында мемлекет үлесі елу пайыздан асатын ұйымдарда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы өздеріне тиесілі олардың еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы аталған еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салудан тұрады.

Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, егер сот жасалған іс-әрекеттің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оның белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығының сақталуы мүмкін емес деп таныса, ол осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында тиісті қылмыстық құқық бұзушылық үшін қосымша жаза ретінде көзделмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін.

Бас бостандығынан айыруға, қамаққа алуға қосымша жаза ретінде осы жазаны тағайындау кезінде, ол негізгі жазаны өтеудің барлық уақытына қолданылады, бірақ бұл ретте оның мерзімі бас бостандығынан айырылған, қамаққа алынған кезден бастап есептеледі. Жазаның басқа негізгі түрлеріне

қосымша жаза түрі ретінде белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тағайындалған жағдайда, сондай-ақ жазаны өтеу кейінге қалдырылған немесе шартты түрде сотталған кезде оның мерзімі үкімнің заңды күшіне енген кезінен бастап есептеледі.

Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу ҚР ҚК 51-бабында көрініс тапқан. Онда, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу осы адамның Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне бес жыл мерзімге тыйым салу белгілене отырып, сотталған шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бақыланатын кетуі арқылы орындалады.

Қосымша жаза түрі ретінде шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда ғана тағайындалуы мүмкін және ол негізгі жаза түрі өтелгеннен кейін орындалады.

15 Тақырып: Жаза тағайындау

Мақсаты: жаза тағайындаудың жалпы негіздерін, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларын түсіндіру, қатысты жасалған қылмыс үшін, қылмыстардың жиынтығы бойынша, қайталануы жағдайда үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындауды түсіндіру

Жоспары:

1. Жаза тағайындаудың жалпы негіздері
2. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар
3. Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау
4. Аяқталмаған қылмыс үшін, сыбайлас қатысып жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін және қылмыстардың қайталануы қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындау
5. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша жаза тағайындау
6. Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау
7. Шартты түрде соттаудың түсінігі

1. Жаза тағайындаудың жалпы негіздері. Қазақстан Республикасы Конституциясының барлық адам заң мен сот алдында тең, ешкім де заңды күшіне енген сот үкімі болмай қылмыс жасауда кінәлі деп танылуға жатпайды және қылмыстық жазаға тартыла алмайды деген ережелерін негізге ала

отырып, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен ауырлығына, сотталушының қызметтегі және қоғамдағы дәрежесіне қарамастан, әрбір қылмыстық істі заңға сәйкес бұлжытпай шешуі қажет.

Жаза тағайындаудың жалпы негіздері қылмыстық заңның 52-бабында нақты көрсетілген.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған адамға Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында белгіленген шектерде және Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлігінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалады.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуға тиіс. Егер жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаның онша қатаң емес түрі жазаның мақсатына жетуді қамтамасыз ете алмайтын болса ғана, ол үшін көзделгендері арасынан неғұрлым қатаң жаза түрі тағайындалады. Жасалған іс-әрекет үшін Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделгеннен неғұрлым қатаң жаза Қылмыстық кодекстің 58 және 60-баптарына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалуы мүмкін. Жасалған іс-әрекет үшін Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында көзделгеннен онша қатаң емес жаза тағайындау үшін негіздер Қылмыстық кодекстің 55-бабында айқындалады.

Жаза тағайындау кезінде ескерілетін мән жайлар:

- қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі;

- кінәлі адамның жеке басы;

- оның ішінде құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі оның мінез-құлқы;

- жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар;

- тағайындалған жазаның сотталған адамның түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі.

Қылмыстық кодексінің 52-бабында (бұдан әрі – ҚК) көрсетілген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтағандары, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын, қылмыстың қайталануын және оның түрлерін, қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезеңін, сотталушының қылмыстық құқық бұзушылықты жасау кезіндегі қатысу дәрежесін, қылмыстық құқық бұзушылықтың мақсатына жету үшін оның әрекеттерінің маңызын және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен мөлшеріне ықпалын, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының болуын, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлардың болуын, сол қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау негіздерін ескерулері қажет.

2. Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар. Келесі белгілер қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар деп танылады (53-бап.):

1) мән-жайлардың кездейсоқ тоғысуы салдарынан алғаш рет қылмыстық теріс қылық не алғаш рет онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасау;

2) кінәлі адамның кәмелетке толмауы;

3) жүктілік;

4) кінәлі адамның жас балаларының болуы;

5) медициналық немесе өзге де көмекті көрсету салдарына қарамастан, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін жәбірленушіге тікелей осындай көмек көрсету;

6) қылмыстық құқық бұзушылық салдарынан келтірілген мүліктік залалды ерікті түрде өтеу, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген моральдық және өзге де зиянның орнын толтыру;

7) жеке басындағы, отбасылық немесе өзге де ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан не жаны ашығандық уәжімен қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

8) күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу салдарынан не материалдық, қызметтік немесе өзге де тәуелділігіне қарай қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

9) қажетті қорғаныстың, аса қажеттіліктің, құқық бұзушылық жасаған адамды ұстап алудың, негізді тәуекелдің, бұйрықты немесе өкімді орындаудың, жедел-ізвестіру іс-шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру кезінде құқыққа сыйымдылық шарттарын бұзу жағдайында қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

10) жәбірленушінің қылмыстық құқық бұзушылыққа түрткі болған заңға қайшы немесе бейморальдық мінез-құлқы;

11) шын ниетпен өкіну, айыбын мойындап келу, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа да сыбайлас қатысушыларын әшкерелеуге және қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде алынған мүлікті іздестіруге белсенді түрде ықпал ету.

Осыдан басқа мән-жайлар да жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жайлар ретінде ескерілуі мүмкін.

Егер жеңілдететін мән-жай Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында қылмыстық құқық бұзушылық белгісі ретінде көзделген болса, ол өзінен-өзі жаза тағайындау кезінде қайтадан ескерілмеуі мүмкін.

Қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар. Келесілер қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар деп танылады (ҚР ҚК 54-бап.):

1) қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы (ҚР ҚК 12-бап), қылмыстардың қайталануы (ҚР ҚК 14-бап), қылмыстардың қауіпті қайталануы (ҚР ҚК 14-бап);

2) қылмыстық құқық бұзушылық арқылы ауыр зардаптар келтіру. Ауыр зардаптар – қылмыстық заңда көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайлардағы мынадай зардаптар:

-адам өлімі; екі немесе одан да көп адамның өлімі; жәбірленушінің немесе оның жақынының (жақындарының) өзін-өзі өлтіруі; денсаулыққа ауыр зиян келтіру; екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру; адамдардың жаппай сырқаттануы, ауру жұқтыруы, сәулеленуі немесе улануы; халық денсаулығы мен қоршаған орта жай-күйінің нашарлауы; қаламаған жүктіліктің болуы; техногендік немесе экологиялық зілзланың, төтенше экологиялық ахуалдың туындауы; ірі немесе аса ірі залал келтіру; жоғары қолбасшылық қойған міндеттерді орындамай қалдыру; мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіру, апаттар немесе авариялар; әскери бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеті деңгейінің ұзақ уақыт төмендеуі; жауынгерлік міндеттерді орындамай қалдыру; жауынгерлік техниканың істен шығуы; келтірілген зиянның ауырлығын куәландыратын өзге де зардаптар (ҚР ҚК 3-бап 4 тармағы).

3) қылмыстық құқық бұзушылықты адамдар тобының, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобының жасауы, қылмыстық топ құрамында жасау (ҚР ҚК 31-бап);

4) қылмыстық құқық бұзушылық жасағанда айрықша белсенді рөл атқару;

5) кінәлі адамға психикасының бұзылуының ауыр түрінен зардап шегетіні көрінеу белгілі адамдарды не қылмыстық жауаптылық жасына толмаған адамдарды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тарту;

6) ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша, басқа адамдардың құқыққа сыйымды әрекеттері үшін кек алу, сондай-ақ басқа қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру немесе оны жасауды оңайлату мақсатында қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

7) кінәлі адамға жүктілік жағдайда екені көрінеу белгілі әйелге қатысты, сондай-ақ жас балаға, басқа да қорғансыз немесе дәрменсіз адамға не кінәлі адамға тәуелді адамға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

8) адамның өзінің қызметтік, кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамға немесе оның жақындарына қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

9) аса қатыгездікпен, садизммен, қорлаумен, сондай-ақ жәбірленушіні қинаумен қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

10) қару, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар, жарылыс немесе оларды имитациялайтын құрылғылар, арнайы дайындалған техникалық құралдар, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтар, улы және радиоактивті заттар, дәрілік және өзге де химиялық-фармакологиялық препараттар пайдаланып, сондай-ақ күштеп немесе психикалық мәжбүрлеуді қолданып не жалпы қауіпті тәсілмен қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

11) төтенше жағдай, төтенше ахуал кезінде, сондай-ақ жаппай тәртіпсіздіктер барысында қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

12) алкогольден, есірткіден немесе уытқұмарлықтан масаң күйде қылмыстық құқық бұзушылық жасау. Сот қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына қарай бұл мән-жайды ауырлататын мән-жай деп танымауға құқылы;

13) адамның өзі берген сертін немесе кәсіби антын бұза отырып, қылмыстық құқық бұзушылық жасауы;

14) кінәлі адамға оның қызмет бабына немесе шартқа қарай көрсетілген сенімді пайдаланып қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

15) билік өкілінің нысанды киімін немесе құжаттарын пайдаланып қылмыстық құқық бұзушылық жасау;

16) құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, судьяның өзінің қызмет бабын пайдаланып қылмыстық құқық бұзушылық жасауы.

Егер ҚК 54- бабының бірінші бөлігінде көрсетілген мән-жай Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында қылмыстық құқық бұзушылық белгісі ретінде көзделген болса, ол жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде қайтадан ескерілмеуі мүмкін.

Жаза тағайындау кезінде сот ҚК 54- бабының бірінші бөлігінде көрсетілмеген мән-жайларды ауырлататын мән-жайлар деп тани алмайды.

Қылмыстық топтардың құрамында қылмыстық құқық бұзушылықты, сыбайлас жемқорлыққа қатысты, террористік, экстремистік қылмыстарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстарды жасағаны үшін кінәлі деп танылған және түзелу жолына түсуді қаламайтын бұрын сотталған адамдар үшін заңмен көзделген қатаң жазалау шараларын міндетті түрде талқылауға жатады және соттармен қолдануға жатады.

ҚК-нің 54-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар тізбесі түпкілікті болып табылады, осыған байланысты, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кездегі немесе сотталушыны сипаттайтын сот анықтаған өзге де мән-жайлар (маскүнемдікке салыну, қоғамдық тәртіпті бұзу, отбасына, жұмысына, оқуына көзқарасы және т.б.) жаза тағайындалған кезде ескерілуі мүмкін, бірақ жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар ретінде танылмайды.

Сондай-ақ алынбаған және жойылмаған соттылықтар жаза тағайындаған кезде ескерілуі мүмкін.

ҚК-нің 54-бабы бірінші бөлігінің 12) тармағына сәйкес, сот қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына қарай масаң күйде қылмыс жасауды жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде танымауға құқылы. Осы мәселені шешу кезінде соттар қылмыстық іс-әрекеттің жасалуының өз сипаты бойынша кінәлі адамның масаң күйімен байланысы бар жоғын, сондай-ақ адам осындай күйге түскен кездегі жағдайды ескерулері қажет. Атап айтқанда, кәмелетке толмағанның қылмыстық құқық бұзушылықты жасау сәтінде масаң күйіндегі жағдайы, егер бұл оны спирт ішімдіктерін, есірткі немесе есеңгірететін заттарды пайдалануға қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға бірге қатысушы ересек адамның тартуымен

байланысты болса, жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде есептелуге тиіс емес.

Бұрын қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған адамның қылмыстық құқық бұзушылықты жасауы, егер бірінші қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты қылмыстық жауаптылыққа тарту мерзімі өтіп кетсе, заңмен белгіленген тәртіппен соттылық алынып тасталсане жойылса немесе бұрын жасалған әрекет үшін қылмыстық жауаптылық заңмен жойылса, сондай-ақ адам Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Жалпы бөлімінде(бұдан әрі – ҚК-нің Жалпы бөлімі) көзделген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатылса, жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде қаралмайды.

3 Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау. Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау шарттары ҚК 55-бабында көрініс тапқан. Мұнда егер Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің адам кінәлі деп танылған бабында немесе бабының бір бөлігінде бас бостандығынан айырудан гөрі онша қатаң емес жазаның негізгі түрі көзделсе, адамды:

1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін соттау кезінде, қылмыспен келтірілген мүліктік залалды адам өз еркімен өтеген, моральдық және өзге зиянды қалпына келтірген жағдайда;

2) Қылмыстық кодекстің 218 (Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату)), 248 (Мәміле жасауға немесе оны жасаудан бас тартуға Мәжбүрлеу) және 249-баптарында (Рейдерлік) көзделгендерді қоспағанда, экономикалық қызмет саласында қылмыс жасағаны үшін соттау кезінде, қылмыспен келтірілген мүліктік залалды адам өз еркімен өтеген жағдайда, бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

Жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген жеңілдететін мән-жай болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде, жаза мерзімін немесе мөлшерін Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің:

1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған кезде – жартысынан;

2) ауыр қылмыс жасаған кезде – үштен екісінен;

3) аса ауыр қылмыс жасаған кезде төрттен үшінен асыруға болмайды.

Жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру істері, сондай-ақ процестік келісімнің барлық шарттары орындалған істер бойынша жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазаның мерзімін немесе мөлшерін Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан асыруға болмайды.

Іс-әрекеттің мақсаттары мен себептеріне, кінәлі адамның рөліне, оның қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезіндегі немесе одан кейінгі мінез-

құлқына байланысты ерекше мән-жайлар және іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі дәрежесін едәуір азайтатын басқа да мән-жайлар болған кезде, сол сияқты топтық қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушы топтың жасаған іс-әрекеттерін ашуға белсене жәрдемдескен кезде, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең төменгі шектен төмен жаза тағайындалуы мүмкін не соттың жазаның осы бапта көзделгеннен неғұрлым жеңіл түрін тағайындауы не міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жаза түрін қолданбауы мүмкін.

Жеңілдететін жекелеген мән-жайлар да, осындай мән-жайлардың жиынтығы да ерекше мән-жайлар деп танылуы мүмкін.

ҚК 55 бабының екінші немесе үшінші бөліктерінде көрсетілген мән-жайлар болған кезде, жаза Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген төменгі шектен төмен тағайындалуы мүмкін.

4. Аяқталмаған қылмыс үшін, сыбайлас қатысып жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін және қылмыстардың қайталануы қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындау.

Аяқталмаған қылмыс (56-бап.) үшін жаза тағайындау кезінде мән-жайлардың себебінен қылмыс ақырына дейін жетпеген сол мән-жайлар ескеріледі.

Қылмысқа дайындалғаны үшін жазаның мерзімін немесе мөлшерін Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында аяқталған қылмыс үшін көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан асыруға болмайды.

Қылмысқа оқталғаны үшін жазаның мерзімін немесе мөлшерін Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында аяқталған қылмыс үшін көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің төрттен үшінен асыруға болмайды.

Қылмысқа дайындалғаны үшін және қылмысқа оқталғаны үшін өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.

Сыбайлас қатысып жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін жаза тағайындау (57-бап.) кезінде оны жасауға адамның іс жүзінде қатысу сипаты мен дәрежесі, осы қатысудың қылмыстық құқық бұзушылық мақсатына жетудегі мәні, оның келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянының сипаты мен мөлшеріне ықпалы ескеріледі.

Сыбайлас қатысушылардың біреуінің жеке басына қатысты жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар тек сол сыбайлас қатысушыға жаза тағайындау кезінде ғана ескеріледі.

Қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында жаза тағайындау (59-бап.) кезінде бұрын жасалған қылмыстардың саны, сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, оның алдындағы жазаның түзету ықпалының жеткіліксіздігіне себеп болған мән-жайлар, сондай-ақ жаңадан жасалған қылмыстардың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі ескеріледі [12].

5. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша жаза тағайындау. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы кезінде сот әрбір құқық бұзушылық үшін бөлек жаза (негізгі және қосымша) тағайындап, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы немесе тағайындалған жазаларды толық немесе iшiнара қосу арқылы түпкiлiктi жазаны айқындайды (58-бап.).

Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығында тек қылмыстық терiс қылықтар қамтылса, онда түпкiлiктi жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы не жазаларды iшiнара немесе толық қосу арқылы тағайындалады. Бұл ретте айыппұл түрiндегi жазаның түпкiлiктi мөлшерiн – бiр мың айлық есептiк көрсеткiштен, ал қоғамдық жұмыстарға тарту немесе қамаққа алу түрiндегi жазаның түпкiлiктi мерзiмiн тиiсiнше алты жүз сағаттан немесе тоқсан тәулiктен асыруға болмайды.

Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына тек қылмыстық терiс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар кiрсе, онда түпкiлiктi жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы тағайындалады.

Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына ауыр немесе аса ауыр қылмыс кiрсе, онда түпкiлiктi жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы немесе жазаларды iшiнара немесе толық қосу арқылы тағайындалады. Бұл ретте бас бостандығынан айыру түрiндегi түпкiлiктi жазаны жиырма жылдан асыруға болмайды.

Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына жасалғаны үшiн Қылмыстық кодексте жиырма жылға дейiнгi мерзiмге бас бостандығынан айыру түрiнде жаза көзделген ең болмағанда бiр аса ауыр қылмыс кiрсе, онда түпкiлiктi жаза жазаларды iшiнара немесе толық қосу арқылы тағайындалады. Бұл ретте бас бостандығынан айыру түрiндегi түпкiлiктi жазаны жиырма бес жылдан асыруға болмайды.

Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына жасалғаны үшiн Қылмыстық кодексте жиырма жылға дейiнгi мерзiмге бас бостандығынан айыру түрiнде жаза көзделген ең болмағанда бiр аса ауыр қылмыс, сондай-ақ жасалғаны үшiн айыппұл тағайындалған қылмыстық терiс қылық кiрсе, онда түпкiлiктi жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы тағайындалады.

Егер жиынтыққа кiретiн қылмыс үшiн өмiр бойына бас бостандығынан айыру немесе өлiм жазасы тағайындалса, онда түпкiлiктi жаза өмiр бойына бас бостандығынан айыру немесе тиiсiнше өлiм жазасы түрiнде тағайындалады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша тағайындалған негiзгi жазаға жиынтықты құрайтын құқық бұзушылықтар үшiн тағайындалған қосымша жазалар қосылуы мүмкiн. Iшiнара немесе толық қосу кезiнде түпкiлiктi қосымша жазаны Қылмыстық кодекстiң Жалпы бөлiгiнiң осы жаза түрi үшiн белгiленген ең жоғары мерзiмнен немесе мөлшерден асыруға болмайды.

Егер сотталған адамның ісі бойынша сот үкім шығарғаннан кейін оның бірінші іс бойынша үкім шығарылғанға дейін жасаған тағы да басқа қылмыстық құқық бұзушылыққа кінәлі екені анықталса, жаза осы баптың қағидалары бойынша тағайындалады. Бұл жағдайда соттың бірінші үкімі бойынша өтелген жаза түпкілікті жаза мерзіміне есептеледі.

6. Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау (60-бап.). Егер сотталған адам үкім шығарылғаннан кейін, бірақ жазаны толық өтегенге дейін жаңадан қылмыстық құқық бұзушылық жасаса, сот соттың соңғы үкімі бойынша тағайындалған жазаға соттың алдыңғы үкімі бойынша жазаның өтелмеген бөлігін толық немесе ішінара қосады.

Үкімдердің жиынтығы бойынша түпкілікті жазаны, егер ол бас бостандығынан айырумен байланысты болмаған жағдайда, Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлігінің осы жаза түрі үшін көзделген ең жоғары мерзімнен немесе мөлшерден асыруға болмайды.

Үкімдердің жиынтығы бойынша бас бостандығынан айыру түріндегі түпкілікті жазаны жиырма бес жылдан асыруға болмайды. Егер үкімдердің жиынтығына адам жасалғаны үшін Қылмыстық кодексте жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген ең болмағанда бір аса ауыр қылмыстың жасалуына кінәлі деп танылған үкім кірсе, онда бас бостандығынан айыру түріндегі үкімдер жиынтығы бойынша түпкілікті жазаны отыз жылдан асыруға болмайды. Егер жиынтыққа кіретін қылмыс үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы тағайындалса, онда түпкілікті жаза өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе тиісінше өлім жазасы түрінде тағайындалады.

Үкімдердің жиынтығы бойынша түпкілікті жаза жаңадан жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін тағайындалған жазадан да, соттың алдыңғы үкімі бойынша жазаның өтелмеген бөлігінен де артық болуға тиіс.

Үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде жазалардың қосымша түрлерін қосу қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша жаза тағайындау қағидалары бойынша жүргізіледі.

7. Шартты түрде соттаудың түсінігі. Егер сот бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындағанда сотталған адамның жазаны өтемей түзелуі мүмкін деген түйінге келсе, ол тағайындалған жазаны шартты деп санауға қаулы шығарады (63-бап.). Шартты түрде соттауды қолдану кезінде сот жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, кінәлі адамның жеке басын, оның ішінде жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескереді. Шартты түрде соттауды тағайындау кезінде сот Қылмыстық кодекстің 44-бабы екінші бөлігінің қағидалары бойынша бас бостандығынан айырудың барлық тағайындалған мерзіміне, ал кәмелетке толмағандарға алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілейді. Шартты түрде сотталғандағы пробациялық бақылау кезеңінде онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты қайталап жасаған кезде де

кәмелетке толмағандарға шартты түрде соттау қолданылуы мүмкін. Шартты түрде соттау кезінде мүлікті тәркілеуден басқа, шектеулердің және жазаның қосымша түрлері тағайындалуы мүмкін. Шартты түрде соттау кезінде кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары тағайындалуы мүмкін.

Қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде, адамды аса ауыр қылмыс, сыбайлас жемқорлық қылмыс, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс үшін соттаған кезде адамдарға шартты түрде соттау қолданылмайды.

Шартты түрде соттаудың күшін жою (64-бап.) Егер шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылау мерзімі өткенге дейін өз мінез-құлқымен өзінің түзелгенін дәлелдесе, пробациялық бақылауды жүзеге асыратын органның ұсынуы бойынша сот шартты түрде соттаудың күшін жою туралы және сотталған адамнан сотталғандықты алып тастау туралы қаулы шығара алады. Бұл ретте шартты түрде соттаудың белгіленген мерзімінің кем дегенде жартысы өткен соң оның күші жойылуы мүмкін.

Шартты түрде сотталған адам:

1) қоғамдық тәртіп пен имандылыққа, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке адамға қол сұғатын және отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін өзіне әкімшілік жаза қолданылған әкімшілік құқық бұзушылық жасаған;

2) электрондық бақылау құралдарын қасақана зақымдаған (бүлдірген) не дәлелсіз себептермен тіркелуге келмеген немесе пробациялық бақылауды жүзеге асыратын органға хабарламай тұрғылықты жерін ауыстырған;

3) қылмыстық теріс қылық жасаған жағдайларда, сот пробациялық бақылауды жүзеге асыратын органның ұсынуы бойынша пробациялық бақылау мерзімін ұзарта алады, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартады.

Шартты түрде сотталған адам соттың оған жүктеген міндеттерін орындамаған не осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген бұзушылықтарды қайталап жасаған жағдайда, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген органның ұсынуы бойынша сот шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы қаулы етеді, ал кәмелетке толмаған сотталған адамға қатысты пробациялық бақылау мерзімін қайтадан ұзарта алады, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартады.

Шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылау мерзімі ішінде – абайсызда қылмыс не онша ауыр емес қасақана қылмыс, ал шартты түрде сотталған кәмелетке толмаған адам онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған жағдайларда, шартты түрде соттаудың күшін жою немесе оны күшінде қалдыру туралы мәселені сот жаңа қылмыс үшін жаза тағайындаған кезде шешеді.

Шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылау мерзімі ішінде – ауырлығы орташа қасақана қылмыс, ауыр немесе аса ауыр қылмыс, ал кәмелетке толмаған адам ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда,

сот шартты түрде соттаудың күшін жояды және оған үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындау қағидалары бойынша жаза тағайындайды. ҚК 64-бабының төртінші бөлігінде көзделген жағдайларда жаза осы қағидалар бойынша тағайындалады.

16 Тақырып: Қылмыстық жауаптылықтан босату

Мақсаты: қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату ұғымын және олардың түрлерін түсіндіру

Жоспар:

1. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың түсінігі
2. Шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату
3. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде қылмыстық жауаптылықтан босату
4. Татуласуға байланысты және процесік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату
5. Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату
6. Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату
7. Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату

1. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың түсінігі. Қылмыстық жауаптылықтан босату — қылмыстық заңға және қылмыстық процесс заңына сәйкес қылмыс жасаған адамға мемлекет органының қылмыстық-құқықтық шараларды қолданудан бас тартуы болып табылады. Қылмыстық жауаптылықтан босату институтында сонымен қатар әділеттілік, ізгілік, жеке кінәлі жауаптылық, азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидаттары міндетті түрде бірге жүзеге асырылып отырады.

2. Шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату. Шынайы өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату негізі — кінәлінің қылмыс жасағаннан кейінгі қоғамға тигізген зардабының қауіптілігі аз мөлшерде болуы (65-бап.).

Қылмыстық теріс қылық жасаған не алғаш рет қылмыс жасаған адам, кінәлі адамның жеке басы, айыбын мойындап келуі, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, тергеп-тексеруге ықпал еткені, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірген зиянды қалпына келтіруі ескеріле отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

ҚК 65-бабының бірінші бөлігінің ережелері Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті баптарында арнайы көзделген жағдайларды қоспағанда, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топтың құрамында

жасалған қылмыс, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс, жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

3. Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезде қылмыстық жауаптылықтан босату. Қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан туындаған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғаныс шегінен шыққан адам істің мән-жайлары ескеріле отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. (ҚК-тің 66-бабы).

Қажетті қорғану—қол сұғушы адамға зиян келтіру, яғни қорғанушының өзін немесе өзге бір адамның жеке басын, құқықтарын қорғауы.

4. Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату. Қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады.

Қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықпен қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтірілген жағдайларда, осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көрсетілген адам, егер ол шынайы өкінсе және қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

ҚК 68-бабының ережелері абайсызда адам өліміне не екі және одан да көп адамдардың өліміне әкеп соққан қылмыс, сыбайлас жемқорлық қылмыс, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

5. Жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам, егер іс сотта қаралған уақытта жағдайдың өзгеруі салдарынан ол жасаған іс-әрекет қоғамға қауіпті болудан қалды деп танылса, соттың қылмыстық жауаптылықтан босатуына жатады.

Қылмыстық теріс қылықты алғаш рет жасаған не онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған адам, егер осы адамның содан кейінгі мінсіз мінез-құлқына байланысты іс сотта қаралған уақытта оның қоғамға қауіпті деп есептелмейтіні анықталса, соттың қылмыстық жауаптылықтан босатуына жатады (ҚК-тің 70-бабы).

6. Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату. Қылмыстық заңда ескіру институты ұзақ тарихи дамудан өтті. Ол қылмыстық саясаттың даму бағытын анықтайтын мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және саяси өмірі, әр түрлі жағдайлардың әсерінен қалыптасты. Оған әрқашан бір жағынан, құқық бұзушыға кешірім, мейірім мен рақымшылықпен қарау ізгілік идеялары, ал екінші жағынан, - қылмыстық әрекеттің салдары уақыттың әсеріне негізделіп, ұзақ уақыт бойы әлсірейтін және жиі жойылатын, қылмыс жасаған адамға да қатысты қылмыстық - құқықтық және қылмыстық – процессуалдық идеялар әсер етті.

Бұл шын мәнінде, қылмыстық жауапкершілікке кеш тарту және кешіккен үкім шығару тиісті тәрбиелік және қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы әсері болмайды, сондықтан қылмыстық жауаптылыққа тартып жаза тағайындау тиімсіз болып саналады. Осы уақыт аралығында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кінәлі адам түзелу жолына түсуі мүмкін, әлеуметтік қауіптілігі жойылып, жазалауға ұшырату қажеттілігі жоқ болады.

Ұзақ уақыт өткеннен кейін құқық бұзушылық істі табысты тергеу мүмкіншілігі жойыла бастайды және қылмыстық қудалауға кедергі жасайтыны дәлелдеудің процессуалдық сипаттағы қайта орнына келтірілмейтін қиындықтар (қылмыстың материалдық іздерінің жоғалуы, куәлар және т.б., маңызды фактілер ұмытылуы әбден мүмкін).

Қылмыстық құқық бұзушылық жасалғаннан кейін көп ұзамай қылмыскерге жаза тағайындалатын болса, сонда ғана жаза өзінің мақсаттарына жетеді. Егерде заң бойынша үкімді орындау мақсатсыз болса, онда адам мемлекеттің алдында жауаптылықтан босатылады, бұл қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаға жазаны қолданудың орындылығында емес, бұл жазаны қолданудың адамгершілікке жатпайтындығында.

Сондықтан қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлға мемлекет атынан қылмыстық жауаптылықтан босатылады. Осыған орай заң шығарушы, қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлық санатына қарай ескіру мерзімін әр түрлі қылып белгіледі. Жасалған қылмыстық құқық бұзушылық ауыр болса ескіру мерзімі де ұзақ болады, ал қылмыстық құқық бұзушылық орташа не болмаса онша ауыр емес болатын болса, онда қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның ескіру мерзімі де азырақ болады. Бұл әрине жалпы және арнайы алдын алу мақсатына жасалған норма.

Ескіру мерзіміне әсер ететін мән-жайларға жалтартуға жататын – тергеу мен соттан қасақана жасырыну, немесе қасақана жаңа қылмыс жасау.

Қылмыстық заңның 71-бабына сай егер қылмыстық құқық бұзушылық жасалған күннен бастап келесідей мерзімдер өтсе адам қылмыстық жауаптылықтан босатылады:

- 1) қылмыстық теріс қылық жасалғаннан кейін бір жыл;
- 2) онша ауыр емес қылмыс жасалғаннан кейін екі жыл;
- 3) ауырлығы орташа қылмыс жасалғаннан кейін бес жыл;
- 4) ауыр қылмыс жасалғаннан кейін он бес жыл;
- 5) аса ауыр қылмыс жасалғаннан кейін жиырма жыл өтсе.

Ескіру мерзімдері қылмыстық құқық бұзушылық жасалған күннен бастап және сот үкімі заңды күшіне енген кезге дейін есептеледі.

Қылмыстық теріс қылықтар бойынша ескіру мерзімдерінің өтуі жана қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына қарамастан тоқтатыла тұрмайды және үзілмейді.

Егер қылмыс жасаған адам тергеуден немесе соттан жалтарса, ескіру мерзімдерінің өтуі тоқтатыла тұрады. Бұл жағдайда ескіру мерзімдерінің өтуі адамның ұсталған немесе оның айыбын мойындап келген кезінен бастап қайта басталады. Бұл ретте, егер қылмыс жасаған уақыттан бері ескіру мерзімі үзілмесе және мынадай мерзімдер:

- 1) онша ауыр емес қылмыс жасалғаннан кейін он жыл;
- 2) ауырлығы орташа қылмыс жасалғаннан кейін он бес жыл;
- 3) ауыр қылмыс жасалғаннан кейін жиырма жыл;
- 4) аса ауыр қылмыс жасалғаннан кейін жиырма бес жыл өтсе, адам

қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

Егер ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адам осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткенге дейін жаңадан қасақана қылмыс жасаса, ескіру мерзімінің өтуі үзіледі. Мұндай жағдайларда ескіру мерзімін есептеу жаңа қылмыс жасалған күннен бастап қайта басталады. Өзге жағдайларда, егер ескіру мерзімі өткенге дейін адам қайтадан қылмыс жасаса, әрбір қылмыс бойынша ескіру мерзімі дербес өтеді.

Қылмыстық кодекс бойынша өлім жазасы немесе өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалуы мүмкін қылмысты жасаған адамға ескіру мерзімін қолдану туралы мәселені сот шешеді. Егер сот ескіру мерзімінің өтуіне байланысты адамды қылмыстық жауаптылықтан босатуға болады деп таппаса, онда өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айырумен ауыстырылады, ал өмір бойына бас бостандығынан айыру жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айырумен ауыстырылады.

Бейбітшілікке және адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, азаптаулар, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар, сондай-ақ жеке адамға, мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы, экономикалық қызмет саласында аса ауыр қылмыстар жасаған адамдарға ескіру мерзімдері қолданылмайды.

7 Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату.

Рақымшылық жасау туралы актіні Қазақстан Республикасының Парламенті жеке-дара айқындалмаған адамдар тобына қатысты шығарады.

Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамдар рақымшылық жасау туралы актінің негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдар жазадан босатылуы мүмкін не оларға тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін не мұндай адамдар жазаның қосымша түрінен босатылуы мүмкін. Ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдарға тағайындалған жазаның мерзімі қысқартылуы мүмкін. Жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған адамдардан рақымшылық жасау туралы актімен сотталғандығы алып тасталуы мүмкін.

Террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, азаптаулар, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар жасаған, сондай-ақ қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындалған адамдарға рақымшылық жасау туралы акт қолданылмайды.

Өзіне қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген белгілі бір жеке-дара айқындалған адамға, сол сияқты шет мемлекет сотының үкімі бойынша тағайындалған жазаны Қазақстан Республикасының аумағында өтеп жатқан не өтеген адамға кешірім жасау туралы актіні Қазақстан Республикасының Президенті шығарады.

Қылмысы үшін сотталған адам кешірім жасау кезінде жазаны одан әрі өтеуден босатылуы мүмкін не оған тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін не мұндай адам жазаның қосымша түрінен босатылуы мүмкін. Жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған адамдардан кешірім жасау актісімен сотталғандығы алып тасталуы мүмкін.

17 Тақырып: Қылмыстық жазадан босату

Мақсаты: жазадан босату түрлерін түсіндіру

Жоспар:

1. Қылмыстық жазадан босатудың түсінігі
2. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату
3. Жазанның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту
4. Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату
5. Айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату

6. Сотталғандықтан арылу және жою

1. Қылмыстық жазадан босатудың түсінігі. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық жазадан босату институты, белгілі бір санаттағы қылмыс жасаған адамға тиімді бола отырып мемлекет атынан болатын әлеуметтік сипаттағы қатынастарды реттеуге бағытталған. Қылмыстық жазадан, рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде босатуды қоспағанда, қылмыстық жазадан заңда көрсетілген негіздер мен тәртіптерге сай босату, сонымен қатар тағайындалған жазаның жеңілірек болуы тек қана соттың құзыретімен жүзеге асады деп айтуға болады.

2. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату.

Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату өзінің мазмұнына қарай, жазаны өтеу сатысындағы жазадан босатудың түрі болып табылады. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату деп сотталған адамды үлгілі мінез-құлқы және еңбекке, оқуға, адал көзқарасы негізінде үкім бойынша тағайындалған жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босата отырып, оған сынақ мерзімі ішінде жаңадан қылмыс жасамау шартын қоюды айтамыз.

Егер сот адамның түзелуі үшін тағайындалған жазаны толық өтеуі қажет етілмейді деп танитын болса, сот бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамды ҚК 72- бабының үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін.

Бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам ҚК 72- бабының үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін, қылмысымен келтірілген залалды толық өтеген және ол жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға жатады.

Адамдардың қаза табуына әкеп соқтырмаған және аса ауыр қылмыстың жасалуымен ұштаспаған террористік немесе экстремистік қылмысы үшін тағайындалған бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам, ҚК 72- бабының үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген мерзімдерді іс жүзінде өтегеннен кейін, егер ол террористік немесе экстремистік қылмыстарды болдырмауға, ашуға немесе тергеп-тексеруге, террористік немесе экстремистік топтардың қатысушыларын әшкерелеуге белсенді түрде жәрдемдескен болса, сот оны шартты түрде мерзімінен бұрын босатуы мүмкін.

Бұл ретте адам жазаның қосымша түрін өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.

Бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға жазасының қалған өтелмеген бөлігі ішінде сот Қылмыстық кодекстің 44-бабы екінші бөлігінің қағидалары бойынша пробациялық бақылауды белгілейді. Шартты түрде мерзімінен бұрын

босатуды қолдану кезінде адамға сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде көзделген міндеттер жүктеледі.

Жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылуы мүмкін қылмыстың ауырлығына қарай тиісті мерзімді өтегеннен кейін (ҚК 72- бабының төртінші бөлігі).

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату үшін, міндетті түрде сотталған адамның бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтеген мерзімі алты айдан кем болмауы керек.

Сот тағайындаған өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам, егер сот оның бұл жазаны одан әрі өтеуін қажет етпейді деп таныса және ол бас бостандығынан айырудың кемінде жиырма бес жылын іс жүзінде өтесе, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Егер сот тағайындаған өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаса, ол бас бостандығынан айырудың кемінде он бес жылын іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылған адам, егер жазаның қалған өтелмеген бөлігі ішінде:

1) екі және одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасап, олар үшін оған әкімшілік жаза қолданылса немесе шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану кезінде өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан дәлелсіз себеппен екі реттен артық жалтарса не бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан кейін таңдалған тұрғылықты жері бойынша тіркелу үшін бес жұмыс күні ішінде дәлелсіз себеппен келмесе, сот уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою және жазаның қалған өтелмеген бөлігін орындау туралы қаулы шығара алады;

2) қылмысты абайсызда жасаса, сол сияқты жүкті әйел, жас балалары бар әйел, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркек, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйел, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркек, бірінші немесе екінші топтағы мүгедек қылмыстық теріс қылық, қасақана онша ауыр емес қылмыс жасаған жағдайларда, жаңа қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою не оны күшінде қалдыру туралы мәселені сот шешеді. Егер сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жойса, жаза үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша тағайындалады;

3) қылмысты қасақана жасаса, осы бөліктің 2) тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сот оған үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша жаза тағайындайды.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босату өлім жазасы түріндегі жаза кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамға,

адамдардың қаза табуына әкеп соққан не аса ауыр қылмыс жасаумен ұштасқан террористік немесе экстремистік қылмыс үшін сотталған адамға, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс үшін сотталған адамға қолданылмайды.

3. Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту. Мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға карағанда, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруды сот онша ауыр емес, ауырлығы орташа немесе ауыр қылмыс үшін бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамға, ол қылмыспен келтірілген залалды толық өтеген не жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзбаған жағдайда, сот жазаның қалған өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруы мүмкін. Басқа қылмыс санаттарына жататын қылмыстар үшін мұндай жеңілдіктер қолданылмайды. Бұл ретте адам, өмір бойына тағайындалған жазаларды қоспағанда, жазаның қосымша түрін өтеуден толық немесе ішінара босатылуы мүмкін.

Жазаның өтелмеген бөлігі, сотталған адам онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін, ауыр қылмысы үшін немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден бұрын шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған және жазаның қалған өтелмеген бөлігі кезеңінде жаңа қылмыстар жасаған адам жаза мерзімінің үштен бірін іс жүзінде өтегеннен кейін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін.

Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру адамдардың қаза табуына әкеп соққан не аса ауыр қылмыс жасаумен ұштасқан террористік немесе экстремистік қылмыс, сондай-ақ қылмыстық топтың құрамында жасалған қылмыс, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы жасалған қылмыс үшін сотталған адамдарға қатысты қолданылмайды.

Жазаның өтелмеген бөлігін ауыстыру кезінде сот бас бостандығынан айырудың төрт күніне бір айлық есептік көрсеткіш есебімен айыппұлды не бас бостандығынан айырудың бір күніне бас бостандығын шектеудің бір күні есебімен бас бостандығын шектеуді таңдауы мүмкін. Айыппұлға ауыстырудың шарты қылмыспен келтірілген залалды толық өтеу болып табылады.

Онша ауыр емес, ауырлығы орташа, ауыр қылмыстар немесе аса ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адамға, егер ол жазаны өтеу кезеңінде қылмыстық топ жасаған қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ықпал еткен не процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда, сот қалған өтелмеген жазасының жартысынан аспайтын бөлігін қысқарта алады.

4. Ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату. ҚК-тің 75-бабы бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін оны өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғыну не оған ие болу мүмкіндігінен айыратын психикасының бұзылуы пайда болған адамды сот

жазадан босатады, ал жазасын өтеп жатқан адамды сот оны одан әрі өтеуден босатады. Мұндай адамдарға сот осы Кодексте көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін. Өмір бойына бас бостандығынан айырудан басқа, жазаны өтеуге кедергі жасайтын өзге де ауыр науқастан зардап шегуші адамды сот жазаны өтеуден босатады немесе науқасының сипаты, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы, сотталған адамның жеке басы және басқа да мән-жайлар ескеріле отырып, жаза неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін.

ҚК-тің 75-бабының бірінші және екінші бөліктерінде аталған адамдар, олар сауыққан жағдайда, егер қылмыстық жауаптылыққа тартудың немесе айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтіп кетпесе, қылмыстық жауаптылыққа және жазалануға жатады.

5. Айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату. Қылмыстық құқық бұзушылық үшін сотталған адам, егер айыптау үкімі оның заңды күшіне енген күнінен бастап есептегенде:

- 1) қылмыстық теріс қылық үшін сотталғанда – бір жыл;
- 2) онша ауыр емес қылмыс үшін сотталғанда – үш жыл;
- 3) ауырлығы орташа қылмыс үшін сотталғанда – алты жыл;
- 4) ауыр қылмыс үшін сотталғанда – он жыл;
- 5) аса ауыр қылмыс үшін сотталғанда он бес жыл мерзімде орындалмаған

болса, жазаны өтеуден босатылады.

Қылмыстық теріс қылықтар бойынша ескіру мерзімінің өтуі, жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына қарамастан, тоқтатыла тұрмайды және үзілмейді.

Егер сотталған адам жазаны өтеуден жалтарса, қылмыстар бойынша ескіру мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады. Бұл жағдайда ескіру мерзімінің өтуі адам ұсталған немесе айыбын мойындап келген кезден басталады. Сотталған адамның жазаны өтеуден жалтаруы кезіне қарай өтіп кеткен ескіру мерзімі есепке алынуға жатады. Бұл ретте айыптау үкімі, егер оның шығарылған уақытынан бастап жиырма бес жыл өткен болса және ескіру мерзімі жаңа қылмыс жасау арқылы үзілмеген болса, орындала алмайды. Жазаны өтеу кейінге қалдырылған жағдайда, ескіру мерзімінің өтуі кейінге қалдыру мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Егер адам осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдер өткенге дейін жаңадан қасақана қылмыс жасаса, қылмыстар бойынша ескіру мерзімінің өтуі үзіледі. Мұндай жағдайларда ескіру мерзімін есептеу жаңа қылмыс жасалған күннен бастап қайта басталады.

Өлім жазасына немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамға ескіру мерзімін қолдану туралы мәселені сот шешеді. Егер сот ескіру мерзімін қолдану мүмкін болады деп таппаса, өлім жазасы өмір бойына бас бостандығынан айыруға ауыстырылады, ал өмір бойына бас бостандығынан айыру жиырма бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылады. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар, сыбайлас жемқорлық

қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, азаптаулар, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар, сондай-ақ жеке адамға, мемлекеттің конституциялық құрылысы негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы, экономикалық қызмет саласында аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін сотталған адамдарға ескіру мерзімдері қолданылмайды.

6. Сотталғандықтан арылу және жою (79-бап.). Қылмыс жасағаны үшін сотталған адам соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген күннен бастап сотталғандығы өтелген немесе алып тасталған кезге дейін сотталған болып есептеледі. Сотталғандық Қылмыстық кодекске сәйкес қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы айқындалған кезде және жаза тағайындау кезінде ескеріледі. Жазадан босатылған, сондай-ақ қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған адам сотталғандығы жоқ деп танылады.

Сотталғандық :

1) шартты түрде сотталған адамдарға қатысты – пробациялық бақылау мерзімі өткен соң; 2) бас бостандығынан айыруға қарағанда жазаның неғұрлым жеңіл түрлеріне сотталған адамдарға қатысты – жазаны іс жүзінде өтеген соң;

3) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейін үш жыл өткен соң;

4) ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейін алты жыл өткен соң;

5) аса ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты жазаны өтегеннен кейін сегіз жыл өткен соң жойылады.

Егер сотталған адам Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жазасын өтеуден мерзімінен бұрын босатылса немесе жазаның өтелмеген бөлігі жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылса, онда сотталғандықты жою мерзімі жазаның іс жүзінде өтелген мерзімі негізге алына отырып, негізгі және қосымша жаза түрлерін өтеуден босатылған кезден бастап есептеледі.

Егер соттың үкімі бойынша адамға негізгі жазамен қатар қосымша жаза тағайындалса, онда сотталғандықты жою мерзімі негізгі және қосымша жаза түрлерін өтеу кезінен бастап есептеледі.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру түрінде қосымша жаза тағайындалған жағдайларда, онда сотталғандықты жою мерзімі жазаның негізгі түрін өтеу кезінен бастап есептеледі.

Адам әртүрлі ауырлық дәрежесіне жататын қылмыстар үшін қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша сотталған кезде, сотталғандық әрбір қылмыс үшін жеке жойылады, бұл ретте жою мерзімдері қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы немесе үкімдердің жиынтығы бойынша жазаны өтеу кезінен бастап есептеледі.

Егер сотталған адам жазаны өтегеннен кейін өзін мінсіз ұстаса, онда сот оның өтінішхаты бойынша сотталғандықты жою мерзімі өткенге дейін одан сотталғандықты алып тастай алады.

Бұл норма ауыр немесе аса ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған, сондай-ақ қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындалған адамдарға қолданылмайды.

Егер сотталған адам сотталғандықты жою мерзімі өткенге дейін қайтадан қылмыс жасаса, сотталғандықты жою мерзімінің өтуі үзіледі. Бірінші қылмыс бойынша сотталғандықты жою мерзімі соңғы қылмыс үшін негізгі және қосымша жаза түрлерін іс жүзінде өтегеннен кейін қайтадан есептеледі. Бұл жағдайларда адам екі қылмыстың анағұрлым ауыры үшін сотталғандықты жою мерзімі өткенге дейін олар үшін сотталған деп есептеледі.

Сотталғандықты жою немесе алып тастау өмір бойына тағайындалған жазаның қосымша түрімен белгіленген шектеулерді қоспағанда, сотталғандыққа байланысты барлық құқықтық зардаптардың күшін жояды.

18 Тақырып: Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы

Мақсаты: кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының жалпы сипаттамасын, кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлерін түсіндіру

Жоспары:

- 1.Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының жалпы мәселелері
- 2.Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері
- 3.Кәмелетке толмағандарды жазадан босату және оларға тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану

1. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының жалпы мәселелері.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша қылмыстық жауаптылыққа, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта 16 жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға жатады. Ал кейбір жағдайларда қоғамға қауіптіліктің деңгейіне қарай, заңда көзделген қылмыстарды жасағандығы үшін кәмелетке толмағандар 14-жастан бастап қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

ҚК-тің 80-бабына сәйкес кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады.

2. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері. ҚК-тің 81-бабына сәйкес кәмелетке толмағандарға мынадай жаза түрлері тағайындалады:

- 1) белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- 2) айыппұл;
- 3) түзеу жұмыстары;
- 4) қоғамдық жұмыстарға тарту;
- 5) бас бостандығын шектеу;
- 6) бас бостандығынан айыру.

Кәмелетке толмаған адамға жаза тағайындау кезінде, Қылмыстық кодекстің 52-бабында көзделген мән-жайлардан басқа, оның өмірі мен тәрбиесінің жағдайлары, психикалық даму деңгейі, жеке басының өзге де ерекшеліктері, сондай-ақ оған жасы жағынан үлкен адамдардың ықпалы ескеріледі.

Кәмелетке толмаған жас жеңілдететін мән-жай ретінде басқа да жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлармен жиынтықта ескеріледі.

3. Кәмелетке толмағандарды жазадан босату және оларға тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану. Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес қылмыс жасаған не ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды, егер оны қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ түзеуге болады деп белгіленсе, сот қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін. Бұл ретте оған тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін бірінші рет сотталған кәмелетке толмаған адамды, егер оны түзеуге тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы қол жеткізуге болады деп танылса, сот жазадан босатуы мүмкін.

Қазаға ұшыратумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмаған адамды сот, Қылмыстық кодекстің 68-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда, қылмыстық жауаптылықтан босатуы мүмкін.

Мына көрсетілгендер тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары болып табылады:

- 1) ескерту;
- 2) ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;
- 3) келтірілген зиянды қалпына келтіру міндетін жүктеу;
- 4) бос уақытын шектеу және кәмелетке толмаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу;
- 5) ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына орналастыру;
- 6) жәбірленушіден кешірім сұрау міндеттемесін жүктеу;
- 7) пробациялық бақылау белгілеу.

2. Кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар бірнеше мәжбүрлеу шарасы бір мезгілде тағайындалуы мүмкін.

Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдары оқу-тәрбие немесе емдеу-тәрбие мекемелері болып табылады және кәмелетке толмағандарды тәрбиелеудің, оқытудың және әлеуметтік оңалтудың ерекше жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына тәрбиелеудің, оқытудың ерекше жағдайларын қажет ететін және арнаулы педагогикалық тәсілді талап ететін он бір жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мынадай жағдайларда, егер олар:

1) өздеріне қатысты қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толмағанына байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулы шығарылғаннан кейін қоғамға қауіпті іс-әрекетті қайтадан жасаса;

2) орташа ауыр немесе ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталса және сот Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 83-бабында көзделген тәртіппен қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатса, орналастырылады.

Қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толмаған кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберудің орындылығы туралы шешімді ішкі істер органының ұсынысы бойынша сот қабылдайды.

Кәмелетке толмаған адамды ерекше режимде ұстайтын ұйымдарға жіберу туралы ұсынуды ішкі істер органдары көрсетілген кәмелетке толмаған адамға қатысты қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарылған күннен бастап отыз тәулік ішінде сотқа жібереді.

Ерекше жағдайларда бұл мерзім ішкі істер органы бастығының немесе прокурордың қаулысы негізінде отыз тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін.

Кәмелетке толмаған бала ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына алты айдан екі жылға дейінгі мерзімге жіберілуі мүмкін.

Кәмелетке толмаған баланың ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымында болуы адамның кәмелетке толуына байланысты, сондай-ақ егер ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымы әкімшілігінің ұсынысы негізінде сот кәмелетке толмаған бала өзінің түзелуі үшін осы шараны қолдануды бұдан былай қажет етпейді деген қорытындыға келген болса, мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Кәмелетке толмаған баланы ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу туралы мәселені қарау кезінде прокурордың қатысуы міндетті.

Кәмелетке толмаған баланы ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына орналастыру үшін қажетті құжаттарды жинауды ішкі істер органдары қамтамасыз етеді.

Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарының әкімшілігі:

1) ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымының аумағын күзетуді, тәрбиеленушілердің жеке қауіпсіздігін және олардың теріс әсерден барынша қорғалуын, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымының аумағына бөгде адамдардың еркін кіруін және одан тәрбиеленушілердің өз еркімен кетіп

қалуын шектеуді, кәмелетке толмағандарды тәулік бойы, оның ішінде ұйқыға бөлінген уақытта байқау мен бақылауды, кәмелетке толмағандардың өздерін, олардың заттары мен ұйықтайтын үй-жайларын тексеріп қарауды қамтитын кәмелетке толмағандарды ұстаудың арнаулы жағдайларын қамтамасыз етеді;

2) ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымының орналасқан жері бойынша және кәмелетке толмағандардың тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына олардың өз еркімен кетіп қалу фактілері туралы хабарлайды және оларды іздестіру мен қайтаруға тікелей қатысады;

3) кәмелетке толмаған баланы ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымынан онда болу мерзімі аяқталғанға дейін бір айдан кешіктірмей шығару туралы хабарламаны, сондай-ақ кәмелетке толмаған балаға мінездемені және онымен жеке профилактикалық жұмысты одан әрі жүргізудің, оның жұмысқа орналасуына және тұрмыстық жағдайын жасауға көмек көрсетудің қажеттілігі туралы ұсынысты кәмелетке толмаған баланың тұрғылықты жері бойынша кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға жібереді.

Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына өздерін көрсетілген ұйымдарда ұстауға және оқытуға кедергі болатын аурулары бар кәмелетке толмағандарды орналастыруға болмайды. Мұндай аурулардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарын құру, олардың қызметін ұйымдастыру тәртібі және оларда кәмелетке толмағандарды ұстаудың шарттары Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекіткен осы ұйымдар туралы ережемен айқындалады.

Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімді жергілікті атқарушы органдар қабылдайды.

Тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шараларының мазмұны және оларды қолдану мерзімдері ҚК 85-бабында нақты белгіленген. Сонымен қатар кәмелетке толмаған адам тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шарасын бір жыл ішінде екі және одан да көп рет қасақана орындамаған жағдайда, егер қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі өтіп кетпесе, мамандандырылған мемлекеттік органның ұсынуы бойынша сот бұл шараның күшін жояды және материалдар кәмелетке толмаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін жіберіледі.

19 Тақырып: Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары

Мақсаты: Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын түсіндіру, олардың түрлерін ұғындыру.

Жоспар:

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түсінігі және оларды қолдану негіздері мен мақсаттары

2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері

3. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту және тоқтат.

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түсінігі және оларды қолдану негіздері мен мақсаттары. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын орындау тәртібі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде және денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында айқындалады.

ҚК-тің 91-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген және өзінің психикалық жай-күйі бойынша қауіп төндірмейтін адамдарға қатысты сот осы адамдарды емдеу немесе оларды психоневрологиялық ұйымдарға жіберу туралы мәселені Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешу үшін денсаулық сақтау органдарына қажетті материалдар жібере алады.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын сот ҚК-тің 91-бабының бірінші бөлігіне сәйкес:

1) есі дұрыс емес жағдайда Қылмыстық кодекстің Ерекше бөліміндегі баптарда көзделген әрекеттерді жасаған;

2) қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін психикасы жаза тағайындау немесе оны орындау мүмкін болмайтындай бұзылған;

3) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған және есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасының бұзылуынан зардап шегетін;

4) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған және алкогольмен, нашақорлықтан немесе уытқұмарлықтан емдеуге мұқтаж деп танылған адамдарға тағайындауы мүмкін.

ҚК-тің 92-бабында медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың 3 түрлі мақсаты аталған:

1) ҚК-тің 91-бабының бірінші бөлігінде аталған тұлғаларды емдеп шығару;

2) олардың психикалық жай-күйін жақсарту;

3) олардың ҚК-тің Ерекше бөлімінің баптарымен жауаптылық көздейтін жаңа әрекеттер жасауының алдын алу.

Соттардың назары есі кіресілі-шығасылы күйінде қоғамға аса қауіпті әрекет жасаған адамдарға немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін психикасы бұзылған адамдарға немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасап, психиатриялық жәрдем қажет ететін немесе маскүнемдіктен, нашақорлықтан немесе уытқұмарлықтан емделуді қажет ететін адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын дұрыс қолдану олардың емделіп кетуіне немесе денсаулықтарының жақсаруына әсер ететініне, сондай-ақ осындай адамдардың қылмыстық заң бойынша жауапкершілік көздейтін әрекеттерді қайта жасауының алдын алуға ықпал ететініне аударылған.

Соттар адамның өзінің әрекеттерінің нақты сипатын және қоғамдық қауіптілігін түсінуге және оларды басқаруға кедергі жасайтын психикалық

сырқаты өздігінен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін негіз бола алмайтынын ескереді. Осыған байланысты әр іс бойынша қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекеттердің жасалуы дәлелденгенін, оны жасаған кезде адамның есі кіресілі-шығасылы күйде болғанын тексеру қажет. Сонымен бірге, адамның психикалық сырқатына байланысты өзі үшін немесе басқа адамдар үшін қауіптілігін немесе басқа да елеулі зиян келтіруі мүмкіндігін растайтын нақты фактілер анықталуы тиіс.

Адамның психикалық сырқатының сипаты және ауырлығы оның осыған байланысты өзіне және басқа адамдарға қатысты зорлықшыл әрекеттер, өзге де қоғамға қауіпті әрекеттер (мүлікті ұрлау, өртеу, жою немесе басқа тәсілдермен бұзу және т.б.) жасауға бейімділігі, сондай-ақ қоғамға қауіпті ниетін жүзеге асыру мүмкіндігіне баға беретін аурудың күй-жағдайы - оның өзі үшін немесе басқа адамдар үшін қауіптілігін дәлелдейді.

ҚПК-тің тиісті бабының талаптарына сәйкес әр қылмыстық іс бойынша, егер қылмыстық іс қозғалған немесе қылмыстық ізге түсу жүргізілген адамға қатысты психикалық жай-күйіне күмән келтіретін мән-жайлар анықталса, міндетті түрде сот-психиатриялық сараптама тағайындалуы қажет. Бұндай жағдайларға, атап айтқанда, сезіктінің, айыпталушының отбасында психикалық аурумен ауыратын туысқандарының болуы туралы, оның ақыл-ойы жетіспейтіндер үшін арналған мекемеде оқуы туралы, бұрын зақым алғаны туралы, психиатриялық емханаларда тіркелуі немесе емделуі туралы, бұрын психикалық сырқатына байланысты қылмыстық жауапкершіліктен немесе жазадан босатылуы туралы және т.б. мәліметтер жатады.

Сот-психиатриялық сараптаманы тағайындау туралы қаулыда сараптамашылардың шешуіне адамның бұрын психикалық сырқатының болғанын, қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған кезде психикалық сырқатының дәрежесі мен сипатын анықтайтын, адамның қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған кезде есінің кіресілі-шығасылы болғанын, сезіктінің, айыпталушының қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында немесе сот үкімі бойынша қылмыстық жазаны өтеген кездегі психикалық мінез-құлқын белгілейтін мәселелерді қойған жөн. Сараптамашылардың алдына адамның анықталған ауруына байланысты оның өзі үшін және басқа адамдар үшін қауіпті болуы туралы, басқа да маңызды зиян келтіруі мүмкіндігі туралы, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын және оның қай түрін қолдануды талап ететіні туралы, сондай-ақ психикалық сырқатының сипаты мен ауырлық дәрежесін ескере отырып, оның түсініктер беруге, өтініштер мәлімдеуге, дәлелдемелер келтіруге және ҚПК-нің 515-бабының 1-бөлігінде көрсетілген басқада әрекеттерді жасауға мүмкіндігі туралы мәселелерді қояды.

Қылмыстық істе адамның ішімдік, есірткі, психотроптық немесе өзге де есеңгірететін заттарды жүйелі түрде қолдануы туралы мәліметтер болған жағдайда қылмыстық процесті жүргізуші органдар осындай адамдарға куәландыру туралы қаулы шығарып, іске осы адам маскүнемдіктен, нашакорлықтан немесе уытқұмарлықтан мәжбүрлеу түрде емдеуді қажет

ететіні және оған қарсылық жоқ екені туралы медициналық комиссияның қорытындысы қоса тіркеуге тиіс.

Бір әрекетке қатысты адамның есі кіресілі-шығасылы екендігін тану басқа әрекетке қатысты есінің дұрыс болуы мүмкіндігін жоққа шығармайтыны түсіндірілсін. Осыған орай, бұрын есі кіресілі-шығасылы болып танылған және қылмыстық жауапкершіліктен босатылған адам қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекет жасаған жағдайда, жаңадан жасаған әрекетінің әр эпизодына қатысты оның есінің дұрыс екенін немесе кіресілі-шығасылы болғанын анықтау мақсатында сот-психиатриялық сараптама тағайындалуы және өткізілуі тиіс. Қажет болған жағдайда стационарлық сот-психиатриялық сараптама, сондай-ақ психолого-психиатриялық сараптама өткізуді тағайындайды.

2. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері. ҚК-тің 93-бабының бірінші бөлігінде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының түрлері көрсетілген. Олар:

- а) амбулаториалық мәжбүрлеп қадағалау және психиатрда емдеу;
- б) жалпы үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу;
- в) мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу;
- г) интенсивті байқайтын мамандандырылған үлгідегі психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеу түрлері.

Есі дұрыс күйінде жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін сотталған, бірақ алкоголизмнен, нашақорлықтан немесе уытқұмарлықтан емдеуді не есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасының бұзылуынан емдеуді қажет ететін адамдарға сот жазамен бірге амбулаториялық мәжбүрлеп байқау және психиатрда емдеу түрінде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындауы мүмкін

3. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту және тоқтату. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзарту, өзгерту және тоқтату жөнінде ҚК-тің 96-бабында көрсетілген. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын ұзартуды, өзгертуді және тоқтатуды психиатр-дәрігерлер комиссиясының қорытындысы негізінде мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын мекеме әкімшілігінің ұсынуы бойынша сот жүзеге асырады.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы тағайындалған адам сотқа осындай шараны тоқтату туралы немесе өзгерту туралы ұсыныс енгізу үшін негіздердің бар екені жөніндегі мәселені шешу үшін кемінде алты айда бір рет психиатр-дәрігерлер комиссиясында куәландырылып отыруға жатады. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдануды тоқтату немесе өзгерту үшін негіздер болмаған кезде мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыратын мекеменің әкімшілігі мәжбүрлеп емдеуді ұзарту үшін сотқа қорытынды береді. Мәжбүрлеп емдеуді бірінші ұзарту емдеу басталған кезден бастап алты ай өткеннен кейін жүргізілуі мүмкін, мәжбүрлеп емдеуді одан кейін ұзарту жыл сайын жүргізіледі.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын өзгертуді немесе тоқтатуды адамның психикалық жай-күйі өзгеріп, бұрын тағайындалған шараны қолдануда қажеттілік болмай қалған не медициналық сипаттағы өзге мәжбүрлеу шарасын тағайындауда қажеттілік туындаған кезде сот жүзеге асырады.

Психиатриялық стационарда мәжбүрлеп емдеуді қолдану тоқтатылған жағдайда, сот мәжбүрлеп емдеуде болған адамға қатысты қажетті материалдарды оны емдеу немесе психоневрологиялық ұйымға жіберу туралы мәселені Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешу үшін денсаулық сақтау органдарына беруі мүмкін.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995ж. /adilet.zan.kz/kaz/
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ/<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
- 3 Ағыбаев, А. Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме: жалпы және ерекше бөлімдер / А. Н. Ағыбаев. - Алматы : Жеті жарғы, 2010. - 807 б.
- 4 Қажетті қорғану туралы заңнаманы қолдану туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 2 нормативтік қаулысы (2017ж.31.03. Берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
- 5 Сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 20 мамырдағы N 368 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 23 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6305 болып енгізілді
- 6 Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 1998 жылғы 14 мамыр N 1(Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 3 нормативтік қаулысымен өзгерістер енгізілді)/adilet.zan.kz/kaz/docs/
- 7 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың қылмысқа қатыстылық пен қылмыстық құқық бұзушылыққа дем берушілік үшін жауаптылық туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» №14 нормативтік қаулысы 2016 жылғы 22желтоқсан
- 8 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» № 15 нормативтік қаулысы 2016 жылғы 22 желтоқсан
- 9 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» № 4 нормативтік қаулысы 2015 жылғы «25» маусым
- 10 «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV Кодексі (2015.06.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
- 11 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексі (2016.06.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)/ https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34838929
- 12 Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2000 ж. 25 желтоқсандағы № 132-II Конституциялық Заңы (2015.04.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)/online.zakon.kz/Document/

13 Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы.

14 Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі N 8 Нормативтік қаулысы (2015.04.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)